The article concludes that Nurlan Maukenuly elevated national poetry to a new level, not only thematically but also artistically and figuratively. Through his skillful modernization of the zhyrau tradition, he vividly describes the contemporary world, revealing the richness of the Kazakh poetic language, rhythmic techniques, visual imagery, and overall aesthetic qualities.

The research findings provide new data regarding Nurlan Maukenuly's poetic essence and creative work, while also deepening theoretical knowledge concerning artistic explorations, issues of tradition and innovation, and stylization in contemporary Kazakh poetry.

Keywords: zhyrau traditions, zhyrau poetry, prosody, image system, poetics, style.

Б.Б. Келгембаева¹, А.М. Картаева²

¹*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова
(Казахстан, г. Усть-Каменогорск), e-mail: baha_fil@mail.ru*

²*доктор филологических наук, профессор
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова
(Казахстан, г. Усть-Каменогорск), e-mail: kartaeva2011@mail.ru*

Традиция жырау в лирике Нурлана Маукенулы

Аннотация. В статье рассматривается поэзия талантливого поэта, ярчайшего представителя поэзии 1980-90-х годов Нурлана Маукенулы. Авторы анализируют живую связь поэтического мышления поэта с мировоззрением жырау и поэтической традицией XV–XVIII веков. На материале лирики поэта, исследователи оценивают плодотворное воздействие традиции жырау на идейно-художественную особенность современной поэзии. Авторы выявляют глубокие корни философско-идейной взаимосвязи и общих

художественных подходов лирики Нурлана Маукенулы с поэзией жырау; сравнивают систему образов и языковую палитру, характерные для лирики художника, с наследием жырау; демонстрируют художественное мастерство поэта в использовании стихотворного ритма и рифмы традиционной поэзии. Исследователи делают попытку истолковать предпосылки и причины обращения поэта к истокам национального поэтического творчества; оценить самобытное выражение личности и гражданской позиции поэта и его художественно-идейный успех в размышлениях о прошлом, современной жизни и о будущем нации. В заключении говорится о вкладе Нурлана Маукенулы в углублении мастерства, в развитии художественно-изобразительных средств современной поэзии; оценивается вклад поэта в возрождение традиции жырау, и его мастерское использование для изображения современных реалий общества, обогащения литературного языка и развитие эстетического качества казахской лирики. Результаты исследования предоставляют новое видение о поэтической природе и творчестве Нурлана Маукенулы, а также углубляют теоретические знания о художественных поисках, проблемах традиции и новаторства, а также стилизации в современной казахской поэзии.

Ключевые слова: традиции жырау, поэзия жырау, стихосложение, система образов, поэтика, стиль.

Кіріспе

Жыраулық дәстүрдің қазіргі ақындар шығармашылығындағы көріністері – зерттеушілер үшін қызықты әрі күрделі тақырыптың бірі. Бұл бағыттағы ізденістер халықтың поэтикалық ойлау жүйесін һәм қазіргі сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық табыстарын танытпақ. XV-XVIII ғасырлардағы жәдігерлер мен қазіргі ақындардың дәстүрлі сабақтастығын тың деректер негізінде әр қырынан талдау ұлттық поэзиядағы көркемдік жетістіктерді бағамдауға, мәдени-эстетикалық зердемізді жаңғыртуға, сол арқылы халықтың рухын оятуға қол жеткізеді.

Өзіміз зерттеу нысанасына алған Нұрлан Мәукенұлы (Берғазиев) – 1980-90 жылдардағы поэзияның көрнекті өкілі. Қазақ жырының көркемдік деңгейі мен мәдениетінің өсуіне үлес қосқан ерекше дарын иесі. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Ақын «Аудитория», «Қарлығаш» жас қаламгерлердің жыр топтамалары мен «Бойтұмар» (1995), «Хұснихат» (2000), «Жоғалды күн. Жоғалды ай. Жоғалды жыл» (2004), «Сұңқарбұлақ» (2008), «Мойыл көзді келіншек» (2011) жинақтарында жарияланған өлеңдерімен оқырман көзайымына айналды. Оның жырлары әдеби сында да жоғары бағаланып, ақын бірнеше мүшәйралардың, Алматыда өткен Түрік дүниесі поэзиясы фестивалінің жүлдегері атанған. Ол небәрі 43 жас ғұмырында дегдар өнерге өзіндік үнін қосып, қазақ поэзиясында өшпес із қалдырып кетті.

Біз осы мақалада Нұрлан Мәукенұлының 2011 жылы шыққан «Мойыл көзді келіншек» жинағына енген (жалпы саны — 322 өлеңді құрайды) азаматтық лирикасын талдай келе, ақынның поэтикалық ойлау даралығын, сондай-ақ, жыраулық дәстүрдің қазіргі поэзияның идеялық-көркемдік сапасын арттырудағы әсер-ықпалын сөз етуді мақсат тұттық. Нақты айтқанда, ақын лирикасындағы жыраулық сарын қазақ өлеңінің идеялық-мазмұндық сипатын, тіл байлығын, ырғақ-мәнерін, ақиқат болмыс пен лирикалық кейіпкердің сезім құбылыстарын бейнелеу құралдарын, жалпы эстетикалық сапа-қасиеттерін қалай өрістеткенін талдауға тырыстық. Осы мақсатымызға орай ақын поэзиясының жыраулық поэзиямен тақырыптық-идеялық үндестігін анықтау; образдар жүйесі мен тіл кестесін салыстыра зерттеу; дәстүрлі өлең өрімі мен ырғақтық үлгісін пайдалану шеберлігін, жаңашылдығын танытуды міндет еттік.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланы жазу барысында әдеби-лингвистикалық талдау, тарихи-салыстырмалы, ішінара статистикалық зерттеу әдістерін қолдандық. Біз таңдаған әдістер Нұрлан ақынның аталған жинақта жарияланған өлеңдерінің жалпы саны мен 7-8 буынды жыр үлгісіндегі өлеңдерінің санын анықтауға; жыраулық поэзия лексикасын пайдалану сипаты мен азаматтық лирикасының идеялық бағдарларын бағамдауға; ақынның жыраулардың тіл кестесі мен образдар жүйесін жаңғыртудағы шеберлігін бағалауға, өлеңдерінің ырғақ-мәнері бейнелеу құралдарындағы жыраулық дәстүрдің ықпалын ұлттық мәдени-эстетикалық зердеміздегі типологиялық құбылыс ретінде салыстыра қарауға мүмкіндік береді.

Жыраулық поэзияның дара табиғаты, ұлттық сөз өнеріндегі орны туралы ғылыми зерттеулердің кешегісі мен бүгінгісін шола қарасақ, арнасы кең ізденістер мен іргелі жетістіктердің куәсі боламыз. Жыраулар әдебиетін зерттеу ісі Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы еңбектерінен бастау алғаны белгілі. Одан кейінгі уақытта Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұбанов, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, А. Қыраубаева, М. Мағауин, С. Негимов және басқа да ғалымдар жыраулық поэзияның көркемдік-эстетикалық, тарихи мәні, бейнелілігі мен тіл кестесін зерттеді. Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Н. Смирнова, З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісалин еңбектерінде жырау туындыларының ақындық поэзиядан негізгі ерекшеліктері сөз болды. Профессор Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Қ. Сыдиқов, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев, Е. Тұрсынов, С. Дәуітов зерттеулері олардың жыр-мұрасының көркемдік қыры мен сырын, дәстүрлілік аясын қарастырды.

Біз мақалада көздеген мақсат-міндеттерге жету үшін жыраулық поэзияның тарихи мәні, философиялық-эстетикалық сипаты, қазақ әдебиетіндегі орны жайлы теориялық еңбектердегі ғылыми тұжырымдарды сараптадық; Нұрлан Мәукенұлының өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми мақалалар мен сыни еңбектерге шолу жасадық; Ақынның өлең кітаптары мен «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» жинақтарындағы жыраулар мұрасына салыстыра талдау жасадық.

Талдау мен нәтижелер

Жыраулық поэзия – ұлттық мәдениетіміздің бірегей құбылысы. Оның табиғаты жайлы профессор С. Негимов: «Жыраулар мен жыршы ақындар поэзиясы – сан қырлы, алуан сипаттарымен, атап айтқанда, көркемдік-пәлсапалық, мифологиялық, символикалық, этикалық, тарихилық, деректілік, этнографиялық, логикалық (жұмбақтау), ассоциациялық қырларымен ерекшеленеді», - дейді [1, 4-б.]. Бұл көне мәдени жәдігердің сан түрлі сипаты кейінгі дәуірлерде сөз өнеріне сіңісіп, мәдени-эстетикалық зердемізде мың құбылып, әр дәуірде, әр қаламгердің дара қолтаңбасы арқылы жаңаша көрініс тауып отырды. Оның айқын дәлелдемелерін әрбір дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармашылығынан молынан ұшыратамыз.

Жыраулық поэзия туралы зерттеулерді тізбелеу мақаланың мақсатына жатпайтындықтан, әңгіме ауанын Нұрлан Мәукенұлы поэзиясының зерттелуіне қарай бұрайық. Қаламгер шығармашылығы хақында жазылған жекелеген мақалалар, рецензиялар қатары біршама. Ақын жырларын аталмыш дәуірдің ақындарының арасында қарастырған магистрлік диссертациялар да бар. Сыршыл суреткердің дара қолтаңбасы мен көркемдік әлемін түсінуде Б. Кәрібаева, Ж. Әскербекқызы сынды әдебиеттанушылар мен Т. Молдағалиев, Ғ. Жайлыбай тәрізді қаламдастарының пікірлері құнды. Мәселен, Б. Кәрібаева Нұрланды «тіл киесінен туған ақын» деп атайды. Ғалым ақынның қазақ поэзиясындағы өзіндік орны, көркемдік танымымыз бен төл тіліміздің ажар-көркін сақтап қалудағы еңбегіне: *«Қары талып, қолы ата сөздің жалында қарысқан кешегі – бүгінгі кішкене Нұрланды (Мәукенұлы) Тіл киесінен туды демей не дейсің?! Сол рухани ананың ақ сүтін адал емген ел перзенті еді ол. Сондықтан тек тұлғалы Тілге қызмет етті. Әсіресе,*

күн санап шығармашылық әлемді тұмшалаған тұман қоюланған сайын бұл тәрізді дәстүрден туған өрлеу кезең өкілдері Тіліміздің болашаққа соғылған аспалы алтын көпірлері іспетті», - деген жоғары баға берді [2, 1-б.]. Ақибық ақын Тұманбай Молдағалиев: «Нұрлан Мәукенұлы менің ұғымымда үлкен ұлттық ақын. Терең ой, тегеурінді сезім Нұрланның өлеңдерін ерекшелендіретін еді», - деп суреткердің төл сөз өнерінен алар орнын анықтап береді [3, 3- б.].

Нұрлан Мәукенұлының «Мойыл көзді келіншек» (2011 ж.) жыр жинағына жазған алғысөзінде филология ғылымдарының докторы Жанат Аймұхамбетова: «Нұрланның лирикалық өлеңдері жыраулар толғауы түрінде төгілуі ерекше. Жыраулар толғауындағы күрескер романтикалық рухты нәзік лиризммен сырышыл сезімнің ауыстыруы – Нұрланның дәстүрді жаңашылдықпен жалғауы дер едік», - деп ақын жырларының жыраулық дәстүрді жаңаша түрлеудегі жетістігіне ден қояды [4, 5-б.]. Ал белгілі сыншы, әдебиет қайраткері Темірхан Медетбеков: «Нұрлан Мәукенұлы әдебиетке үзеңгі қағыстырып қатар келген өз тұстастарының ішінде ерте көзге түсіп, ерте танылған ақындардың бірі болатын. Келгенде де еліктеу-солықтаудан мүлде ада, өз бедері, өз ою-өрнегімен, образдар жүйесімен, ешкімге ұқсамайтын ырғақ-мәнерімен, әр-бояуымен келген еді», - деп жазады [5, 472-б.].

Т. Медетбек, Ғ. Жайлыбай, С. Ержанова, Ж. Базар, Ә. Салықбай, т.б. қаламгерлер мен сыншылардың мерзімді баспасөздегі мақалалары ақын лирикасына тән фольклорлық нақыш, ұлттық мінез, көркемдік ерекшеліктерді әр қырынан сөз етеді. Мәселен, жазушы Ә. Салықбай «Қырқатыны несі екен өрімдейді?..» немесе 43 жасында дүниеден озған Нұрлан Мәукенұлы туралы сыр» атты мақаласында ақынның «Бойтұмар» жинағындағы өлеңдері жайлы: «*«Күлдір-күлдір кісінетінтегі» Ақтамбердінің арманын есіңе салады ма, қалай?! Тек Ақтамберді бабам көшпелі қазақтың жорық жырауының арман-аңсарын жырласа, Нұрлан досымыз бүгінгі қазақ ақынының қиялы мен көшпелі қазақтың арман-мұңын астастырып жібергендей... Ақын бірде Шалкиізбен сырласса, енді бірде Махамбетпен мұңдасады,*» - деген пікір білдіреді [6, 2-б.]. Журналист Жолдыбай Базар болса: «*Нұрлан Мәукенұлының таң асырылған тұлпардай жарап, жұлқынып, жұтынып тұрған жырларының қай-қайсысын алып қарасаңыз да өзінің иіріміне тарта жөнеледі. Ақынның ой маздаған, кеудені нәзік те бұйығы сырымен толқытар, қоңыр мұңымен қай-қайдағыңды қозғар өлеңдерінен ежелгі түркілік сарынды, кешегі жырауларша сөз саптауды анық байқайсыз,*» - дейді [7, 1-б.]. Сөз орайы келгенде, мақала авторының қаламгер шығармашылығындағы ұлт тағдыры, ұлттық идеяның көріністерін талқылаған бірнеше мақаласы ғылыми журналдарда жарық көргенін айта кетейік. Дегенмен, біз келтірген мақалаларда ақын болмысының жырауларға жақындығы, солардың текті жырларын қайта жаңғыртудағы көркемдік ізденістері, шеберлігі тек жалпылама атап өтіледі. Оның ақындық табиғатын танытатын жыраулық рух, ырғақ-мәнер, поэтикалық тіл, ұлттық танымнан туған образдар, олардың авторлық интерпретациясы әлі де тиянақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан біз осы мақалада ақын поэзиясындағы жыраулық дәстүрдің ақынның поэтикалық тілін байыту, көркемдік-мәнерлілік, әуезділік сипаттарын арттыру мен бүгінгі күннің өзекті мәселелерін, лирикалық қаһарманның жан сарайындағы құбылыстарды суреттеуде пайдалану жолдарын талдаймыз.

Нұрлан ақын поэзия әлеміне Кеңес Одағының күйреп, егемендіктің ақ таңы атар тұста келді. Ол жылдары қазақ қоғамы жалған ұрандардан арылып, рухани ояну дәуірін бастан кешті. Ұлттың азаттықты аңсаған асқақ рухы мен алып күші туғызған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін ақын көзімен көрді. Жүрегі шерлі халқының қасіретін жанымен ұқты. Романтизмге бой ұрды. Өткен күннің рухани дәстүрлеріне көз тікті. Ақын жырларындағы романтизм, бабаларымыздың ерлік салтын, жауынгер рухы мен жыраулардың елшілдік санасын қайта тірілту ниеті осындай себептерден туды. Осы тұста сөз өнерінің алдына ұлттық сананы серпілту, ұлттық рухты ояту міндеттері қойылды. Ақын жырауларша ұлттық,

елдік мұраттарды төгілте жырлау, болашақты данагөйлікпен болжау, кейінгіге өсиет айтуды көкседі. Елінің кешегісі мен бүгінгі жайлы философиялық толғаныстарын жазуды мұрат тұтты.

Нұрлан Мәукенұлы – дала даналығын, жыраулардың текті жырларын ана сүтіндей бойына сіңірген бекзат ақын. Ұлттың ескідегі өмір салтына, тұрмыс-тіршілігіне, тарихына жетік интеллект иесі. Ана тілінің ең байырғы қабаттарында сақталған ұшан-теңіз байлығы, дегдар поэзиясын тұла бойына шектеусіз дарытқан бірегей талант.

Шабытты шақтарында жырауларша кесек толғайтын қайсар ақынның жаны – тағы бірде гүлдей нәзік, мақтадай ұлпа. Нұрланның нәзіктік пен асаулық, мейірімділік пен қайтпас қажырлылық қатар сіңген ақындық мінезі:

Жаны да нәзік мен едім,

Қаны да бұзық мен едім.

Елжірегенімде ерідім,

Қатайғанымда қарайдым.

Желден де жұмсақ мен едім,

Жерден де қатты мен едім,

Жыласаң, жылар сел едім,

Құласаң, қара жер едім [8, 210-б.] –

деген жолдарында менмұндалап тұр. Танымы терең, талғамы биік ақынның өзіндік болмысы Махамбеттің «Мен, мен едім, мен едім» сарынындағы өлең жолдарынан анық танылғандай. Осы орайда, профессор Серік Негимовтің: «Ақынның жан сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия тіліне айнымай көшеді», - деген тұжырымы ойға оралады [9, 1-б.].

Жыраулардың қиялындағы қырағылық, зердесіндегі зеректік, санасындағы саңлақтық суреткерді еріксіз өзіне тартқан сыңайлы. Сондықтан да ол:

Жырау әлем, жетеле,

Көңілімді оят, көзімді аш.

Сөзің жетсін жетеме,

Лебің тиіп сезім-мас.

Сөздің дәмін алайын.

Сиқырымен баурағын.

Ой нәріне қанайын –

Жалаңаштай жаурадым.

Жырау әлем, жетеле,

Жан дүнием байысын.

Жүрегіме төтеле,

Салып тірлік сайысын [8, 153-б.], -

деп жыраулардан медет сұрады, көнеден күмбірлеп жеткен текті өлеңді мият тұтты. Жыраулар жырын эстетикалық идеалына айналдырды. Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберділердің толғауларынан эпиграф алып, ойына қазық етті. Өз заманының қоғамдық-әлеуметтік, моральдық, экологиялық мәселелерін дәл жырауларша тізбелеп, толғап айта келіп, «Қыздан ұят қашқаны – Бауыр бетін басқаны, Ана шындап сасқаны, Әке қанын шашқаны», «Тірінің қамын тірі жер, Тірілер бірін-бірі жер», «Еркек болып аттанған, Ұрғашы болып оралмас, Тектілігі мақталған, Өз басы үшін жаралмас», «Теңіз бол да, терең бол, «Болат бол да, берен бол», «Жастық екен өтпелі, Жауын екен төкпелі», «Ажал кімді алмаған, Басқан ізге үңіліп?!» тәрізді нақыл, тақпақ, афоризм сипатындағы жолдар қалдырды.

Қаламгердің поэзия әлемінде бүгінде жалпыхалықтық қолданыста жоқ, тек ұлт тілінің көне қабаттарында сақталып қалған байырғы сөздер мол. (Ол сөздердің мән-мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» (қысқаша: ҚТС) (2008) алдық). Ақынның орайымен қолданған «*заһар*» (1. У, улы зат; 2. Ауысп. Айбат, айбар, айбын, қаһар – ҚТС, 342-б.), «*шыңғақ оқ*» (оқтың түрі (атылғанда шығаратын дыбысына орай қойылса керек), толық мағынасы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілмеген – К.Б.), «*опырмалы мылтық*» (Мылтық. Опырылып, содан кейін оқ салынатын мылтық – ҚТС, 636-б.), «*омпы*» (1. Асықтың аша жағын төмен қарата тік түскен кейпі, 2. Ауысп. Істің күтпеген жерден, қиыннан сәті келуі – ҚТС, 632-б.), «*сайғақ*» (1. Жапан тұз, кең далада үйір-үйір болып өмір сүретін аң, ақбөкен; 2. Қару ретінде жұмсайтын қатты сойыл; 3. Зираттың басына белгі ретінде қойылған дңгек ағаш), «*оғлан*» (Шыңғыс әулетінің билік құрмаған өкілдері осылай аталады – ҚТС, 37-б.), «*іркінді*» (Жаңбырдан, не еріген қардан соң жиналып іркіліп қалған су (қақ) – ҚТС, 952-б.), «*сызашық*», «*алағай да, бұлағай*» (аласапыран, астаң-кестең - ҚТС, 37-б.) «*қылағай*», «*саһар*» (аққудың қоразы – ҚТС, 716-б.), «*бәден*» (көрік, шырай, өң – ҚТС, 118-б.), «*бостан*» (1. бұтақ, берек, үрім; 2. Басы бос, еркін, ерікті – ҚТС, 139-б.), «*үйелмен*», «*бінә*» (бінә қып: аяқ астынан кез бола кету – ҚТС, 165-б.), «*қожағай*» (қайнатқан, әлі еруі жетпеген металл – ҚТС, 508-б.), «*аңқа*» (аңқасы кепті, кенезесі кепті, шөлдеді – ҚТС, 49-б.) «*аққаптал болу*» (а) көп мініліп, жауыр болған (көлік); ә) әккі, тәжірибелі - ҚТС, 31-б.), «*ханзу*» (қытай, қытай тілі – ҚТС, 955-б.), «*ақырамаиш*» (Желтоқсан айы - ҚТС), «*ісіріп (бі)*» (үйдің іргесі, іргетасы – ҚТС, 953-б.), т.б. сөздері мен сөз тіркестері қазақтың XV-XVIII ғасырлардағы әскери өмірінің тарихи куәсі. Сонымен қатар, қаламгер поэзиясының ұлттық бояуын айқындай түсетін стилизацияның өнімді құралдары (Бұл сөздердің ақын лирикасындағы қолданысы мен эстетикалық қызметі жеке мақалаға жүк бола алады) [10].

Ақын дәл жырауларша ұлттың кешегісі мен бүгінгісін, болашағын, ұлттық құндылықтарын ой елегінен өткізіп, елдік мұраттарды ерекше шабытпен жырлады. Асан қайғының «Еділ бол да, Жайық бол» толғауындағы бірлік, ынтымақ мәселесін «Ертіс бол да, Есіл бол» өлеңінде:

*Ертіс бол да, Есіл бол,
Ел ұнатқан шешім бол.
Теңіз бол да, терең бол,
Болат бол да, берен бол.
Досың келсе, жабы бол,
Дұшпан төнсе, берен бол... [8, 199-б.]*

- деп өнерпаздықпен жаңаша жалғастырды.

Оның «Зайсан», «Есен бол, қарақ, есен бол!», «Тасқын, тасқын, тасқын су», «Ойлан, ойлан, ойың бақ», «Алаң көңіл ауаны», «Күннен құдырет қашқаны», «Табаным жерге тиген күн», «Қайран, ата-бабам-ай!», «Жер бетінен құрыды», «Таңда бар да, кеште жоқ», «Ежелгі жауы жоңғар болған», «Сен Махамбет емессің!», «Жаны да нәзік мен едім», «Ай артынан ай өтер», т.б. өлеңдері жыраулардың көркемдік тәжірибесін идеялық-мағыналық, этикалық-философиялық, образды-эстетикалық тұрғыдан игерудің сәтті мысалдары деуге лайық. Бұл өлеңдерінде ақын ұлттың өткені мен бүгінін, өзі өмір сүрген дәуірінің әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтарын жырауларша астарлап, тұспалдап жеткізеді. Мәселен, «Құдай қырын қарады, Қараша ауыл қирады. Жырымдалды балағы, Отқа түсті сирағы» («Зайсан»), - деп 1990 жылғы Шығыс Қазақстандағы зілзаланы; «Ойсыздығын көрсетті, Дін қарындас шоқынып» («Ойлан, ойлан, ойың бақ»), - деп дін арқылы қазақтың сүйегіне түскен жарықшақты; «Өзге келді өңірге, Тізгін тиді жемірге... Наразысың өмірге – Нар мінезді кең ірге» («Жер бетінен құрыды»), - деп Ресей отаршылдығын; «Астана келдім – қаңғырдым, Астында қалдым жаңбырдың, Өтінде қалдым ызғардың, Тезіне түстім тағдырдың» («Алматы болды әуенім»), - деп Алматыдағы баспанасыздық мәселесін; «Көк шуда болған

көп завод, Түтін басыңды шұлгисың» («Бұлттарды бұлттар қуады»), - деп Алматының экологиялық ахуалын; «Ұлдан ұят қашқаны – Албастының басқаны, Шірігені намысы, Бұзылғаны жас қаны» («Күннен құдырет қашқаны»), - дей келе қоғамдағы рухани күйзеліс, моральдық қағидалардың іргесінің сөгілуі жайлы түйін айтты. Нұрлан ақын өзі жырлаған қайшылықтар мен шешілуі қиын шырғалаңдарға бей-жай қарай алмайды. Сондықтан да:

*Жылау да жылау,
Зар жылау...
Қотандай болып қалдым-ау -
Жылаудан басым қаңғырды,
Зарлаудан шашым ағарды,
Көре де көзім ағарды,
Сөйлей де сөзім жоғалды.*

Таба алмай қалдым қоғамды [8, 104-б.], -

деп ежелгі түркі поэзиясындағы «Көрер көзім көр болды...», - деп келетін елшілдік ойларды нәзік лиризммен жалғады. Абай дананың «Жартасқа бардым, күнде айғай салдым, онан да шықты жаңғырық» деп өрілетін жалғыздықтың жан азабын Нұрланның жырларынан да сеземіз. Оның адами мұңы – туған халқы, «боздағының» ахуалы болса, ақындық мұраты – боздағының мұңын қозғау болатын.

Нұрлан ақын ұлттық мәселелермен бірге, өзінің жеке басындағы қиыншылықтар мен жан әлеміндегі күйзелісті шебер кескіндейді. Ақынның ұлпа сезімі мен нәзік жүрегі «қиянатшыл дүниеден» (Абай) сан мәрте соққы жеген сыңайлы:

*Жүрек тұсымда шаншу бар,
Жүрген жерімде қаңқу бар.
Шаншу менің тәнімді ауыртты,
Қаңқу менің жанымды ауыртты... [8, 117-б.],*

Осындай мезеттерде ақын жыраулар рухымен тілдесіп, жанына қуат алуды қалайды. Ақынның лирикалық қаһарманы Махамбеттей атой салып, жау қашырап батырларды, өршіл рухты ақындарды аңсайды. Ақырып теңдік сұраған батыр бабасының аруағына бас иеді. Ел алдындағы перзенттік парызын дәл Махамбеттерше өтей алмағаны үшін өзіне де, қаламдастарына да шамырқана тіл қатады:

*Сен Махамбет емессің,
Қилы заман ұлысың.
Қиын күннің тілісің
Қилы нарық құлысың.
Құлқыны үшін тырбанған
Қоңыздардың бірісің.
Көрген күнің құрысын!..
Найза алмадың қолыңа,
Малта алмадың жолыңа.
Қалишаумадың сорыңа
«Еңіреп туған ерім», - деп,
Ел ермеді соңыңа,
Еңкерілдің торыға.... [8, 87-б.]*

Ақынның жыраулар мұрасына құштарлығының енді бір себебі жыраудың табиғи болмысында жатса керек. Осы ретте жырау тұлғасына қатысты: «Жыраулар ұлттық тарихымызда поэтикалық тұлға ғана емес, философиялық тұлға ретінде қалды. XV ғасырда дербес хандық болып шаңырақ көтерген, небір жаугершілікті басынан кешірген қазақ ұлысының қорғаны, қолбасшысы, ақылшысы әрі батагөйі болған жыраулар – төл әдебиетіміздің бастауында тұрған ұлттық мәдениетіміздің ірі өкілдері» [11, 4-б.], -деген

сипаттама жырау тұлғасын мейлінше жан-жақты танытатындай. Шын мәнінде, жыраулар – бойына ұлтының қасиеті мен киесі, қаһармандық рухы қонған, теңіздей терең ойдың, алдына жан салмас жүйріктіктің, ділмарлықтың иесі. Бейбіт күнде тәуелсіз елдің, мемлекеттің идеологы, жаугершілікте қол бастаған батыры. Ақынның аңсары да дәл осындай, қиын-қыстауда еліне қорған, адасқанда жөн сілтер кемел ақыл азаматтар мен ақындар еді.

Өлең сөздің көркемдігі, ұшқырлығы мен әуезділігі оның құрылысына да байланысты екені белгілі. Ақын өлеңдері төкпе жырдың ерекше әуезділігін мирас етті. Оның лирикасы ішкі мәні ғана емес, сыртқы құрылысы, ұйқасы жыраулар мұрасымен сарындас. Нұрлан ақынның біз талдауға алған «Бойтұмар» жинағына енген 110 өлеңнің 61-і, «Құснихат» жинағындағы 212 лирикасының 107-сі 7-8 буынды болып келеді. Атап айтқанда, «Зайсан», «Есен бол, қарақ, есен бол!», «Тасқын, тасқын, тасқын су», «Ойлан, ойлан, ойың бақ», «Алаң көңіл ауаны», «Күннен құдырет қашқаны», «Табаным жерге тиген күн», «Қайран, ата-бабам-ай!», «Жер бетінен құрыды», «Таңда бар да, кеште жоқ», «Дүниядә менің мінім жоқ», «Ежелгі жауы жоңғар болған», «Сен Махамбет емессің!», т.б. өлеңдері жыр үлгісіне негізделген. Бұл өлеңдерінің дені әр тармағы түркі поэзиясындағы 4 буын+3 буын болып келетін ең көне ырғағын жаңғыртады. Дәстүрлі шұбыртпалы, егіз, еркін ұйқас түрлеріне құрылады. Сөзімізге ақын өлеңдерінен бірер мысал келтірейік.

Жылқыдағы // боз айғыр - 7
4 3

Шұрқыраса // болар ма? - 7
4 3

Сойылды жау // сыдыртып, - 7
5 3

Үйірді алса // қалар ма? - 8
4 3

Тұяғымен // тас илеп, - 7
4 3

Ойлы-қырлы // шабар ма? - 7
4 3

Жау қолына // жеткізбей, - 7
4 3

Елдің шетін // табар ма? - 7
4 3

... Сан қияға // сал мені - 7
4 3

Қазақ жылқы // тұқымдас. - 7
4 3

Дос шұрқырап // табысар, - 7
4 3

Жауым қашып // құтылмас. - 7

Қазақ өлеңінің теоретигі З.Ахметовтің айтуынша, 7-8 буынды өлеңнің ең кең тарағаны 3 буын + 2 буын + 3 буын түрінде өрнектелген түрі. Ғалым өлең өрімінің бұл түріне: «Тармақтары еркін алмасып отыратын бұл өлшем – ырғағы серпінді, толқымалы, барынша ықшамды да жеңіл болып, өте келісті жасалған өлең түрі», -деп баға береді [12, 211-б.]. Нұрлан ақынның осы өлшемді лирикасында сәтімен пайдаланғанына төмендегі мысал дәлел бола алады:

3 2 3
Бұлттарды // бұлттар // қуады, - 8

³ Бұлттарды // бұлттар // буады. - 8
₃ ² ₃

³ Бусанып // алып // бәсімен, - 8
₃ ² ₃

Биіктің // басын // жуады. - 8

Нұрлан ақында халық поэзиясының мейлінше қарапайым үлгілеріне, жеңіл ырғаққа құрылған формаларын әр алуан нақыспен қолданудың, дәстүрлі 11 буынды қара өлеңнің де, аралас буынды өлеңнің де небір тамаша үлгілері бар. Бірақ мақсатымыз ақын өлеңдерінің өріміндегі жыраулық үлгіні таразылау болғандықтан және мақаланың көлемі көтермейтіндіктен жыр үлгісінде жазылған 1-2 өлеңіне ғана тоқталып өттік.

Сөз өнеріндегі дәстүр жалғастығы – қаламгерлердің алдыңғылардың көркемдік тәжірибесін сақтап, түлетуі, талғампаздықпен жарасымды келісім тудыра алуынан болмақ. Бұл құбылыс – тек қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетіндегі заңдылық. Украин әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін зерттеген Т. Юрис, Т. Козак, С. Барабаш атты ғалымдар: *«Жазушы өз идеяларын өз ұлтының контекстінде ашады. Ол ойларын терең тамырлы дәстүрлерден бастау алатын ұлттық сарын мен бейнелер, менталитеттің символдық құрылымдары – халықтың поэтикалық символдары мен архетиптері арқылы жарыққа шығарады. Бұл доминанттар ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді, ұлттық мінездің сипаттарын, ұлттық сана мен менталитеттің ерекшеліктерін көрсетеді. Олар әдеби туындыдағы ұлттық бірегейлік модусын танытады»* [13, 6-б.], - деген маңызды түйін жасайды. Демек, сөз өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың мәні тым тереңде, ол ұлттың өзіндік менталитеті мен ұлттық санасындағы даралықтан туып, көркемдік ойлау жүйесіне көшеді. Ғалымдар тілге тиек етіп отырған ұлттық бірегейлік модустары шынайы ұлттық туындылардың өн бойынан, әсіресе, поэтикалық құралдарынан мейлінше айқын көрініп тұрады. Осы тұрғыдан алғанда Нұрлан ақынның поэзиясында ұлттық бірегейлік модустарын сақтаудың сәтті мысалдары мол. Қаламгер ақиқат болмыс пен лирикалық қаһарманның ішкі сарайын ашуда жыраулар дәстүрін талғампаздықпен қабылдап, шеберлікпен қайта жаңғырта білген.

Қорытынды

Нұрлан ақын көне жәдігерлердегі ұлттық сезімнің, тамаша көркемдіктің қалың қабаттарын аша отырып, олардың нәзік иірімдерін өз заманының қайшылықты құбылыстарын жырлауда шеберлікпен пайдалана білді. Атап айтқанда:

1. Ақын лирикасы жыраулық поэзияның философиялық-эстетикалық үлгілерімен, өмірді бейнелеу мәдениетімен, тақырып аясымен, поэтикасымен төркіндес;

2. Суреткер ізденістері қазіргі қазақ өлеңінің көркемдік көкжиегін кеңітіп, ішкі ағыс-толқындарын, нәзік иірімдерін байытып, сөздік-образдық кестесін зерледі;

3. Ақынның жаңашылдығы — жыраулар поэзиясындағы күрескерлік романтикалық рухты нәзік сыршылдыққа алмастырып, бүгінгі адамның болмысын танытуда өзіндік үнмен жаңғыртуында;

4. Қазақ тілінің көне қабаттарына сүңгіп, байырғы көшпенді қазақтың тілін модернистік әдебиетте жаңаша түлетуінде.

Біздің зерттеуіміз ақынның «Мойыл көзді келіншек» жинағындағы өлеңдерін әдеби-лингвистикалық талдау, тарихи-салыстырмалы, ішінара статистикалық зерттеу әдістерімен тексере отырып, қазіргі ақындардың жыраулардың көркемдік тәжірибесін идеялық-мағыналық, этикалық-философиялық, образды-эстетикалық тұрғыдан игерудегі ізденістерін жаңаша қырынан танытуымен өзекті.

Зерттеу нәтижелері Нұрлан Мәукенұлы өмір сүрген дәуір сипаты, оның лирикасының лейтмотиві мен тақырыптық-идеялық сипаты, стиль ерекшеліктері, сондай-ақ, ұлттың поэтикалық ойлау жүйесінің табиғаты, поэтикалық стилизация, дәстүр мен жаңашылдық, әдеби жалғастық, қазіргі поэзияның тілі мен өлең өрімі жайлы тың ізденістер үшін пайдалы болады деген үміттеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Негимов С. Алғы сөз // Кіт.: Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 8-том: Қазақ ақын жырауларының философиясы. – Астана: Аударма, 2008. – 448 б.
2. Кәрібаева Б. Өлара кезең – қазақ руханиятына сын // Massaget. 2015, 31 тамыз. [Электронды ресурс]. URL: https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/olara-kezen-kazak-ruhaniyatyina-syin-15431/ (қаралған күні 28.12.24)
3. Молдағалиев Т. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. – Алматы: Жазушы, 1996. – 300 б.
4. Әскербекқызы Ж. Сұңқарсайдан түлеген сұңқар ақын // Кіт.: Н. Мәукенұлы. Мойылкөзді келіншек. – Астана, 2011. – 264 б.
5. Медетбек Т. Құлағың шалсын даусымды! // Жас Алаш. – 2009, 3 қыркүйек. – №71.
6. Салықбай Ә. «Қырқатыны несі екен өрімдейді?..» немесе 43 жасында дүниеден озған Нұрлан Мәукенұлы туралы сыр // Кіт.: Қазақстан дәуірі. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazdauiri.kz/news/qyrqatyny-nesi-eken-orimdeidi-nemese-43-zasynda-dunieden-ozgan-nurlan-maukenuly-turaly-syr> (қаралған күні 28.12.24)
7. Жолдыбай Б. Ат жалында кеткен арман // Егемен Қазақстан. – 2023, 23 қаңтар. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/333397-at-dgalynnda-ketken-arman>. (қаралған күні 28.12.24)
8. Негимов С. Шығармалары. Бес томдық. Жыраулар поэзиясы: монография. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 400 б.
9. Мәукенұлы Н. Мойыл көзді келіншек. – Астана: Фолиант, 2011. – 464 б.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
11. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Өскемен: Берел, 2016. – 224 б.
12. Жайлыбай Ғ. Мәукенұлы Мәуесі // Қазақ әдебиеті. 2022, 25 желтоқсан. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/35472/m-uken-ly-m-uesi> (қаралған күні 28.12.24)
13. Urys T., Kozak T., Varabash S. National Identity: Formation and Realisation Through Poetry // *Wisdom*. – 2021. – №1(17). – P. 146–161. <http://dx.doi.org/10.24234/wisdom.v17i1.449>

REFERENCES

1. Negimov S. Algy soz // Kit.: Qazaq halqynyn filosofialyq murasy. Zhiyrma tomdyq. 8-tom: Qazaq aqyn-zhyraularynyn filosofiasy [The preface // In: Philosophical heritage of the Kazakh people. Twenty volumes. Volume 8: philosophy of Kazakh poets]. – Astana: Audarma, 2008. - 448b [in Kazakh]
2. Karibaeva B. Olara kezen – qazaq ruhaniyatyna syn [Time of Change - a test for Kazakh spirituality] // Massaget. – 2015, 31 tamyz. [Electronic resource]. URL: https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/olara-kezen-kazak-ruhaniyatyina-syin-15431/ (date of access 28.12.24) [in Kazakh]
3. Moldagaliev T. Tandamaly shygarmalarynyn ush tomdygy [A three-volume collection of selected works]. – Almaty: Zhazushy, 1996. – 300 b. [in Kazakh]
4. Askerbekqyzy Zh. Sunqarsaidan tulegen sunqar aqyn [The poet that flew out of Sunkarsai] // Kit.: N. Maukenuly. Moiylkozdi kelinshek.– Astana, 2011. – 264 b. [in Kazakh]
5. Medetbek T. Qulagyn shalsyn dausymdy [Hear my voice!] // Zhas Alash. – 2009, 3 qyrkuiek. – №71. [in Kazakh]
6. Salyqbai A. «Qyrqatyny nesi eken orimdeidi?.. » nemese 43 zhasynda dunieden ozgan Nurlan Maukenuly turaly syr» [Why is the life of the young interrupted or the memory of the poet Nurlan Maukenuly] // Kit.: Qazaqstan dauiri. [Electronic resource]. URL: <https://qazdauiri.kz/news/qyrqatyny-nesi-eken-orimdeidi-nemese-43-zasynda-dunieden-ozgan-nurlan-maukenuly-turaly-> (date of access 28.12.24) [in Kazakh]

7. Zholdybai B. At zhalynda ketken arman [A dream carried away on a horse's mane] // Egemen Qazaqstan. – 2023, 23 qantar. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/333397-at-dgalynda-ketken-arman> (date of access 28.12.24) [in Kazakh]
8. Negimov S. Shygarmalary. Bes tomdyq. Zhyraular poeziasy: monografia [A five-volume works. Poems of zhyrau: monograph]. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 400 b. [in Kazakh]
9. Maukenuly N. Moiyl kozdi kelinshek. Olender. [The black-eyed young woman. Poems] – Astana: Foliant, 2011. – 264 b. [in Kazakh]
10. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
11. Ahmetov Z. Olen sozdin teoriasy [Theory of versification]. – Oskemen: Berel, 2016. – 224 b. [in Kazakh]
12. Zhailybai G. Maukenuly mauesi [Maukenuly's orchard] // Qazaq adabiet. 2022, 25 zheltoqsan. [Electronic resource]. URL: <https://qazaqadabiet.kz/35472/m-uken-ly-m-uesi> (date of access 28.12.24) [in Kazakh]
13. Urys T., Kozak T., Barabash S. National Identity: Formation and Realisation Through Poetry // *Wisdom*. – 2021. – №1(17). – P. 146–161. <http://dx.doi.org/10.24234/wisdom.v17i1.449>

UDK 82-3; IRSTI 17.07.65

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.191>**Ye. ZHIYENBAYEV** *PhD, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
(Kazakistan, Türkistan), e-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz***NEMAT KELIMBETOV’UN “ÜMIT” ROMANININ YAPI, TEMA VE ANLATIM
BAKIMINDAN İNCELENMESİ**

Özet. Kazak yazar, Nemat Kelimbetov’un Ümit adlı romanı psikolojik ve biyografik bir eserdir. Romanda yatalak bir hastanın eşine olan sevgi ve minneti gösterilmekte, hasta bir insanın hayat mücadelesi tasvir edilmektedir. Romanda aile içi fedakârlıklar, dostluk ve arkadaşlık dayanışması çarpıcı örneklerle başarılı bir biçimde sunulmaktadır. Bununla birlikte vefasızlık ve merhametsizlik gibi kavramlar yaşanmış olaylar üzerinden verilmektedir. Nemat Kelimbetov’un Ümit romanında birtakım gerçeklikler onun bakış açısıyla kaleme alınmış, yazarın hatıraları ve çevresindeki insanların yaşamı tasvir edilmiştir. Bu çalışmada, Ümit adlı romanın edebî değerinin ortaya konulmasına ve anlatıcının ideal insan tipini nasıl betimlediği hususlarına odaklanılmıştır. Bu şekilde, romanda yer alan toplumsal olaylar karşısında ümidini yitirmeyen insanların nasıl mücadele ettiklerinin analizi verilmek istenmiştir. Makalede yöntem olarak Prof. Şerif Aktaş’ın geliştirdiği çağdaş metin inceleme yöntemi esas alınarak romanın yapısı ve yapıya bağlı temel unsurları incelenip, olay örgüsünde öne çıkan aile sevgisi, vefa, hastaların ızdırabı, doktorların görevi, insanlar arası ilişkiler, merhamet, yardımseverlik, kahramanlık, fitne, okuma ve yazma alışkanlığı gibi temaların üzerinde durulmuştur. Bu bağlamda metnin zihniyeti, yapısı, teması, dil ve anlatım özelliği ele alınmıştır.

Anahtar kelimeler: Kazak edebiyatında nesir, psikolojik edebî eser, metin tahlili, otobiyografi, gerçekçilik.

Е.Б. Жиенбаев*PhD, Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ), e-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz***Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» атты повесін
кұрылымы, тақырыбы және стильдік тұрғысынан талдау**

Аңдатпа. Қазақтың қаламы қарымды жазушысы Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» атты шығармасында психологиялық тұрғыдан автордың басынан өткен күндері баяндалады. Оқиға желісінде төсек тартып жатқан науқастың жұбайына деген сүйіспеншілігі мен құрметі, сырқат адамның өмір сүруге деген талпынысы суреттеледі. Оқиға желісінде

*** Bize doğru alıntı yapınız:**

Zhiyenbayev Ye. Nemat Kelimbetov’un “Ümit” Romanının Yapı, Tema Ve Anlatım Bakımından İncelenmesi // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1(135). – Б. 30–41.
<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.191>

***Cite us correctly:**

Zhiyenbayev Ye. Nemat Kelimbetov’un “Ümit” Romanının Yapı, Tema Ve Anlatım Bakımından İncelenmesi [Analysis in Terms Of Structure, Theme And Narration of Nemat Kelimbetov’s Novel “I Don't Want To Lose Hope”] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2025. – №1(135). – Б. 30–41.
<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.191>

Makalenin alındığı tarih 08.01.2024 / Kabul tarihi 30.06.2025

отбасындағы адалдық пен достардың сыйластығы түрлі мысалдармен сәтті ашылған. Сонымен қатар қоғамдағы опасыздық пен мейірімсіздікке қатысты оқиғалар да сипатталған. Автор айналасындағы адамдардың өмірін өз естеліктерімен бірге шынайы бейнелеген. Аталған шығарма әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. Зерттеуімізде шығарманың түрікше аудармасы қарастырылып, әдеби мәтіндегі идеал адамның сипатын көрсетуді, сондай-ақ, бейнеленген әлеуметтік оқиғалардың ерекшеліктерін сипаттауды мақсат еттік. Түркиялық әдебиеттанушы, профессор Шериф Акташтың көркем шығарманы талдау әдісі арқылы мәтіннің құрылымы мен құрылымға қатысты негізгі элементтері сипатталды. Оқиға желісіндегі отбасындағы сыйластық, адал жолдас, науқастың психологиясы, дәрігерлердің міндеті, адамдар арасындағы қарым-қатынас, жанашырлық, көмек көрсету, батырлық, бүлік, оқу мен жазуға дағдылану, т.б. тақырыптар айшықталып, мәтіннің идеологиясы, құрылымы, тақырыбы, тіл мен баяндалу ерекшеліктері көрсетілді.

Кілт сөздер: қазақ әдебиетінде проза, психологиялық әдеби шығарма, әдеби талдау, өмірбаян, реализм.

Е.Б. Жиенбаев

*PhD, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz*

Анализ с точки зрения структуры, темы и выражения романа «Не хочу терять надежду» Немата Келимбетова

Аннотация. Роман казахского писателя Немата Келимбетова «Надежда» является психологическим и биографическим произведением. В романе показана любовь и благодарность лежачего больного к своей жене, описывается борьба за жизнь больного человека. В романе на ярких примерах успешно представлены внутрисемейные жертвы, дружба и товарищеская солидарность. Вместе с тем, такие понятия, как неблагодарность и безжалостность, передаются через произошедшие события. В романе Немата Келимбетова «Надежда» ряд реальностей изложен с его точки зрения, описаны воспоминания автора и жизнь окружающих его людей. В данной работе основное внимание уделяется выявлению литературной ценности романа «Надежда» и тому, как рассказчик описывает идеальный тип человека. Таким образом, ставится цель проанализировать, как борются люди, не теряющие надежды перед лицом социальных событий, представленных в романе. В статье в качестве метода используется разработанный профессором Шерифом Акташем современный метод анализа текста, на основе которого исследуются структура романа и связанные с ней основные элементы, а также рассматриваются такие темы, как семейная любовь, верность, страдания больных, долг врачей, межличностные отношения, милосердие, доброжелательность, героизм, интриги, привычка к чтению и письму, которые выделяются в сюжетной линии. В этом контексте рассматриваются менталитет, структура, тема, языковые и повествовательные особенности текста.

Ключевые слова: проза в казахской литературе, психологическое литературное произведение, литературный анализ, биография, реализм.

Ye. Zhiyenbayev

*PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz*

Analysis in Terms Of Structure, Theme And Narration of Nemat Kelimbetov's Novel “I Don't Want To Lose Hope”

Abstract. Nemat Kelimbetov's novel, *Ümit* (Hope), by the Kazakh author, is a psychological and biographical work. The novel portrays the love and gratitude of a bedridden patient towards his wife and depicts the life struggle of an ill individual. Within the narrative, instances of intra-familial sacrifices, camaraderie, and solidarity among friends are presented effectively through compelling examples. Simultaneously, concepts such as ingratitude and mercilessness are conveyed through narrated events. In *Ümit*, Kelimbetov articulates certain realities from his own perspective, illustrating his memoirs and the lives of those in his social sphere. This study focuses on elucidating the literary merit of *Ümit* and examining how the narrator delineates the ideal human archetype. Consequently, the aim is to provide an analysis of how individuals who do not relinquish hope in the face of societal occurrences depicted in the novel persevere. The methodology employed in this article is based on Professor Şerif Aktaş's contemporary text analysis method, through which the novel's structure and its fundamental constituent elements are examined. Furthermore, prominent themes within the plot, such as familial affection, fidelity, the suffering of patients, the duty of physicians, interpersonal relations, compassion, benevolence, heroism, discord, and the habit of reading and writing, are addressed. In this context, the text's mentality, structure, theme, and linguistic and narrative characteristics are analyzed.

Keywords: prose in Kazakh literature, psychological novel, literary analysis, biography, realism.

Giriş

Nemat Kelimbetov (1937–2010), Kazakistan'ın önde gelen bilim adamı ve yazarlarından. Onun Kazakistan'da lise ve üniversitelerde ders kitabı olarak okutulan Eski Türk Şirleri ve Kazak Edebiyatında Eski Gelenegin Devami, Kazak Edebiyatı Kaynakları, Eski Türk Edebiyatı, Eski Edebiyat Abideleri ve Türk Halklarının Ortak Edebî Eserleri vb. eserleri bulunmaktadır. Kelimbetov, roman ve hikâye alanında da başarılı eserler kaleme almıştır. 35 yaşında omurilik ameliyatı sonucu vücudu tamamen felç olmuş ancak ümidini yitirmeden mücadele edip, sonunda ayağa kalkmayı başarmıştır. Yazarın hasta yatağında yaşamış olduğu sıkıntı ve sarsıntıları anlatan bu eser son derece gerçekçi betimlemelere sahiptir. Dolayısıyla bu esere otobiyografik roman da denilebilir. Hasta psikolojisi üzerine Kazakça kaleme alınan *Ümit* romanı, 1981 yılında Jalın Matbaası'nda 232 sayfalık kitap olarak yayınlanmıştır. 2008 yılında Muhtar Avezov Devlet Tiyatrosu'nda *Ümit* romanının olay örgüsünden uyarlanmış piyes sahnelenmiştir. Roman, 2010 yılında Avusturya'da Franz Kafka Ödülü'ne layık görülmüştür.

Nemat Kelimbetov'un *Ümit* romanı, bireysel trajedi ve içsel direniş temaları açısından Türk edebiyatında önemli bir yere sahip olan Peyami Safa'nın Dokuzuncu Hariciye Koğuşu romanı ile benzer anlatı çizgileri taşımaktadır. Her iki eserde de hastalık, insanın varoluş mücadelesi ve ümitsizlik içinde ümit arayışı gibi evrensel temaların işlenmesi, iki yazarın farklı coğrafyalarda fakat ortak bir insani deneyim ekseninde buluşturmaktadır.

Ümit romanı Gülnar Kara tarafından (Selenge Yayınları, 2011) Türkiye Türkçesine aktarılmıştır. Bu çalışmamızda romanın Türkçe aktarması ele alınmıştır.

Araştırma yöntemleri ve materyalleri

Ümit romanının incelenmesinde kullanılan yöntemin kaynağı Prof. Dr. Şerif AKTAŞ'ın *Anlatma Esasına Bağlı Metinlerin Tahlili* (Ankara, 2013) adlı kitabıdır. Roman tahlili yapmak, bir başka ifadeyle edebî metnin kendisini merkeze alıp; *zihniyet, yapı, tema, dil* ve *anlatım* özelliklerini ortaya koymak ve bu unsurlardan hareketle değerlendirme yapmak kavramsal çerçeveyi oluşturur [1].

Hem Kazak edebiyatında hasta psikolojisiyle ilgili bir romanı tanıtmak hem de çağdaş metin incelemesine örnek sunmak amacıyla ele alınan bu çalışmada romanın Türk dünyası edebiyatındaki önemini gösterilmesine de gayret edilmiştir.

Ümit romanı hakkında yapılan değerlendirmelerde eserin yaşamın içinden alınan ve yaşama yön veren didaktik yönü ile Kazak edebiyatındaki önemine vurgu yapılmaktadır. Bu görüşlerin bazıları şöyle sıralanabilir:

İnsanoğlunun adalet arayan, gerçeklerin peşinden giden, hayatın içinde sıkça karşılaşılan her türlü acının üstesinden gelebilme azmini Nemat'ın bu kitabından bulabilir, derdim. Bu kitap insan hayatındaki tüm üzüntü ve kederleri yenen yiğitlik azminin bir zırhı gibidir [2, s. 128].

Ümit, onun sevgili eşine içtenlikle kalpten yazılmış bir mektubudur. Mektubun sahibi eserin başkahramanına dönüşür [3, s. 137].

Ümit romanının baş kahramanı Ercan el ve ayakları tutmayan, engelli bir kişi konumuna düşmüş olsa da, neticede zorluklar karşısında yılmayan insanın yüksek ruhu, tükenmeyen gayret ve çabası, hayata olan tutkunluğu galip gelir. Kitabın önemi de burada olsa gerek. Bundan dolayı biz bahse konu ettiğimiz monolog hikâyeyi “Yiğitlik ve Bilgeliği Anlatan Destan” olarak nitelendirmek istiyoruz [4, s. 144].

Araştırma konumuzu teşkil eden romanla ilgili belirtilmiş görüşlerin tümünde eserin başarılı yönleri gösterildiğini görmek mümkündür. Zira romanda acı dolu kaderin yanı sıra merhamet, yardımseverlik ve hoşgörü duyguları sanata has bir yöntemle işlenmektedir. Dolayısıyla Nemat Kelimbetov'un Ümit romanı okurların daima zevkle okuyacakları romanlardan biri olacağı kesindir.

Inceleme ve tartışmalar

Nemat Kelimbetov'un Ümit Romanının Tahlihi

1. Ümit Romanında Zihniyet

Nemat Kelimbetov'un Ümit romanında sıradan bir adamın yaşamında karşılaştığı sıkıntıları, hastalığa yakalanması, yaşam mücadelesi, aile ilişkileri, sevgi, ahlak, yardımseverlik, gayret ve ümit duyguları betimlenmektedir. Böylece toplumsal meseleler yansıtılmaktadır. Bunun yanı sıra Ümit romanında millî değerlerin korunması ve geliştirilmesine dair anlatımlar belirgindir.

Ümit romanıyla ilgili belirtilmiş şu görüşler, eserin zihniyetini belirlememize yardımcı olabilir:

Bilim adamı ve eğitimci Kelimbetov tarihten ders alınması doğrultusunda geçmişteki atalarımızdan günümüze ulaşan manevi mirasları bugünkü değerlerle örtüştürerek erdemli olma yolunda gençleri öğütlemektedir. Bu deneme 20-21. yüzyılların kavşağında manevi sırrı, gönül defteri olarak tarihe geçecektir [5, s. 172].

Bu bağlamda Nemat Kelimbetov'un eserleri hayatın kısa oluşuyla birlikte yaşam mücadelesinin de gerekli olduğunu vurgulamaktadır. İnsanlara hayatın değerini, vaktin nakit olduğunu, hayatta yaratacı olmayı, yorulmak bilmeden çalışmak gerektiğini göstermektedir [6, 184].

Onu örnek alan nice yazarlar

Fikir dünyasına ışık tutarlar.

Nemat'ın azminde, engin yazarlar

Onun irfan deryasına dalarlar... [7, s. 187].

Kelimbetov'un eserlerinde ansiklopedik özellikler göze çarpar. Onda büyük bir bilgelik ve derin arayışın izleri görünmektedir [8, s. 217].

Kelimbetov eserlerinde Türk halklarının millî özelliklerini ve insani hasletlerini öne çıkarmaktadır. Yazar, bunun günümüzün küreselleşen dünyasında, özellikle gençler için çok önemli olduğunu vurgulamaktadır [9, s. 221].

Böyle bir konu daha önce Kazak edebiyatında yer almamıştı. Yazarın Ümit monolog hikâyesi piyes olarak sahnelenerek izleyenlerin beğenisini kazandı. Bu eserler günümüzde halkın istifadesine sunuldu ve sadece biz değil, başka halklar da bunları okumakta ve takdir etmektedir [10, 223-224].

İnsanoğlu bu dünyaya mağlup olmak için gelmez. İnsan vücudunu ortadan kaldırmak mümkündür, ancak ruhunu yok etmek mümkün değildir. Nemat Kelimbetov'un Ümit isimli kitabının başkahramanı Ercan işte böyle bir ruhun temsilcisidir [11, s. 235].

Nemat'ın eserleri hayatın çok kısa oluşunu da, hayat mücadelesinin gerekliliğini de anlatıyor. İnsanlara hayatın değerinin vakitleri iyi kullanmakta ve hayat değerini yaratmakta olduğunu, hayatta yaratıcılık olmayı, yorulmak bilmeden çalışmak gerektiğini anlatıyor [12, s. 239].

Sıralanan bu görüşlerde Ümit romanında mevcut sıkıntılar karşısında ümidini yitirmeyen sıradan bir insanın yaşam mücadelesi betimlendiği anlatılmaktadır. Bu betimlemeler toplumdaki insanların yaşamlarına ışık tutabilir. Metnin zihniyetin de bu cümleden hareketle belirlemek mümkündür.

2. Ümit Romanında Yapı

Ümit romanı iki bölümden oluşmaktadır. Birinci bölüm, başkahraman Ercan'ın eşine yazdığı mektuplarından oluşmaktadır. Başkahramanın amansız hastalığından dolayı sürdürdüğü yaşam mücadelesi ve çevresindeki insanlarla ilişkisinin tasvir edildiği bu bölümde asıl olay örgüsüyle birlikte yardımcı kahramanların yaşamından da kesitler sunulmaktadır. Birinci bölüm, on altı kısma ayrılarak numaralandırılmıştır. İkinci bölüm ise başkahramanın eşi Gevher'in yatalak kocası Ercan'a yazdığı mektubundan oluşmaktadır. İkinci bölümün ikinci kısmında, Akılbek Ağabey'in yaşamı, hastanması ve aşk macerası konu edilmektedir. Görüldüğü gibi, birinci bölüm, ikinci bölüme nazaran daha kapsamlıdır ve eserin sonucu niteliğindedir. Eserde türlü sebeplerle yatalak kalan hastaların hayat hikâyeleri tasvir edilerek, bu engelli insanların nasıl yıprandıkları, toplumdan dışlanmaları ve çektikleri çileler gözler önüne serilmektedir. Çetin geçen günlerde kendisine sonuna kadar destek olan ailesi ile arkadaşlarının merhamet ve sadakatını betimleyen hâkim anlatıcı, bu bağlamda hasta insan psikolojisini göstermek istediği ortadadır.

Merhamet, adalet, yardımseverlik, vicdan ve sabır gibi insani vasıfların önemi vurgulanan Ümit romanının olay örgüsünde yazarın kendi yaşamından alınmasından dolayı gerçekçi ifadelerle doludur. Hatta bu roman, Almatı'da Muhtar Avezov tiyatrosunda sahnelendiği sırada da seyircilerin takdirine mazhar olmuştur [13, s. 5].

Roman kurgusunun önemli bir parçasını kişiler oluşturur. Bunlar romanda ya etken ya da edilgen konumdadırlar. Yani ya özne ya da nesnelere [14, s. 142].

Bu bağlamda Nemat Kelimbetov'un "Ümit" romanındaki şahıs kadrosunu, aşağıdaki gibi gruplandırabiliriz:

Ümit Romanında Şahıs Kadrosunun Betimlenmesi

Ümit Romanında Kişi unsurları farklı bir çalışmada ele alındığı için burada kısaca bilgi vermeyi isabetli görmekteyiz.

I. Ana kahramanlar (Ercan, Gevher)

II. Yardımcı kahramanlar

a) Tipler (Muhit, Kayrat, Yelena Andreyevna, Akılbek, Ravşan, Meyirgül)

b) Figüratif Karakterler (Karatay, Kaysar, Bekir, Bekirin karısı, Meyman Kojekov, Nurlubek, Alma, Destan, Vasiliy Jukov, Rahimbek Darhanbayev, Arman, Lezzet, Murat)

c) Romanda adları geçen yazarlar (İlim Adamları ve Şairler: Akan Seri, Filozof Falles, Heinrich Schliemann, Mukagali Makatayev, Lev Tolstoy, Alfons Daudet, Victor Hugo, Ethel Voynich, Şair Esimjanov, Berlioz, Lesya Hanım, Ethel Mumford, Muhtar Avezov, Puşkin, Abay, Çehov, Beyimbet Maylin, Nietzsche)

Romanda ideal insan tipi olarak tasvir edilen eşi Gevher ile çevresindeki arkadaşları romanın sonuna kadar hep iyi olarak anlatılır. Bununla birlikte zengin ve güzel görünümlü insanların her zaman iyi olmadığı ima edilir. Hastalar da çocuklar kadar yardıma muhtaç tipler olarak karşımıza

çıkmaktadır. Hâkim anlatıcı, toplumdaki bazı insanların zamanla ekonomik, sosyal ve psikolojik bazı nedenlerle yılgınlık içine düştüğünü ve mücadeleden vazgeçerek sadece ideallerinden değil, yaşadıkları toplumdan da kaçmayı yeğlediğini doğru bulmaz [15, s. 140].

Yazara göre, toplumdaki insanlar karşılaştıkları sıkıntılara dayanmalıdır. Hayat yolundaki değişimlere direnç gösteremeyenler insana olan şuurunu da kaybedebilir. Bu bakımdan Ümit romanında toplumdaki engelli insanların durumu ve hayat mücadelesinde karşılaştığı sıkıntılar ele alınmıştır. Hâkim anlatıcı, toplumdaki bazı insanların zamanla ekonomik, sosyal ve psikolojik bazı nedenlerle yılgınlık içine düştüğünü ve mücadeleden vazgeçerek sadece ideallerinden değil, yaşadıkları toplumdan da kaçmayı yeğlediğini doğru bulmaz. Dolayısıyla insanların çevresindeki yakın kişilere zaman ayırmasını önerir. Bununla birlikte sağlığın değerli olduğunu da vurgular. İnsanî ve toplumsal ilişkilerde merhametin önemli olduğunu altı çizilir. Yazar, olup bitenler karşısında sabırsız insanları öfkeyle eleştirmiş; hasta yatağındaiken kendisine merhamet gösterenlere şükran duygularıyla yaklaşmıştır.

Ümit Romanında Mekân Unsurlarının Özellikleri

Алғашқы сұрақ бойынша сұраққа студенттердің 40 пайызы өз есімдерін қосжынысты есімдерге жатқызбайды (1-сурет). Сұрақтар анонимді түрде өткізілгендіктен қатысушылардың есіміне талдау жасау мүмкін емес. Егер сауалнамаға қатысушылардың есімдерін біліп, талдау жасайтын болсақ, бұл пайчарт көрсеткіштерінің өзгеруі мүмкін еді. Себебі «Qazaqgrammer» инстаграм парақшасында «Қосжынысты» кейбір есімдері бар кісілер ол аттар туралы нақты білмейтіндіктерін жазған.




1-сурет – Өз есімдерін қосжынысты есімдерге жатқызбайды

Сауалнамадағы екінші сұрақ бойынша есімдері қостектіге жататын адамдардың тек 13% ғана аттарын ауыстырғысы келеді, 36% адамдар унисекс есімдеріне қарсы емес, қалғанын есімдері ол туралы бейтарап ойда болып отыр (2-сурет).




2-сурет – Аттарын ауыстыру бойынша нәтиже

Сауалнамадағы кезекті болашақ ұрпағыңызға қосжынысты есім беру туралы болған еді. Бұл мәселе бойынша қазіргі жастардың таңдауы нақ екіге бөлінді (3-сурет). Соған қарағанда есімнің жынысты білдіру тенденциясы өзекті болып отырғанын көрсетеді. Қазақ халқының есім беру тарихындағы қыз балаларды әдемілікке, нәзіктікке баулайтын, ал ер балаларды батырлыққа, ерлікке, батылдыққа жетелейтін есімдер беру үрдісін біздің сауалнама нәтижелері болашақта өзгеріске түсу ықтималдылығының жоғары екендігін көрсетеді.



3-сурет – Болашақ ұрпаққа есім беруде қосжынысты есімді таңдау бойынша нәтиже

Қосжынысты есімдердің психологияға, еңбек нарығына, дос болуға әсер етуі мүмкіндігі туралы ойларын білу мақсатында қойылған сұрақтың нәтижесінде айырмашалықтың үлкен екендігі байқалды (4-сурет).



4-сурет – Қосжынысты есімдердің еңбек нарығына әсері бойынша нәтиже

Кейбір студенттер өз есімдерінің қосжынысты екенін білмесе де, кейде мағыналарына байланысты қиындықтардың кездесіп жататындығын немесе керісінше шабыт беріп, көмектесіп жіберетіндіктерін жазған. Бірақ, қос жынысты есімдер туралы көбінің пікірі жоғары. Тек 21,4 пайыз студент ғана кері әсер етуі мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Бұл сауалнама қорытындысы да алдыңғы нәтижедегідей болашақта есімдердің жынысқа қарамай берілу тенденциясының жоғарылау мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Стереотиптер біртіндеп жойылатын біздің қазіргі қоғамда барған сайын өзекті болып келе жатқан құбылыстардың бірі – қосжынысты есімдер. Ерге де, әйелдерге де бірдей қойыла беретін есімдер жеке тұлғаны ғана емес, сонымен қатар гендерлік рөлдерді қабылдаудағы әлеуметтік-мәдени өзгерістерді көрсетеді. Қосжынысты есімдерді берудің бірнеше ерекшеліктерін атап өтуге болады. Қосжынысты есімдер гендерлік шектеулерге қарамастан жеке тұлғаны қарастырудың бірегей мүмкіндігін береді. Бұл атаулар қоғамда өзін-өзі анықтауға икемділікті қамтамасыз ете отырып, өзін-өзі көрсету және таңдау үшін

бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді ашады. Сонымен қатар мәдениеттер мен ұлттар арасындағы қашықтықты қысқартуда да маңызды рөл атқарады. Жаһандану барған сайын байқалатын әлемде әртүрлі мәдени контексттерге оңай бейімделетін атауларды қолдану бірлік пен түсіністікке ықпал етеді.

Жаһандану кезеңінде балаға есім беру тенденциясы да өзгеріске түсуде. Антропонимияда пайда болған «юнисекс есімдер» термині осы өзгерістердің біріне жатады. Биологиялық жыныстардың әлеуметтік теңдігіне үлкен мән беріп келе жатқан әлемдік қоғамда сәбиге қосжынысты есім беру үрдісінің белең алуы заңды процесс болып отыр. Оның негізінде баланы гендерлік қысымсыз тәрбиелеу мен қоғамда өзін еркін сезінуіне мүмкіндіктері жатыр. Бұл сән үрдісі ғана емес, сонымен қатар қоғамның жеке бостандық пен теңдік туралы өзгеретін көзқарасының көрінісі. Бұл атаулар өзін-өзі көрсету, мәдениеттерді біріктіру және ескірген стереотиптерді шақыру үшін кеңістік құруда маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде бізде қоғам құрудың бірегей мүмкіндігі бар, онда әрбір есім адамның жынысына емес, оның құндылықтарына ие.

Қорыта келгенде, мақаланың мақсатына байланысты қазіргі замандағы қосжынысты есімдердің қазақ тіліндегі көрінісі туралы айтылды. Қолданыстағы есімдердің біршамасы таңдап алынып, олар құрылымына және мағыналарына қарап топтап көрсетілді. Сауалнама және деректердің нәтижелерін назарға ала отырып, қос жынысты есімдердің қазіргі заманда кең таралғанын білуге болады. Олар дүниенің басым мемлекеттерінде кездеседі. Тек Исландия және Германия сынды елдердің есімдер адамның жынысын білдіру керек деген шектеулер бар. Бұндай жағдайды жыныстарды шатастырып, құжат рәсімдеу қиындықтарын тудырумен қатар, адамға өзін анықтауға кедергі келтіретіндіктерімен түсіндіреді. Қазақстанға келер болсақ, бұл елде де жынысты анықтауға мүмкіндік бермейтін есімдер кең таралып жатыр. Олар көбінесе қысқа және көзшалымға оңай көрінеді. Ата-аналардың балаларына бейтарап есім беруінің тағы бір себебі осы сияқты. Бұл болжам болашақтағы зерттеудің мақсаты болып көрініп тұр.

Бұл мақала ҚР ҒЖБ 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша «Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы гендерлік білім берудің ғылыми тұжырымдамасы: теориялық-әдіснамалық негіздері» (AP19680587) атты жоба аясында дайындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Suleimenova G.S. Effectiveness of Teaching Kazakh Onomastics and Toponyms to University Students // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4(130). – Б. 318–328. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.26>
2. Lag om personnamn. [Electronic resource]. URL: https://www.riksdagen.se/sv/dokument-och-lagar/dokument/svensk-forfattningssamling/lag-20161013-om-personnamn_sfs-2016-1013/ (date of access 15.08.2024)
3. Alvarez L. Jens and Vita, but Molli? Danes Favor Common Names. – 2004. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2004/10/08/world/europe/jens-and-vita-but-molli-danes-favor-common-names.html> (date of access 15.08.2024)
4. Tagliabue J. A Swede by Any Other Name. In Fact, Many Swedes. – 2011. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2011/02/01/world/europe/01stockholm.html> (date of access 15.08.2024)
5. Marszal A. Why you can't be called Duncan in Iceland. – 2014. [Electronic resource]. URL: <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/europe/iceland/10930163/Why-you-cant-be-called-Duncan-in-Iceland.html> (date of access 15.08.2024)
6. Bertrand M., Mullainathan S. Are Emily and Greg More Employable Than Lakisha and Jamal? A Field Experiment on Labor Market Discrimination // The American Economic Review. – 2004, September.

7. Әлиакбарова А.Т. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2020. – 278 б.
8. Barry H., Harper A. Feminization of unisex names from 1960 to 1990 // *Names*. – 1993. – Т. 41, №4. <https://doi.org/10.1179/nam.1993.41.4.228>
9. Barry H., Harper A. Unisex names for babies born in Pennsylvania 1990–2010 // *Names: A Journal of Onomastics*. – 2014. – Т. 62, №1. <https://doi.org/10.1179/0027773813Z.00000000060>
10. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы (Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
11. Мусабекова У.А. Мотивациялық аспект антропонимдердің қазақ және орыс тілдеріндегі көрінісі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1996. – 24 б.
12. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 239 б.
13. Тұранов Ы.Ә. Қазақ антропонимдерін дәуірлеу мәселелері // *ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы*. – 2012. – №5–6 (139–140). – Б. 211–216.

REFERENCES

1. Suleimenova G.S. Effectiveness of Teaching Kazakh Onomastics and Toponyms to University Students // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4(130). – В. 318–328. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.26>
2. Lag om personnamn. [Electronic resource]. URL: https://www.riksdagen.se/sv/dokument-och-lagar/dokument/svensk-forfattningssamling/lag-20161013-om-personnamn_sfs-2016-1013/ (date of access 15.08.2024)
3. Alvarez L. Jens and Vita, but Molli? Danes Favor Common Names. – 2004. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2004/10/08/world/europe/jens-and-vita-but-molli-danes-favor-common-names.html> (date of access 15.08.2024)
4. Tagliabue J. A Swede by Any Other Name. In Fact, Many Swedes. – 2011. [Electronic resource]. URL: <http://www.nytimes.com/2011/02/01/world/europe/01stockholm.html> (date of access 15.08.2024)
5. Marszal A. Why you can't be called Duncan in Iceland. – 2014. [Electronic resource]. URL: <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/europe/iceland/10930163/Why-you-cant-be-called-Duncan-in-Iceland.html> (date of access 15.08.2024)
6. Bertrand M., Mullainathan S. Are Emily and Greg More Employable Than Lakisha and Jamal? A Field Experiment on Labor Market Discrimination // *The American Economic Review*. – 2004, September.
7. Aliakbarova A.T. Zhana aleumetik-madeni zhagdaidagy zamanau qazaq antroponimiasy: transmissia, transformacia: filol. gyl. dok. ... dis. [Modern Kazakh anthroponymy in a new socio-cultural context: transmission, transformation: dis.]. – Алматы, 2020. – 278 б. [in Kazakh]
8. Barry H., Harper A. Feminization of unisex names from 1960 to 1990 // *Names*. – 1993. – Т. 41, №4. <https://doi.org/10.1179/nam.1993.41.4.228>
9. Barry H., Harper A. Unisex names for babies born in Pennsylvania 1990–2010 // *Names: A Journal of Onomastics*. – 2014. – Т. 62, №1. <https://doi.org/10.1179/0027773813Z.00000000060>
10. Zhanuzaqov T.Zh. Qazaq esimderinin tarihy (Lingvistikalıyq zhane tarihi-etnografialıyq taldau) [History of Kazakh names (linguistic and historical and ethnographic analysis)]. – Алматы: Gylym, 1971. – 218 б. [in Kazakh]
11. Musabekova U.A. Motivacialıyq aspekt antroponimderdin qazaq zhane orys tilderindegi korinisi: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Motivational aspect expression of anthroponyms in Kazakh and Russian: abstract]. – Алматы: Abai atyndagy Almaty memlekettik universiteti, 1996. – 24 б. [in Kazakh]
12. Madiyeva G.B. Imia sobstvennoe v kontekste poznanıa [Proper name in the context of cognition]. – Алматы: Qazaq universiteti, 2010. – 239 б. [in Kazakh]
13. Turanov U.A. Qazaq antroponimderin daırlıy maseleleri [Problems of the epoch-making of Kazakh anthroponyms] // *QazUU habarshysy. Filologia seriasy*. – 2012. – №5–6 (139–140). – В. 211–216. [in Kazakh]

ӘОЖ 81 (091); 81(092); МҒТАР 16.01.07
<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>С. УТЕБЕКОВ¹, Ш.П. ҚАРСЫБЕКОВА², Г.О. СЕЙДАЛИЕВА³¹PhD, Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: senuteb@gmail.com²филология ғылымдарының кандидаты,Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz³PhD, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: g.seidalieva@abaiuniversity.edu.kz

АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ «КӨҢІЛ» ЖӘНЕ «ДИЛ» СӨЗІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа. Мақалада Ясауи хикметтерінде қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшелігі, мәндік, ұғымдық алуандығы жағынан ерекше көзге түсетін *көңіл* және *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің лексика-семантикалық ерекшеліктеріне байланысты талдау жасалады. Алдымен *көңіл* сөзінің этимологиясы, қалыптасу, даму процестеріне байланысты кейбір пікірлерге және әртүрлі дереккөздеріндегі анықтамаларға қысқаша тоқталады, мәні, тура және ауыспалы мағыналары, сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі фразалық тіркестерді жасаудағы қызметтері, мағыналық бояулары жайында баяндалады. Одан соң *көңіл* және *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдеріне қарай және грамматикалық мағынасына (сөз табына қатыстылығы) қарай топтарға ажыратылады. Одан соң мақаланың мақсатына сәйкес адамның мінез-құлқы, қадір-қасиеті, эмоциясы, сезімі секілді әр түрлі психикалық жай-күйін білдіруде үлкен қызмет атқаратын фразеологиялық тіркестерді хикметтегі жолдардың құрамында көрсетіп, олардың білдіретін мағыналары жөнінде мәлімет беріледі. Бұларды жинақтай келе, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жалпылама «адамның жақсы-жаман мінез-құлқына, сана-сезіміне байланысты перифраздар» және «адамның түрлі психикалық жай-күйін білдіретін перифраздар» деген екі топқа ажыратып, олардың қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, сүйсіну, қайран қалу, аңтарылу, қорқу, сескену, қуану, шаттану, жұбану, төзу, мақтану, шабыттану, қобалжу, қынжылу, ұялу, ұнату, қолдау, жетелеу секілді әртүрлі мағыналық, мәндік, баламалық қасиеттеріне қарай ішінара бірнеше топқа ажыратып, көрсетілді.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Утебеков С., Қарсыбекова Ш.П., Сейдалиева Г.О. Ахмет Ясауи хикметтеріндегі «көңіл» және «дил» сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 54–68. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>

*Cite us correctly:

Utebekov S., Qarsybekova Sh.P., Seidalieva G.O. Ahmet Yasawi hikmetterindegi «konil» zhane «dil» sozinin qatysuymen zhasalghan frazeologialyq tirkesterdin leksika-semantikalyq erekshelikleri [Lexical and Semantic Features of Phraseological Phrases with the Participation of the word “Köñil” and “Dil” in the Wisdom of Akhmet Yasawi] // *Yasawi universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 54–68. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.193>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

Кілт сөздер: Ясауи хикметтері, абстрактылы атаулар, фразеологиялық тіркестер, лексикалық мағына, семантикалық өріс.

S. Utebekov¹, Sh.P. Karsybekova², G.Seidaliyeva³

¹*PhD, Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: senuteb@gmail.com*

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz*

³*PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: g.seidaliyeva@abaiuniversity.edu.kz*

Lexical and Semantic Features of Phraseological Phrases with the Participation of the word “Köñil” and “Dil” in the Wisdom of Akhmet Yasawi

Abstract. The article analyzes the lexical and semantic features of phraseological phrases with the participation of the words attention and Dil, which are especially distinguished in terms of frequency of use, semantic specificity, significant, conceptual diversity in Yassawi wisdom. To begin with, we briefly focused on some opinions related to the etymology of the word mood, the processes of formation, development and the main definitions in various sources, talked about the essence, literal and figurative meanings, as well as the functions of creating phrasal phrases in Yassawi wisdom, their semantic colors. Then phraseological phrases with the participation of the words mood and Dil are divided into groups according to the way the words are connected and according to their grammatical meaning (belonging to the word class). Then, in accordance with the purpose of the article, phraseological phrases that have a great function in expressing various mental states of a person, such as behavior, dignity, emotions, feelings, are indicated as part of lines in wisdom, and information about their meaning is given. Summarizing these, according to lexical and semantic features, generalizing them into two groups: “periphrases related to good-bad behavior, consciousness of a person” and “periphrases expressing different mental states of a person”, they are divided into sadness, excitement, Nala, disgust, resentment, admiration, admiration, longing, fear, anxiety, joy, delight, comfort, tolerance, pride, inspiration, anxiety, sadness, shame according to various semantic, semantic, and alternative properties, such as love, support, and leadership, it was partially divided into several groups.

Keywords: Yassawi wisdom, abstract names, phraseological phrases, lexical meaning, semantic field.

С. Утебеков¹, Ш.П. Карсыбекова², Г.О. Сейдалиева³

¹*PhD, старший преподаватель
Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: senuteb@gmail.com*

²*кандидат филологических наук, доцент
Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: sholpan.karsybekova@ayu.edu.kz*

³*PhD, Казахский Национальный педагогический университет им. Абая
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: g.seidaliyeva@abaiuniversity.edu.kz*

Лексико-семантические особенности фразеологических выражений с участием слова «көңіл» и «дил» в хикметах Ахмета Ясави

Аннотация. В статье сделан анализ лексико-семантических особенностей фразеологических выражений с участием эмоциональных и ментальных слов, отличающихся по частоте употребления, семантической специфике, смысловому, понятийному разнообразию. Прежде всего, кратко остановился на некоторых мнениях и основных определениях в различных источниках, связанных с этимологией, процессами становления, развития слова ақсау, о значении, прямом и переносном значениях, а также о функциях, смысловой окраске словосочетаний в хикметах Ясави. Затем слова в составе фразеологических выражений, составленных с участием эмоциональных и ментальных слов, подразделяются на группы в зависимости от способа общения и грамматического значения (относительности к классу слов). Далее, в соответствии с целью статьи, в строках хикмета выделяются фразеологические выражения, которые выполняют большую роль в выражении различных психических состояний человека, таких как поведение, достоинство, эмоции, чувства, приводятся сведения об их значениях. После обобщения, они по лексико-семантическим особенностям определены в две группы: «перифразы, связанные с хорошим-плохим поведением, сознанием человека» и «перифразы, выражающие различное психическое состояние человека», разделены на подгруппы в зависимости от различных смысловых, эквивалентных качеств таких как печаль, трепет, проклятие, отвращение, обида, восхищение, удивление, беспокойство, страх, скука, радость, восторг, утешение, терпимость, хвастовство, вдохновение, нервозность, печаль, смущение, симпатия, поддержка, драйв и т.д.

Ключевые слова: Хикметы Ясави, абстрактные имена, фразеологические фразы, лексическое значение, семантическое поле.

Кіріспе

Түркі тілдерінің лексикалық қорының маңызды қабатын абстрактылы ұғымдарға байланысты сөздер (кейде *дерексіз зат есімдер / атаулар*, рус. *отвлечённое имя существительное*, ағ. *abstrakt noun*, фр. *nom abstrait*, нем. *abstraktes nomen*, ар. *ism-i mücerret*, түр. *soyut isim*, *müçärräd isim*, түркм. *abstrakt aatlar*, гагау. *абстракт адлык*, өз. *tavhüm öti*, ұйғ. *абстракт исим*, тат. *абстракт исем*, башқ. *абстракт исем*, құм. *абстрактный ат*, қар.-малк. *абстракт маганалы ат*, ноғ. *абстрактлы ат*, қырғ. *абстрактуу атооч*, алт. *абстракт адалгыш*, хак. *абстрактнай адалгыс*, тув. *тодаргай евес чүве ады ~ абстрактылыг чүве ады*, шор. *көрүнмеенчаткан ат сөзі ~ *абстракт ат сөзі*) құрайды. Ал тілдегі абстрактылы сөздер қабаты әр халықтың әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан ойлау деңгейіне, дүниетанымына, наным-сеніміне, рухани әлеміне қарай дамидығын баса айтуға болады. Осы орайда түрік ғалымы Али Акардың «Тілде ең алдымен деректі заттарға атау беріледі. Дами келе дерексіз ұғымдар пайда бола бастайды. Осы жағынан алғанда дерексіз ұғымдар тілдердің даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі деуге болады» [1, 90-б.] деген пікірі оралады. Абстрактылы атауларға байланысты татар ғалымы А.Р. Нургатина да былай дейді: «Обозначенный нами пласт абстрактной лексики формировался длительное время, о чем свидетельствуют самые первые письменные памятники татарского языка, а также других тюрских языков, он возник в глубокой древности. Обогащение татарского языка абстрактными именами существительными происходило на протяжении всей истории татарского языка. Особенно активным этот процесс становится в периоды роста национального самосознания и культуры. Именно это социально-культурное явление мы наблюдаем сегодня, однако до настоящего времени абстрактная лексика не была предметом специального исследования» [2, 2-б.]. Ғалым айтқандай абстрактылы ұғымдар ұлттық сана мен мәдениеттің дамуына байланысты байып отырады. Сондықтан бұндай ұғымдар – логика, философия, теология, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, лингвистика, әдебиеттану секілді көптеген ғылымдардың аспектісі.

Түркі тілдерінің ең көне ескерткіштерінің тілдік қорында да абстрактылы атаулардың саны жетерлік. Олар түркі тілдерінің лексикалық қорының байлығын ғана емес жоғары мәдениетінің көрсеткіші ретінде бағалануы және олардың әртүрлі қырынан арнайы зерттелуі түркология ғылымының талабы деп ұғыну керек [3, 71-б.]. Абстрактылы атаулар М. Казам-Бек, А. Байтұрсынов, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, М.З. Закиев, Ф.А. Ганиев, Д.Г. Тумашев, Г. Ибрагимов, М. Курбанғалиева, Т. Бангуоғлу, Д. Аксан, К. Аханов, Ғ. Мұсаев, А. Ысқақов, З. Коркмаз секілді көптеген зерттеушілердің еңбектерінде грамматикалық бағытта қарастырылып, жалпылама мәлімет беріліп келеді. Бұл еңбектерде көбіне абстрактылы атаулар тақырыбы көбіне-көп зат есімдердің қатарында ғана сөз болады. Мұның өзі абстрактылы мағынадағы сөздердің лексика-семантикалық жағынан арнайы қарастырыла бермейтіндігін көрсетсе керек. Ал негізінен зат есімдердің конкреттілік, абстрактылық, жалпылық, жалқылық, даралық, жинақтылық, жекелік, топтық секілді ерекшеліктеріне қарай ажыратудың өзі сөздердің грамматикалық мағыналарынан гөрі лексика-семантикалық мағынасына сәйкес анықталатыны, яғни морфологиялық, синтаксистік әдістерге қарағанда лексикалық әдіске көбірек иек артылатыны белгілі. Сондықтан заттар мен ұғым атауларының бұл қасиеттерін лексика-семантикалық тұрғыдан да арнайы талдануы қажет-ақ. Осы орайда бүгінгі мақалада да түркі тілдеріндегі абстрактылы атаулардың бірі *көңіл* ұғымының мәні, тура және ауыспалы мағыналары, сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі фразалық тіркестерді жасаудағы қызметтері, мағыналық бояулары жайында арнайы баяндалады. Түркі тілдеріндегі көптеген абстрактылы атаулардың ішінен бір ғана *көңіл* ұғымын тандап алудағы мақсатымыз жайында да орынды сұрақтар болуы мүмкін. Бұған байланысты жауабымыз мақаланың негізгі бөлімдерінде де біршама айтылады. Сондықтан алдымен кіріспеде *көңіл* сөзінің этимологиясы, қалыптасу, даму процестеріне байланысты кейбір пікірлерге және әртүрлі дереккөздеріндегі анықтамаларға қысқаша тоқталып өтейік. Э.В. Севортян, А.М. Щербак, А.М. Рясянен бұл сөздің түбірі **көң* сөзі деп санаса, Кононов *кө-* (мағынасын көрсетпейді) етістігімен байланыстырады. Катрузузнский, Нишанян сияқты этимологтар *көгүс*, *көкірек* сөздерімен қатысы барын айтады [4, 161-162-бб.]. Дегенмен бұл сөз көне түркі ескерткіштерінде де *köñül*, *köñl*, *köngül* түрінде жиі қолданылады және ол «көңіл», «жүрек», «пікір», «көзқарас», «қалау», «ой-толғам», «ниет», «тілек», «идея» мағыналарын білдіреді [5, 38-б.], [6, 148-б.] [7, 115-б.]. Қашқарлық Махмұт бұл сөздің «таным», «түсінік», «сезіну», «түйсіну» мағыналарының да бар екенін көрсетеді [8, 361-б.], [9, 738-б.]. Қазіргі түркі тілдерінде өз. *könül*, қырғ., ұйғ. *köñül*, өзб. *köngil*, башқ., тат. *küñil*, чув. *kätäl*, түрк. *gönül*, түркм. *göwün*, қарай. *göñül*, қарақ. *кеуіл*, қараш. балқ. *кәл*, қыр.тат. *күңел* [10, 382-383-бб.], [11, 343] секілді фонетикалық варианттары қолданылады.

Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде *көңіл* сөзінің «1. Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар, т.б.). 2. Ынта, ықылас, ниет. 3. *ауыс*. Қиял, арман. 4. *ауыс*. Пейіл, ниет, ілтипат» мағыналарында қолданылатынын жазады [12, 302-б.]. Түрік тілінің сөздігіндегі мағыналары да осыған ұқсас: «1. Адамның ішкі әлемінде болатын махаббат, ниет, қалау, ой, еске алу, естелік сынды сезімдердің негізі; 2. *ауыс*. Ниет, тілек» [13, 776-б.].

Сол секілді діни сөздіктерде де «1. Жүрек. 2. Қалау, тілек. 3. Ниет. 4. Сезім» мағыналары беріледі [14, 107-б.].

А.С. Закирова қазақ аңыз-әңгімелеріндегі *көңіл* сөзінің қолданысына байланысты мынадай анықтама береді: «Көңіл – айналадағы ортаға, жаһанға, ғаламға, ақиқатқа, дүниеге назар салумен байланысты, олармен өзара үйлесім табуы нәтижесінде орын алатын қилы құбылысты сіңіріп-қорытатын адам жанының сырлы әлемі» [15, 86-б.].

Зерттеу әдістері және материалдар

Мақалада *көңіл* аспектісінің түркі тілдеріндегі және Ясауи хикметтеріндегі мағыналық ерекшеліктері, қолданылу жиілігі, фразеологиялық тіркестер мен перифраздардың құрамындағы қызметі, перифраздардың грамматикалық, лексика-семантикалық мағыналарына байланысты мәселелер көтерілмек.

Жалпы, хикметтердің лингвистикалық ерекшеліктеріне байланысты біршама ғалымдардың еңбектерінде сөз болғанымен, хикметтердегі фразалық тіркестер жекелей алынып, ғылыми тұрғыдан қарастырған жұмыс жоқ деуге әбден болады. Хикметтердегі фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер тақырыбы Р. Сыздықова, З. Каймаз, Б. Қорғанбеков секілді бірлі-жарым ғалымдардың еңбектерінде мағыналық ерекшеліктері жағынан қолға алынды. Шын мәнінде Ясауи хикметтерінің көркемдігін арттырып, әсерлілік бояуын түрлендіріп тұрған бірден бір тілдік элемент фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер екені даусыз. Ал хикметтерде қолданған фразеологиялық тіркестердің арасында ақынның өз қолтаңбасына тән тіркестермен қатар түркі халықтарына, қала берді түпкі танымы жағынан мұсылман халықтарына ортақтарының жиі ұшырасуы назар аудартады. Сондықтан да Ясауи хикметтерінің лексикасының ауқымды бөлігін құрайтын фразеологиялық тіркестерді арнайы зерттеу ғылым үшін өте маңызды екені сөзсіз. Алайда, бір ғана мақала көлемінде хикметтердегі бүкіл фразеологиялық тіркестерді қарастырудың мүмкін еместігін ескерткіміз келеді. Осыған орай, бұл мақалада Ясауи хикметтерінде қолданылу жиілігі, мағыналық ерекшелігі, мәндік, ұғымдық алуандығы жағынан ерекше көзге түсетін *көңіл* және *дил* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестерді ғана қарастыру мақсат етілді.

Мақалада қолданылған материалдардың жинақталуы барысында «Диуани хикметтің» қазірге дейін оқылып, толық нұсқасы транслитерациясы және факсимилесі ғылыми айналымға енгізілген Көкшетау (ДХ/К), Санкт-Петербург (ДХ/П), Мысыр (ДХ/М), Стамбұл (ДХ/С), Эмил Эсин (ДХ/Э) нұсқалары және Кемал Эраслан ұсынған таңдамалы хикметтер жинағы пайдаланылды.

Мақалада сипаттамалы, баяндау әдістерімен қоса, ғылыми негізін жасау, перифраздардың мағыналық ерекшеліктерін, баламалық, синонимдік деңгейлерін ажыратып көрсету және қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыстары мен мағыналық бояуларын анықтау үшін концептуалды әдіс, синхорониялық (салыстырмалы) әдіс, семантикалық интеграл (жалпылаушы) және семантикалық дифференциал (нақтылаушы) әдістері негізге алынады.

Талдау мен нәтижелер

Түркі халықтарының қай кезеңінде жазылған туындысын алмасақ та, *көңіл* ұғымының алатын орны ерекше. Бұл дәстүр қазақ ауыз әдебиетінде де, қазірге дейінгі жазба әдебиетінде де үзілген жоқ. Түрік ғалымы Жемал Курназ бұл туралы «Парсы тіліндегі *дил*, *дерун*; араб тіліндегі қалб, хатыр, түркі тілдерінде йүрек «жүрек», жан, рух сөздерімен де баламалас қолданылатын *гөнүл* «көңіл» сөзі түркі әдебиетінің диуан, халықтық және діни-сопылық сарындағы үлгілерінде ең көп орын алатын тақырыптардың бірі болып табылады» деп жазады [16, 150-б.]. Өйткені ғалым А.С. Закирова айқындағандай *көңіл* ұғымының тілде психологиялық, танымдық және бейсаналық рөлі ерекше. Көңілдің «әсершілдік, танымдық мүмкіндігі шексіз» және ол «адамның бейсаналық халін танытады» [15, 85–86-бб.]. *Көңіл* ұғымы Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүніс Әміре секілді сопылық әдебиет өкілдерінің шығармашылығында да үлкен мәнге ие. Баласағұн *көңіл* ұғымына мынадай жолдар арқылы сипаттамалар береді:

Көңіл – түпсіз терең теңіз бүгінде,

Білім – інжу жататұғын түбінде [17, 332-б.].

Кеудем оқ, көңілім садақ секілді еді.

Енді көңілімді оқ, кеудемді садақ еткім келді» [18, 51-б.],

Ясауи жырларында да жиі кездесетін *көңіл*, *дил* (ДХ/К-де 62 рет, ДХ/М-де 65 рет, ДХ/П-де 70 рет, ДХ/С-де 68 рет, ДХ/Ә-де 42 рет жұмсалған) ұғымдары ерекше мәнге ие. Мысалы:

Қайдасың деп, қайдасың деп ғашық айтар,

Ғашықларға хаж не болғай машұқ айтар.

Ағзы айтмас, тили айтмас, дил айтар,

Үш йүз алтмыш тамурлары лерзан қылу [19, 211-б.].

Бұл хикметтердегі «аузы бен тіл айтпайды, көңіл айтады» деген жолдары Абайдың «Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады» деген ойларымен сабақтасып жатқандай.

Зерттеушілердің берген мәліметіне қарағанда Абай шығармаларында да ең жиі кездесетін сөз «көңіл» сөзі болса керек. Яғни 238 рет (поэмаларында 5 рет, аудармаларында 36 рет, өлеңдерінде 141 рет, қара сөздерінде 54 рет) қолданылған. [21, 112–113-бб.].

Сонымен бірге түркі тілдерінің ең көне ескерткіштерінің өзінде *көңіл* сөзі қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, қайран қалу, аңтарылу, қорқыныш, сескену, қуаныш, шаттану, мақтану, шабыттану, қобалжу, ұялу, ұнату секілді адамның психикалық жай-күйіне, эмоциясына, сезіміне байланысты фразеологиялық тіркестердің құрамында келіп, баяндаудың эмоционалды экспрессивті бояуын арттыруда орасан зор қызмет етіп жатады. Мысалы, Күлтегін ескерткішіндегі *köñülte sigit kelser* «көңілге қайғы келсе» [22, 344-б.], [5, 38-б.], *köñülteki sabımın urturttum* «көңілдегі сөзімді жаздырттым» [5, 38-б.] деген секілді тіркестер осы сөзіміздің дәлелі. Сол секілді *көңіл* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизм, перифраз, идиома секілді поэтикалық тіркестер Жүсіп Баласағұн, Ахмед Ясауи, Ахмед Жүгінеки, Әлішер Науаи, Атаи, Лүтфи сынды түркі ақын-шайырларының барлығының шығармаларында көптеп кездесіп отырады. Орта ғасырлық түркі ескерткіштерін зерттеуші М. Сабырдың берген мәліметіне қарағанда қыпшақ ескерткіштерінде де *көңіл* сөзінің ұйытқы болуымен *көңүл соңқұры*, *көңүл көзгүсі*, *көңүл құшы*, *көңүлі тар*, *көңүлі йарым*, *құлан көңүл* секілді фразеологиялық тіркестер жасалған [23, 118-б.]. Анадолы түркілері арасынан шыққан ұлы шайырлардың бірі Жүніс Әміреде *gönül yıktak* [24, 1-10-б.], *gönümüzi päs eylemek* [24, 16-б.], *gönüllere girmek* [24, 18-б.], т.б. фразеологиялық тіркестер кездеседі. Жүніс Әміренің қолданған бұл тіркестері арғы-бергі түрік қаламгерлерінің тілінде де, қазіргі түрік әдеби тілінде де жиі жұмсалады.

Абай шығармаларында да *көңіл* сөзі тірек сөз ретінде қолданған фразеологиялық тіркестер жетерлік. Мысалы: *көңіл аулау*, *көңіл ашу* (*көңіл көтеру*), *көңіл беру* (*көңіл қою*), *көңіл бөлу*, *көңіл жету*, *көңіл жіберу* (*көңіл қою*), *көңіл көтерілу*, *көңіл қайту*, *көңіл қою*, *көңіл өсу*, *көңіл толу*, *көңіл тою*, *көңілге алу* (*ойлау*, *ойға алу*), *көңілге бекіту*, *көңілге жағу*, *көңілге келу*, *көңілге салу* (*көңілінен өткізу*), *көңілге түсу* (*көңілге қону*, *көңілге беку*), *көңілге тік келу*, *көңілде суреттеу*, *көңілден кету*, *көңілді қайыру* (*көңілді қайтару*), *көңілі жүру* (*көңілі сағынып жүру*), *көңілі тасу*, *көңілі тыну*, *көңілін басу*, т.б.

Мақалада көріп отырғанымыздай, Көкшетау [25], Мысыр [26], Петербург [27], Стамбұл [28], Эмел Эсин [29], Кемал Эраслан [19], т.б. нұсқаларынан алынған перифраздардың өзі жетпістен асып жығылады. Яғни, алуан түрлі мағына білдіретін бұл перифраздардың құрамында *көңіл* және *дил* сөзі көбіне адамның сан қилы психикалық көңіл-күйін, мінез-құлқын, ойлау, түсіну, сезіну өлшемдерін жеткізуде кілт / тірек сөз қызметін атқарады. Бұл перифраздарды ең алдымен құрылымдық, яғни құрамындағы сөздердің бір-бірімен байланысу формаларына қарай мынадай 4 типі бар.

1) қиыса байланысқан тіркестер: *көңлі бүтүн* (ДХ/С, 77а-9), *көңүл қаттық* (ДХ/К, 576-10), *көңлі сынуқ* (ДХ/К, 25а-5), *көңлі бұзұғ* (ДХ/П, 103а-5), *көңлі сағ* (756-7), *көңлі тірік* (ДХ/П, 40-11) т.б.

2) меңгеріле байланысқан тіркестер: *көңүлге сал-* (ДХ/С, 26-5), *көңүлдерні раушан қыл-* (ДХ/М, 796), *көңліні шад ет-* (ДХ/М, 47а-2), *көңлін аула-* (ДХ/М, 2а/4), *чын көңүлде йығлап йүр-* (ДХ/М, 86а-11), *чын көңүлде күй-* (ДХ/Э, 23а-4), *көңлін ал-* (ДХ/К, 186-1), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 226-11), т.б.

3) матаса байланысқан тіркестер: *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), *көңүл құшы* (ДХ/К, 41а-6), *көңүл көзі* (ДХ/К, 856-2), *көңүлні бустаны* (ДХ/П, 966-11), *көңіл елги* (ДХ/С, 39-2), т.б.

4) қабыса байланысқан тіркестер: *чын көңүл* (ДХ/М, 86а-11; ДХ/Э, 23а-4), *чын дил* (ДХ/М, 226-11), *хаста көңүл* (ДХ/К, 85а-6), т.б.

Сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі көңіл сөзімен жасалған фразеологизмдерді грамматикалық мағынасы (сөз табына қатыстылығы) жағынан шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) заттық мағыналы фразеологизмдер: *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), *көңүл құшы* (ДХ/К, 41а-6), *көңүл көзі* (ДХ/К, 856-2), *көңүл мүлки* (ДХ/К, 29а-4), т.б.

2) сындық мағыналы фразеологизмдер: *көңлі бүтүн* (ДХ/С, 77а-9), *көңүл қаттық* (ДХ/К, 576-10), *көңлі сынуқ* (ДХ/К, 25а-5), т.б.

3) етістік мағыналы фразеологизмдер: *көңіл бағла-* (ДХ/П, 536-6), *көңлі қал-* (ДХ/С, 31-12), *көңлүм қозға-* (ДХ/П, 94а-1), *көңүл йүгүртме-* (ДХ/К, 6а-8), т.б.

Әрине, бұл жерде өзек болып отырған перифраздардың таза грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) қызметін негізге алып отырсақ та, олардың сөйлемдегі қызметі күрделі, әрі әр қилы болғандықтан олардың арасында жеке алғанда етістік мағыналы перифраздар қатарына қосқан тіркестеріміз сөйлем құрамында кейде есімше, көсемше формаларын қабылдай отырып, анықтауыштық (сындық), пысықтауыштық (үстеу), онымен қоса тәуелдік, септік формаларын қабылдап заттық мағынаға ие болады. Сол секілді *көңүл көзі ачылғай му? көңүл елкин ачар* секілді тіркестер етістіксіз де айтыла отырып, фразалық тіркестер құрайтынын ескерсек, біздің жіктеуіміз жай ғана шартты бөлу екенін ұғуға болады. Осы жағынан алғанда І. Кеңесбаевтың «фразеологизмдер мызғымастай болып қалыптасқан сөз таптары бар деп, үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайды» деген пікірінің орынды екенін түсінеміз [30, 85-б.]. Сондай-ақ кейбір перифраздардың лексика-грамматикалық мағынасы мен тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейтіні белгілі.

Ал енді лексика-семантикалық жағынан *көңіл* сөзінің қатысуымен жасалған перифраздар адамның мінез-құлқы, қадір-қасиеті, эмоциясы, сезімі секілді әр түрлі психикалық жай-күйін білдіруде қызметтер атқарады. Сондықтан да олардың мағыналары да алуан болып келеді. Оларды жалпылама төмендегіше топтауға болады.

ғарқ-әб болған көңүл мұңға толы көңіл

Зулмет баһри ішінде ғарқ-әб болған көңүлні,

Сайқал беріп хем бірлен зенгәрны ачарлар (ДХ/К, 48а-2).

көңлі бүтүн уайымсыз, мұңсыз, көңілі тоқ

Жанны жанға пәйуанд йетіп рәнгі аулап,

Көңлі бүтүн халайиқдын қаттым мән-а (ДХ/П, 77а-9).

көңүл қаттық мейірімсіз, қатал, тасжүрек

Көңүл қаттық беһайимдин діні сүстлер,

‘Ашықлары өлмей тұрұп фенә болсұн (ДХ/К, 576-10).

көңли сынұқ ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы

Көңлүм сынұқ көзүм йашлық қадим меләл,

‘Ышқ һанжері йүрек бағрым тешті достлар (ДХ/К, 9а-10).

көңлі бұзұғ қайғылы, мұңды, уайымшыл

- Хақ уаслыны тапмай ізлеп хайрана мен,
Тынмай йығлап көңлі бұзұғ ойрана мен (ДХ/П, 103а-5).
көңлі тірік саналы, сезімтал
Нәфсі өлүк, көңлі тірік мисл мелек,
Мұндағ болмай пірдін баһра алса болмас (ДХ/П, 40-11).
көңлі саф көңілі таза, ақпейіл, ниеті түзу
Білің төртүншісі ‘абд-менәфдүр,
Аларны білсе хер кім көңлі сәфдүр (ДХ/К, 756-7).
көңлі қара мұнды, қайғылы
Сач сақалым көп ақарды көңлүм қара,
Руз-ы маһшар раһм етмесен һәлім тебәх (ДХ/К, 10а-2).
көңүл бағы адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
‘Өмрүм күллі хазан болды емді түйдим,
Көңіл бағы сабаз сенде білмей йүрдім (ДХ/С, 17-9).
көңүл құшы (ұч-) армандау, қиялдау, қиялға берілу
Көңүл құшы һазрет ұчүп йүрүр,
Бұ дүниәны мизәбыдын кечер болғай (ДХ/К, 41а-6).
көңлүм құш дек ұч- қиялдау, арманға берілу
Өзім фақыр болдым хақыр келдім муқыр,
Қанат қақып ұчар құш дек көңлүм менің (ДХ/М, 104а).
көңүл сор- көңілін табуға тырысу, қамқор болу
Ічтім шараб болдүм һараб аслым тұрап,
Келдім күреп көңүл сорап ‘ышққа қарап (ДХ/М, 104б-5).
көңліде сүй- қатты жақсы көру, сүю
Хадиже көңліде аны сүйедүр,
Мұхаммед ‘ышқыда ічі күйедүр (ДХ/К, 76а-9).
көңліге йар бол- қатты жақсы көру, сүю
Ресулны көңліге йар болды Алләх
Аның дек хич кіші болмаптұ ба Алләх (ДХ/К, 76б-10).
көңлүм таш- қайғы-мұннан арылу; жаны жай табу, іштей риза болу
Көңлүм ташты ‘ақлым шашты ‘аршқа ашты,
‘Өмрүм кечті нефсім қатты беһрім ташты (ДХ/М, 104а).
көңлү ойран іші қайғы-дертке толы
Өзі һайрән көңлі ойран көзі йашлық,
Құдретіға һайран болұп қалдым мен-а (ДХ/Э, 22б-10).
көңүл көзи (ачыл-) қуану, шаттану; жүрегіне иман құйылу, ішкі дүниесі жақсы жағынан өзгеру
Құл һуәже Аһмед көңүл ачылғай мұ,
Тіллерімдін дүрр ү геухер сачылғай мұ (ДХ/К, 85б-2).
көңүл мүлкіні (ач-) қуану, шаттық бөлену
Һошланмайдүр ‘әлімлер бізні айған түркіні
‘Ариф ‘ашық ешітсе ачар көңүл мүлкіні (ДХ/К, 29а-4).
көңүл ічре адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
‘Арш істесең мұ’мін құлны көңүлні ічре,
Һаққ тілесең мұ’мін құлны көңүлні ічре.
Көрер болсаң мұ’мін құлны көңүлні ічре,
Ей, йәрәнлар йаһшы қалың та көргенче (ДХ/К, 30б-2)
көңлүм ташым адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі мен тәні, жаны мен тәні
Еліг алты йашқа йеттім мұңлұғ башым,

- Еренлердін бехре алмай көңлүм ташым (ДХ/К, 14а-4)
көңүл бостаны адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі
Бү көңүліні бустаныдүр ‘ажаб бустан,
Йыл ішінде сайрашұрлар һәзар дастан (ДХ/П, 966-11).
- көңүл елгін ач- қамқорлығына алу
Келің, достлар, Алла йадын даим айтың,
Алла йады көңіл елгін ачар, достлар (ДХ/С, 39-2).
- көңүлге сал- жүрекке ұялату, бойға сіңіру
Көңлімге салып ‘ишқ уа махаббатны илаһим,
Қылғыл мені сен ‘ашық йақтай, Мұхаммед (ДХ/С, 26-5).
- көңүлдерні раушан қыл- көңілге жарық беру, ерекше сезімге, рахатқа бөлеу
Аллаһ йады көңілдерні қылұр раушан,
‘Ашықларға Хұдә өзі уа‘да қылған (ДХ/М, 796).
- көңүл көзін йарутма- көңіл көзін ашу, иманға келу
Көңүл көзін йарутмайын тә‘ат қылса,
Дерғаһыға мақбул емес білдім мен-е (ДХ/Ә, 266-11).
- көңүл мүлкін йарутма- көңіл көзін ашу, иманға келу
Көңүл мүлкін йарутмайын тә‘ат қылған,
Дергахыге қабул ермес білдім мен-е (ДХ/М, 456-7)
- көңліні шад ет- қуанту, сүйсіндіру
Қанлар төкүп көзлерімдін йад етмедім,
сендин қорқуп хаста көңлүм шад етмедім (ДХ/М, 47а-2).
- көңлін аула- көңілін табуға тырысу, қамқорлық жасау
‘Ақыл ерсең ғарышларны көңлін аула,
Мұстафа дек елні кезіп йетім қаула (ДХ/М, 2а/4).
- көңүл бағла- біреуді қатты жақсы көру, ұнату, ғашық болу
Алла дейүп көңіл бағлаб турға ашқан,
Тәжәллінің нуры бірлә ‘ақлы шашқан (ДХ/П, 536-6).
- көңүл қой- жақсы көру, шын сүю
Бірімде талиб болұб йолге кірдім,
Ихлас бірлә йалғұз Хақге көңүл қойдұм (ДХ/П, 946-6).
- көңүл бер- илану, сену; назар аудару, ден қою
Алтмыш ұшде нидә келді құл йерге кір,
Хем жәныңмын жәнәныңы көңүліні бер (ДХ/К, 15а-10).
- көңүл кес- тыйылу, арылу, бас тарту
Аһмед ‘ышққа қадем қой нефси һевәдын көңүл кес,
Һақиқат чын ‘ашыққа раһмет нисәр етерлер (ДХ/К, 48а-8).
- көңүл йару- қайғы-мұңнан арылу, көңіл-күйі орнына келу
Теубе қылған ‘ашықларға раһим ерүр,
Түні күні тұрса сәйым көңүл йарұр (ДХ/К, 50а-10).
- көңүл ач- қайғы-дертін ұмыту, көңілдену
Һуәже Аһмедні асрар тұрғай өзі бидары,
Ачар көңүл зенәры йатмас сеһерде тұрғай (ДХ/К, 686-7).
- көңлі қорқ- іштей шошу, үрейлену, сескену
Қыйәметні шиддетідін ‘ақлым һайрән,
Көңлүм қорқған жәным бірйән һәне ойран (ДХ/К, 10а-11).
- көңлін ал- райына қарайлау; көңілінен шығу
Һайр ұ сеһа қылғанлар йетим көңлін алғанлар,
Чеһәр-йәрлар хем-рәхы кеусер лебінде көрдүм (ДХ/К, 186-1).

- көңүл үз-* бас тарту, күдер үзу, тыйылу
Аслā өзні білмеген көзде йашы ақұзмаген,
Дүнийāдын көңүл үзмеген мен дек гүнāх-кār бар мұ хич (ДХ/К, 346-1).
- көңүл ейле-* разы қылу, көңілін аулау
Тā ат йарағын қылмадым һақны көңүл ейлемедім,
Көп йығлабан зікір етмедім мен дек гүнāх-кār бар мұ хич (ДХ/К, 35а-1).
- көңүл қат-* қолдау көрсету
Би-һабар айтсам ешиткүчі дāнā қаны,
Би-һабарлар ешитсе көңлі қатар достлар (ДХ/К, 726-1).
- көңүлде сақла-* ұмытпау, көңілге тоқу, санаға сіңіру, ойға түю
Бабасыны білсең ‘Абду’л-Мутталиб,
Көңүлде сақлағайсыз йаһшы біліп (ДХ/К, 756-3).
- көңүл йүгүрт-* ықыласы ауу, ұнату
Һақиқатды сөзлер айдым ешитмедің,
Ей, би-һабар һаққа көңүл йүгүртмедің (ДХ/К, 6а-8).
- көңүл савут-* тауаны қайту, шошыну; жабырқандыру
Дүнийā һарām андын көңүл савутмадың,
Залмлерні сана жазā бердім мен-е (ДХ/К, 6а-9).
- көңүл ичре сал-* көңілге ұялату, бойға сіңдіру, көңіл көзін ашу
Нāгeһāндын тұрұрұма қамұғ бүзүрг,
Һаққ ‘ышқны көңлүм ічре салды достлар (ДХ/К, 8а-7).
- көңүл өзге болма-* шыдау, төзімділік көрсету
Йāды бірле болсалар дидār āрзу қылсалар,
Хер ченд һārлық көрселер көңүл өзге болмасұн (ДХ/К, 44а-9).
- көңлін ағрыт-* қатты қынжылту, ренжіту
Зāлым болұп зұлм еткен йетім көңлін ағрыткен [19, 316-б.]
- көңүл тындұр-* дегені болу, жаны жай табу, іштей ризашылық білдіру, ойындағысы болу
Құл Һуāже Ахмед Йасауидін көңүл үздүр,
Һәмә қылса Хақ йадыге көңүл тындұр (ДХ/П, 100а-8).
- көңүл төңрүт-* жан-тәнімен берілу, жақсы көру, сүю, ғашық болу
Хақиқатдын сөзлэгәнīm ешитмәдің,
Дунйа үчүн Хаққа көңүл төңрүтмәдің (ДХ/П, 596-12).
- көңлү биһош бол-* уайымға берілу, қайғыру
Сират атлық көфрүкідін дилім ларзан,
‘Ақлым көңлүм биһош болұб қалды дуслар (ДХ/П, 94а-3).
- көңлі қал-* ренжу, тауы шағылу
Нича айтсам ешиткүчи билган қане,
Бихабарга айтсам көңлі қалар, достлар (ДХ/С, 31-12).
- көңүл қозға-* ойды тербеу, санаға сан түрлі ой салу
Қыйамет шиддәтідін ‘ақлым хайран,
Көңлүм қозғаған жаным һәу рәккән хана ойран (ДХ/П, 94а-1).
- қараңғұлұқ басқан көңүл*
Харām шүбхе қараңғұлұқ басқан көңлүм
раушен болұп дүрр ү гаухар сачар мұ кин (ДХ/К, 85а-4).
- чын көңүлде йығлап йүр-* жылып-сықтау, уайымдап көз жасын төгу
Чын көңүлде ағлап йүргілі Һұда білсүн,
Халқ ічинде рәсуа болғыл ‘алам күлсүн (ДХ/М, 86а-11).
- чын көңүлде күй-* жаны ауыру, күйіп жану
Чын көңүлде күйгенлерге дидар ‘atā,

Йалған ‘ашық йолға кірсе хеме hatā (ДХ/Э, 23а-4).

Хикметтерде парсы тіліндегі *дил* сөзінің негізінде құрылған фразеологиялық тіркестер де кездеседі. Олардың да көбісі етістік мағыналы тіркестер екенін көреміз. Мысалы: *дилін ач-* (ДХ/М, 776-6), *дилін сор-* (ДХ/С, 71-77), *жәны вү дили күй-* (ДХ/К, 536-10), *жән ү диліні бір тен қыл-* (ДХ/К, 586-1), *жән ү диліні иһсән қыл-* (ДХ/К, 586-5), *жән ү дилде йығла-* (ДХ/П, 656-12), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 226-11), *диллері сафā бол-* (ДХ/К, 57а-10), *диллеріні сафā қыл-* (ДХ/К, 836-6), *дили айт-* (ДХ/П, 976-14), т.б.

Ендігі бір тобы – сындық мағынаға құрылған тіркестер. Мысалы: *дили көңлі қара* (ДХ/М, 1106-11), *дилім қаттығ* (ДХ/С, 1-33).

Заттық мағынаға ие тіркестер де кездеседі. Мысалы:

дили айина дек сұмдық-қулығы жоқ, адал

Дили айина дек садикға айтың,

Һәммә күр-у кәру батины кәззаф (ДХ/П, 7а-1).

кір дил ниеті мен тілегі таза емес

Кір диліде болмаса йүз дәғ-ы дерд,

Ей, бирәдер қач аны хем-дем деме (ДХ/К, 54а-8).

Солардың арасында парсы тілінің конструкциясы негізінде құрылған изафеттік тіркестер де бар. Мысалы:

хәл-и дили көңіл ауаны, көңіл райы

Хақиқатлығ чин ‘ашиққа тухфа өзүм,

Махшар күні хәл-и дилін сорғұм кәззаф (ДХ/П, 486-13).

таһт-ы дил көңілдің төрі

Ілгің ачып әмин десең кечер һүдә,

Таһт-ы дилде төубе қылып дидәр көрүң (ДХ/К, 59а-2).

Осындағы кейбір мысалдардан байқанымыздай *дил* сөзімен *көңіл* сөзі бір мағына ие болғанына қарамастан бірге қолданылуы назар аудартады. Мысалы:

дили көңлі қара ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы

Менің хикметлерім нәдан ешітмес,

Дили көңлі қара пендемні тұтмас (ДХ/М, 1106-11).

Ал кейбір тіркестерде *дил* сөзі *көңіл* сөзінің орнында жұмсалады. Яғни мағынасы мен тұлғасы бірдей перифраздарда *көңіл* және *дил* сөздері жарыса қолданылады. Бұл тұста мақаланың жоғарғы жағында берілген *көңіл* сөзіне байланысты перифраздармен салыстырып көруге болады. Мысалы:

дилім қаттығ ~ *көңүл қаттық* (ДХ/К, 576-10) мейірімсіз, қатыгез

Дилім қаттығ, тілім ачығ, өзім залым,

Құран оқып ‘амал қылмай йалған залым (ДХ/С, 1-33).

дилін ач- ~ *көңүл көзи* (ачыл-) (ДХ/К, 856-2), *көңүл мүлкіні* (ач-) (ДХ/К, 29а-4) қайғыдан арылу; қуану, шаттану

Лүтф ейлесен йолсызларға йол берүрсін,

Сажде ейлеп шәкир дилін ачар ерміш (ДХ/М, 776-6).

дилін сор- ~ *көңүл сор-* (ДХ/М, 1046-5) көңілін табуға тырысу, қамқор болу

Иман исламын алұп хал дилін сормағай,

Арслан бабам сөзлерін ешітіңіз табаррүк (ДХ/С, 71-77).

чын дил бірлен күй- жаны ауыру, күйіп жану

Чын дил бірлен күйгенлерге дидәр ‘atā,

Йолған ‘ашық болұп йітірсе бар hatā (ДХ/М, 226-11).

диллері сафā бол- шаттану, қуану

Өткен ‘өмрүм қайта едәлықда,

Нидә үммет қыл диллеріңіз сафā болсүн (ДХ/К, 57а-10).

диллеріні сафā қыл- қуанту, шаттыққа бөлеу

Йолдын азған гүм-рāһларны йолға башла,

Бір назарда диллеріні сафā қылдым (ДХ/К, 836-6).

дилі айт- көңілдегіні айту, сырын ақтару

Диуана сен ерте сеһер қоһ сен-ә,

Нāла зары қылып разы диліңні айт сен-а (ДХ/П, 976-14).

Хикметтер де *дил* сөз *жāн* сөзімен тіркес құрап ерекше фразеологиялық тіркестер жасалады. Мысалы:

жāны вү дилі күй- жаны ауыру, күйіп жану

Күймесе жāны вү дилің нем устыһāн,

Көз йашың аққан білсе сен нем деме (ДХ/К, 536-10).

жāн ү диліні бір тен қыл- жаны мен көңілін бір қылу

И‘тиқāфда һāлис тұрұп нефсині үзұп,

Жāн ү диліні бір тен қылып дидār көрұң (ДХ/К, 586-1).

жāн ү диліні иһсāн қыл- шын ниетпен жақсылық жасау, жомарттық қылу

Би-һабарлар білмес мұны кім қаһрны,

Жāн ү диліні иһсāн қылып дидār көрұң (ДХ/К, 586-5).

жāн ү дилде йығла- жылап-сықтау, уайымдап көз жасын төгу

Жāн ү дилде йығлағыл махшарда йалған болмасұн,

Суфи нақш олдұ ұәли һәр кез мусулман болмады (ДХ/П, 656-12).

Қорытынды

Мақалада Ясауи хикметтерінде *көңіл*, *дил* сөздерінің қатысуымен жасалған жетпістен аса фразалық тіркес мысалға алынды. Қайғы-дерт, тебіреніс, нала, жиіркеніш, өкпе-реніш, қайран қалу, аңтарылу, қорқыныш, сескену, қуаныш, шаттану, мақтану, шабыттану, қобалжу, ұялу, ұнату секілді адамның сан алуан эмоциясына, сезіміне, психикалық жай-күйіне, мінез-құлқына, әрекет-қылықтарына байланысты бұл фразеологиялық тіркестер грамматикалық және лексика-семантикалық мағыналары жағынан жіктелді. Ал бұларды жинақтай келгенде, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай жалпылама екі топқа ажыратуға, одан әрі олардың мағыналық, мәндік, баламалық қасиеттеріне қарай ішінара бірнеше топқа бөліп көрсетуге болатыны дәлелденді:

1. Адамның жақсылы-жаман мінез-құлқына, сана-сезіміне байланысты перифраздар:

Көңілі таза, ақпейіл, ниеті түзу кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі саф* (ДХ/К, 756-7), *дилі айина дек* (ДХ/П, 7а-1) т.б.

Мейірімсіз, қатал, тасжүрек кісі үшін қолданылатын перифраздар: *қаттық көңүл* (ДХ/К, 576-10), *дилі көңлі қара* (ДХ/М, 1106-11), *дилім қаттығ* (ДХ/С, 1-33) т.б.

Саналы, сезімтал кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі тірік* (ДХ/П, 40-11).

Уайымсыз, мұңсыз, көңілі тоқ кісі үшін қолданылатын перифраздар: *көңлі бүтүн* (ДХ/П, 77а-9).

2. Адамның түрлі психикалық жай-күйін білдіретін перифраздар.

Адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі және тәні, жаны мен тәні: *көңлүм ташым* (ДХ/К, 14а-4),

Адамның ішкі әлемі, рухани дүниесі: *көңүл ічре* (ДХ/К, 306-2), *көңүл бостаны* (ДХ/П, 966-11), *көңүл бағы* (ДХ/С, 17-9), т.б.

Армандау, қиялдау, қиялға берілу: *көңүл құшы* (ұч-) (ДХ/К, 41а-6), *көңлүм құш дек ұч-* (ДХ/М, 104а), т.б.

Жүрекке ұялату, бойға сіңіру, көңілге тоқу, санаға сіңіру, ойға түю, көңіл көзін ашу: *көңүлге сал-* (ДХ/С, 26-5), *көңүл көзін йарутма-* (ДХ/Э, 266-11), *көңүл мүлкін йарутма-* (ДХ/М, 456-7), *көңүлде сақла-* (ДХ/К, 756-3), *көңүл ичре сал-* (ДХ/К, 8а-7), т.б.

Жылап-сықтау, уайымдап көз жасын төгу, жаны ауыру, күйіп жану: *чын көңүлде йыглап йүр-* (ДХ/М, 86а-11), *чын көңүлде күй-* (ДХ/Э, 23а-4), *көңлү биһош бол-* (ДХ/П, 94а-3), *жәны вү дилі күй-* (ДХ/К, 53б-10), *чын дил бірлен күй-* (ДХ/М, 22б-11) *жән ү дилде йыгла-* (ДХ/П, 65б-12), т.б.

Көңілдегіні айту, сырын ақтару: *дилі айт-* (ДХ/П, 97б-14).

Көңілін табуға тырысу, қамқорлық жасау, қамқорлығына алу, райына қарайлау; көңілінен шығу; разы қылу, көңілін аулау; шын ниетпен жақсылық жасау, жомарттық қылу: *көңүл елгін ач-* (ДХ/С, 39-2), *көңлін аула-* (ДХ/М, 2а/4), *көңлін ал-* (ДХ/К, 18б-1), *көңүл ейле-* (ДХ/К, 35а-1), *көңүл сор-* (ДХ/М, 104б-5), *дилін сор-* (ДХ/М, 104б-5), *жән ү диліні иһсән қыл-* (ДХ/К, 58б-5), т.б.

Қайғы-мұңнан арылу; қуану, шаттану, көңілдену, шаттық бөлену; жаны жай табу, іштей риза болу, рахатқа бөлену: *көңлүм таш-* (ДХ/М, 104а), *көңүл көзі (ачыл-)* (ДХ/К, 85б-2), *көңүл мүлкіні (ач-)* (ДХ/К, 29а-4), *көңүлдерні раушан қыл-* (ДХ/М, 79б), *көңліні шад ет-* (ДХ/М, 47а-2), *көңүл йару-* (ДХ/К, 50а-10), *көңүл ач-* (ДХ/К, 68б-7), *көңүл тындұр-* (ДХ/П, 100а-8), *диллеріні сафә қыл* (ДХ/К, 83б-6), *диллері сафә бол-* (ДХ/К, 57а-10), т.б.

Қатты жақсы көру, ұнату, ғашық болу, шын сүю; илану, сену: *көңүл багла-* (ДХ/П, 53б-б), *көңүл қой-* (ДХ/П, 94б-6), *көңүл бер-* (ДХ/К, 15а-10), *көңүл йүгүрт-* (ДХ/К, 6а-8), *көңүл төңрүт-* (ДХ/П, 59б-12), *көңліде сүй-* (ДХ/К, 76а-9), т.б.

Қатты қынжылту, ренжіту; ренжу, тауы шағылу: *көңлін ағрыт-* [19, 31б-б.], *көңлі қал-* (ДХ/С, 31-12), т.б.

Қолдау көрсету: *көңүл қат-* (ДХ/К, 72б-1).

Ренжулі, өкпелі; мұңды, қайғылы: *көңлі сынұқ* (ДХ/К, 9а-10), *көңлі бұзұғ* (ДХ/П, 103а-5), *ғарқ-әб болған көңүл* (ДХ/К, 48а-2), *көңлі қара* (ДХ/К, 10а-2), *көңлү ойран* (ДХ/Э, 22б-10), т.б.

Тыйылу, арылу, бас тарту, күдер үзу; тауаны қайту: *көңүл кес-* (ДХ/К, 48а-8), *көңүл үз-* (ДХ/К, 34б-1), *көңүл савут-* (ДХ/К, 6а-9), т.б.

Шыдау, төзімділік көрсету: *көңүл өзге болма-* (ДХ/К, 44а-9).

Іштей шошу, үрейлену, сескену, батылы жетпеу: *көңлі қорқ-* (ДХ/К, 10а).

Ойды тербеу, санаға сан түрлі ой салу: *көңүл қозға-* (ДХ/П, 94а-1).

Сонымен бірге қорытындыда Ясауи хикметтерінен анықталған фразеологиялық тіркестердің басым көпшілігінің қазақ тілінің лексикалық қорында да кездесетінін байқағанымызды атап өткіміз келеді. Көне мен бүгінгі тілдер арасындағы сабақтастықтың көрсеткіші болып табылатын бұл мысалдар келешекте басқа да ғылыми жұмыстарға негіз бола алады. Сонымен бірге Ясауи хикметтеріндегі басқа да фразеологиялық тіркестерді арнайы зерттеп, әртүрлі бағытта қарастыруға негіз болатынына сенім білдіреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Akar A. Türk Dilinin Tarihi. – İstanbul: Ötüken Yayınları, 2005. – 336 s.
2. Нургатина А.Р. Абстрактные имена существительные в татарском языке: автореф. ... канд. фил. наук. – Казань, 2012. – 32 с.
Қазақ балалар әдебиеті – қазақ қоғамымен біте қайнасып, жас жеткіншектердің барынша дамуына үлес қосып, адамгершілікке баулып келе жатқан іргелі сала. Балалар әдебиетінің негізгі көрінісі – шынайы өмір бейнесі мен шынайы кейіпкер. Балалар әдебиетінің негізгі мазмұны баланың ата-анамен, достарымен, қоғаммен, мектептегі ұстаздармен ара қатынасы. Жас балалар өздерінің алғашқы кішкентай кездерінен бастап-ақ үлкен кісілердің істеріне еліктеп өседі. Олар да ұшқыш болып аспанда шарықтасам, суда жүзсем, түрлі машиналар ойлап шығаратын ірі конструктор болсам, мұғалім, ғалым болсам, космонавттар қатарына қосылып, солардай жер жүзін таң-тамаша етсем деп қиялданады. Қиялшыл жасөспірімді дұрыс бағытқа сілтеп, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіретін, сол үшін ат салысатынның бірі – балалар әдебиеті. Оның негізгі мақсаты – қызықты шығармалар арқылы жас жеткіншекті адамгершілікке баулу, имандылыққа тәрбиелу, өмірге төзімді ету.

Сондықтан да баланың өмірге бейімделу үдерісінде алған тәжірибесі өте маңызды. Әсіресе, бала ұзақ уақытын өткізетін мектепте және отбасында алатын адамгершілік тәрбиесі оның жеке басын қалыптастыруда маңызға ие. Адамгершілік тәрбиесі назардан тыс қалса, бала сыртқы ортаның әсерін тез қабылдайды, қабылдаған теріс қателер нәтижесінде әлеуметтік құндылықтарға қайшы келетін жеке тұлға пайда болады. Адамгершілік тәрбиесінде ең бастысы, балалардың адамгершілік мінез-құлықтары оларды өз бойларына орнықтыру арқылы тәжірибеге бағытталады [4, 77–78-бб.].

Жетпісінші-сексенінші жылдардағы қазақ балалар повестеріне тән ендігі бір елеулі ерекшелік — уақыт алға тартып отырған көкейкесті әлеуметтік-моральдық, адамгершілік-этикалық мәселелерді көтеруге айрықша талаптануымен және де өмір шындығын қамту

өрісінің кеңдігімен, шеберлік деңгейінің биіктігімен ерекшеленеді. Балалар әлемі – өзіндік ерекшеліктері мол, күрделі де қызықты әлем. Сол әлемге еркін еніп, небір нәзік сыр-сипаттарды танып, ынтамен зейін салу, көркемдеп, зергерлікпен бейнелеу – қаламгер қауымы үшін үлкен сын. Белгілі сыншы Дандай Ысқақұлы «Сынталқы» еңбегінде [5, 190-б.]: көркем шығарма – жазушының өмірлік тәжірибиесінің көркемдік тұрғыдан сұрыпталып игерілген нәтижесі. Жазушының шығармашылығы – оның өмір жолының, өмірде түйгендерінің көркем көрінісі. Сондықтан да оның өмір соқпақтарына үңілу – қаламгердің өнерпаздық қыр-сырын танып білудің бірден-бір құралы болып табылатындығын айтады.

Моральдық сана – бұл адамның санасында адамгершілік принциптерінің бейнеленуі, яғни адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты және қоғамға қатынасты реттейтін мінез-құлық нормасы. Ол қоғамның дамуына және адамның жинақтаған мінез-құлық тәжірибесіне байланысты қалыптасып, адамгершілік ұғымдары мен ой қорытындыларында көрініс алады. Оның қалыптасуы адамның моральдық категорияларды меңгеруімен шектелмейді, ол адамның бойында көрініс беретін моральдық принциптерге деген көзқарасты қалыптастыруға және осы принциптерді мінез-құлыққа енгізуге ұмтылады. Осыған орай моральдық ұғымдар моральдық сенімге айналады да, моральдық мінез-құлық мотиві пайда болады [6, 115-б.]. Индонезиялық зерттеушілер Сакти және оның әріптестері [7, 84–101-бб.] жүргізген зерттеулерінде мінезді дамытуға назар аудара отырып, жергілікті мәдени құндылықтарды ерте балалық шақтағы білім беруге біріктіру процесін сипаттаған. Жүйелі шолулар мен мета-талдаулар үшін артықшылықты есеп беру элементтері (PRISMA) хаттамасына сәйкес жүйелі әдебиетті шолу (SLR) әдісін қолданған. Зерттеу нәтижелері жергілікті мәдени құндылықтарды ерте балалық шақтағы білім беруге енгізу кейіпкердің дамуын айтарлықтай жақсартатынын көрсеткен. Жергілікті мәдениетке терең енген бұл құндылықтар ынтымақтастық, толеранттылық және әлеуметтік жауапкершілік сияқты мінезді қалыптастырудың әмбебап аспектілеріне де қатысты болады. Сондықтан, бұл зерттеу жергілікті мәдени құндылықтарды біріктірудің балалардың мінез-құлқының дамуына әсер ететін ықпалдары әсерлері туралы құнды түсініктер ұсынады. Бұған қоса, білім беру технологиясының интеграциясын зерттеу балалардың жергілікті мәдени контекстерде оқу тәжірибесін оңтайландыруы мүмкін екендігі айтылады.

Жалпы балалар әдебиетінде болсын, отбасында болсын, бала мен ата-анасының арасындағы байланыс ерекше орын алады. Қазақ балалар әдебиетінде де осы отбасы, достармен қарым-қатынас мәселелері арқау болады. Әсіресе, адамгершілік, тәрбие, достық мәселелері жиі қамтылады. Қазақ балалар әдебиетінде әкенің отбасындағы рөлін ерекше көрсете білген Қаржаубай Омарұлының «Әке» туындысы. Шығармада бала мен әке арасындағы қарым-қатынас, үлкеннің кішіге қамқорлығы, өз ісіне адал болу, балаға дұрыс жолды көрсету, адамгершілік тақырыптары кейіпкердің іс-әрекеті барысында ашыла түседі. Адамгершілік, балаға деген мейірім повестің негізгі тақырыбы дей аламыз. Повесте: «соғыс» деген суық сөз біздің ауылға ажал боп аранын аша түскенде, көкеме шақырту қағазы келді. Көкем сол түні ұйықтаған жоқ шығар. Көкем жол жүрерінде шешемізге: «Мына балаларға бас-көз болып отыр. Өзің жақсы болсаң, бұлар да айтқаныңнан шықпайды. Сенің айтқаның – оларға заң», - дейді. Ұқтыңдар ма дегендей, бізге қарап қойды. Оқшантайды беліне байлап, қос ауыз мылтықты иығына ілді. Жол дорбасын біз алып жүрдік. Көкем Жасқанат пен Әлғалияшты екі қолына көтеріп алды. Томары тиеліп, жүруге дайын тұрған баржаға жақындағанда кілт артына бұрылды. Құмшағанақ жаққа ұзақ қарады.

-Балам, екеуің де құлақ сал сөзіме, Жасқанат болса да кішкентай, қайда жүрсендер де, кім болсаңдар да туған жерлерінді ұмытпаңдар. Онда ата-бабаларың, күні кеше ғана көз жұмған шешелерің жатыр, - деді көкем алға қарай қадамын жиілетіп түсіп. – Туған-туыстар бар. Жеті атаға дейін таратып айтқаным, кімнен кімнің туғаны естеріңде шығар дейді [8, 189-б.]. Әке мен баланың түсінісуі, отбасын соғысқа кетпестен бұрын үлкен ұлына табыстауы, әке мен бала арасындағы байланысты нығайта түскендей. Әке мен бала арасындағы қарым-

қатынас ерекше сипатта тиянақты жазушы тарапынан жеткізілген. Жазушының басты қозғайтын мәселелері – моральдық проблемалар, тәлім-тәрбие мәселелері. Сонымен қатар, адамгершілікке, өз ісіне адал болуға, бауырға қамқор болуға, әке мен ананы сыйлауға үндейді.

Қаржаубай Омарұлының балалардың қиялына ерік беретін «Бала-балапандар» [8] атты повесінде үлкендердің балалармен ұғынысу, тіл табысу барысы әңгімеленеді. Баланың әрекет-қимылдарына зер салып, көркемдік електен өткізіп, айналадағы табиғатты балғындардың барлап-бағалауына аса мән берген.

Кекілді қара домалақ бала еркіндеу екен, келе сала қаламын шұқылап ұстап тұрды да, әп-сәтте қолына алды. Қағазының бір шетіне құстың суретін салып қойды.

- Бұл не? – деді жазушы оның ерке қылығын қызық көріп.

- Соны да білмейсің бе? Бала-балапан, біздің балқондағы қарлығаштың балапаны.

- Атың кім? – деді жазушы. Ол осы ауладағы балалардың есімін түгелге дерлік білетін болса да әдейі сұрады.

- Мұқан. Соны да білмейсің бе? Мынау – Алтынай, анау – Әсем. Өзің не істеп отырсың? Мұнда тығылып...

- Жазушы еріксіз күлді де:

- Сендерге арнап кітап жазып жатырмын, - деп оны арқасынан қағып қойды.

- Алақай, жақсы болды!-деді Мұқан көздері жайнап қағып. – Онда біздің бала-балапан туралы жазыңызшы! – Бірақ ол әрі ертегі, әрі шын болсын, әйтпесе оқымаймын – дейді. Сонымен қатар, Алтынай мен Әсем есімді кішкене кейіпкерлер көкелерінің балқондағы қарлығаш ұясын безендіруін сөз етеді, құсқа қалай қамқорлық жасау қажет екендігін үлкендердің жасаған мейірімділігінен ұғады. Отбасындағы ата, әжесі іспеттес ата қарлығаш, әже қарлығаш, бала қарлығаш деп жан-сырын қарлығаштарға ақтарады. Бірде аталары Мұқан, Алтынай, Әсем үшеуінің дүниені танып, көп білуге ұмтылғандарына қуанып: «Көпті көріп, көп оқығаннан сұра» десе болмас па! Мен де өздеріңнің айтқандарыңнан біраз нәрсе біліп қалдым. Талаптарыңа нұр жаусын, айналайындар!-деп батасын береді.

Көркемдік ойдың өзіндік өрнегі санатында саналуға лайықты шығармалардың бірі — табиғат әлемінен тамыр тартқан туындылар болып саналады. Пейзаждарды суреттеу немесе жан-жануарларды сөйлету немесе натуралистік бақылаулар, сол арқылы эстетикалық категорияларға зер салу, әлеуметтік-философиялық түйіндеулер жасау, балалар әңгімесін жазудағы көркемдік ізденістердің айғағы саналады. Балалар әдебиетін зерттеуші Ж.А. Рүстемова: «Уақыт рухын терең беретін шығармалар туғызу – қазіргі қазақ балалар ақын-жазушыларының алдында тұрған келелі міндеттердің бірі», - дейді [9, 3-б.].

Қаржаубай Омарұлының «Қоңыраулы бесік» повесінде туған жердің қасиетін Смайыл ата: «Туған жер – алтын бесік» деген осы бесікті қала аңызымен тараған-ау! Оны көздің қарашығындай сақтаңдар!-деп ақылын айтады. «Алтын бесік» аңызын балаларға айта отырып, бесіктің қасиетін түсіндіреді, балаларға атамекенді бабаларындай қадірлеп, атамекеннің көркеюіне үлес қосуы керектігін ұғындырады.

Жетпісінші-сексенінші жылдардағы балалар жазушыларының бірі – Тынымбай Нұрмағанбетов. Оның балалар әдебиетіне арқау болған көркем шығармалары өмір шындығын көркем шындыққа өзіндік бағытын айқындаған туындылар. Ол керемет суреткер, шығармаларында жасаған образдарының барлығында дерлік кейіпкердің сезімін оның өмірге деген қатынасын кейіпкердің көңілімен, іс-әрекетімен байланыстыра отырып қарастырады. Қаламгер әрдайым өз ойын жаңаша амал-тәсілдермен беріп отырады. Қысқаша жазған әңгімелерінің өзімен-ақ өзінің суреткер екендігін дәлелдеді. Қаламгердің негізгі ұстанымы туған жерге деген махаббатты көрсету және де еңбек адамын оның адамгершілік сипатын көрсету. Оның суреткерлік болмысымен жасаған сан алуан кейіпкерлері көңілі саф таза жеткіншек, тағдыр тауқыметімен құрдастарынан ерте есейген бала. Тынымбай

Нұрмағамбетовтың «Қарлығаштың ұясы» шығармасының [10, 25–26-бб.]. негізгі кейіпкері жеті жасар Шорман Оштай апасының қолында тәрбиеленеді. Шығарманың негізгі – тақырыбы арқа сүйері жоқ, панасыз жетім балапан тағдырымен ұқсас жетім тағдыры. Дәм-тұзының таусылар сәті таяп қалғанын сезген апасы немересін жақын ағайындарының бірі — Қиянбектікіне жібереді. Жаңа ортаға таңырқай қараса да жатсынбаған Шорман келе сала шамасы келгенінше үй салып жатқан Қиянбек пен Шабаркүлге жәрдем етеді. Автор шығармада баланың кіршіксіз, таза көңілі арқылы және де Қиянбек пен Шабаркүл бейнесінің де тартымды жасалуына басты мән берген. Күнделікті өмірде кездесетін, бәлендей тосындығы жоқ жайттар – Шорманның көзімен қарағанда өзгеше сырлы, қызықты дүние. Баланың тұнық тұмадай таза, кіршіксіз сезімі, нұрлы жан дүниесі, жарық әлемнің әр саласына алып қашқан әдемі қиялы, өзінің бойына шақ, былайғы жұртқа «күлкілі» қылық-қимылдары шыншыл да шебер қаламмен суреттелген.

Бір күні Шорман ойда жоқта әжесінің қайтыс болып кеткенін естіп қалады. Жан-жүрегін орасан күшпен сілкіп, тұнығын шайқап, әдемі қиялдарының астан-кестенін шығарған осы бір оқыс, суық «жаңалық» оған сұмдық әсер етеді. Бұрын жарық секілді әлемнің нұры көмескіленіп, күңгірт тартады. Жат дүниеде жалғыз қалғандай сезінген бала сілесі қатқанша ағыл-тегіл жылағанымен қолынан келер қайраны жоқ, қайда барарын да, қалай ұмтыларын да білмейді. Көңілі қаламаса да енді Қиянбектің үйінде тұруға мәжбүр екенін, осында жүріп ата-анасы тірі, жұмыр жердің бір бұрышында жүргенін, әкесі Есенжол, шешесі Айбарша екенін біледі. Бейтаныс ауылға да тұруға мәжбүр болады. Әжесінің дүние салғанын білмей Шоқатайдың тракторының арқасына да жармасады «мені үйіме ала кет деп». Бірақ оларға барар жол беймәлім, хабар айтар адам белгісіз. Іштей егіледі. Әжесінің айтып берген ертегісі есіне түседі. Санасы сансыраған бала қиялында қарлығашпен тілдеседі, сырласады. Баланың табиғаты мен танымын түгелдей тереңдеп танытқан психологизм осындай сәттерде көркемдік шындықтың өмірлік тамырын тереңдетіп, әлеуметтік-адамгершілік позициясын айқындап, биіктете түскен. Жазушы баланың психологиясын мөлдіретіп шебер жеткізу арқылы өзінің көркемдік концепциясын айқын бейнелеген. Әсіресе, қарлығаштың ұясы мен оның балапанына қамқорлық жасайтын сәттерде өмірлік нақты детальдар, шебер авторлық суреттеу мен бейнелеу баланың рухани әлемін жан-жақты ашып, Шорман образы арқылы өмірлік ситуациялардың көркемдік-эстетикалық, моральдық-әлеуметтік өткір проблема деңгейінде бейнеленуіне өте-мөте «үлес қосқан». Ұшып бара жатқан балапан қарлығаштан көз ала алмай, жанары жасқа толып, үздіге үмітпен қараған Шорманды бір сәт көз алдыңызға елестетеді. Қарлығашқа айтқан сөздері оқырманның көзіне жас алдырады.

Белгілі әдебиеттанушы Құлбек Ергөбек: «Көркем шығарманы өмірдің өзі деп қарайтын, солай қабылдайтын бүлдіршіндердің көңіліне қаяу салмау үшін оларға арналған көркем шығармада иненің жасуындай жасандылық болмауы шарт. [...] Бар ойыңды бала мінезіне құрып жеткізуің керек. Ең бастысы бұл жастағы балаларға бағытталған шығарма сезім арқылы көңілге ұялатуы шарт» деп жазады [11, 168-б.].

Т. Нұрмағамбетовтің «Қош бол, ата» повесі де - осындай проблемалық өткірлігімен, терең психологизмімен қазіргі қазақ балалар прозасының жаңа да ұнамды қырларын көрсететін туынды. «Қош бол, ата» повесі – адамгершілікті, адам бойындағы асыл қасиеттерді, кейіпкердің қатынасы арқылы әсерлі, шынайы суреттелген шығарма. «Қош бол, ата» повесі адамдар мінезін, олардың қарым-қатынасын суреттейтін, адамгершілік, мораль тәрізді келелі мәселелерді қозғайтын реалистік әдемі туынды.

Шығарманың терең ойлылығы, мазмұны арқылы кітап оқырманын бірден өзіне тарта түседі. Қарттың жар дегендегі жалғыз баласы қызмет қуып, қарамай кеткендігі, Жөкең атындағы қарт кісінің өзінің немере інісі Шәденге қарап қалғандығы баяндалады. Немере інісінің балаларының ішіндегі Көктембайды өзіне тартады. Тастап кеткен баласының өзін

жамандыққа қимайды, немересін ешқашан көзбен көрмегендіктен тіптен есіне де түсіре алмайды. Қызмет қуып қалаға кеткен баласынан бір күні хат келеді. Ауылға соғып, аз күн ішінде ауылға немересін тастап кететіндігі туралы хат келгенде қарттың қатты қуанғандағы көңіл-күйі шығармада шынайы беріледі. Баласы екі жыл бұрын шешесі өмірден өткенде екі күнге ғана қарақан басы келіп кеткен еді. Бұл жағдай шалға соншалықты әсер етеді. Бұл шығарманы оқып отырған оқырман Толасбайды соншалықты қатігез, әкеге деген қамқоры жоқ тасбауыр ретінде көріп, оны қартпен бірге асыға сарылып күтеді. Оның елге келуімен жақсы іс-әрекет болатындай сенім артады. Сарыла күткен баласы да ауылға келіп кездесуі шығармада былайша суреттеледі: «Шал баласын жібермей кеудесіне ұзақ қысты. Көзінен жас парлап, иегі кемседеп тұрып, «айналайын, айналайын» деп әлсін-әлсін күбірлеп қояды. Сонан соң келінін құшақтап маңдайынан сүйді. Ал бойы Жорабайдан сәл ұзындау, маңдайына кішкене кекіл қойған, мұрыны Толасбайдың мұрыны сияқты қоңқақтау, бірінші көріп тұрған немересін құшақтай алып, Жөкең еңкілдеп жылап жіберді. Баланың бетінен, мойнынан, кішкене қолдарынан сүйіп-сүйіп, иіскеп ағыл-тегіл жылады кеп... «қайтсын-ай енді» деп Салжан да жаулығының ұшымен көзін сүртіп жатты» [12, 167–168-бб.]. Осылайша, қанша уақыттан бергі баласына деген, немереге деген сағынышын басып, сергіп қалған қарт Жөкең немересін еркелетуден жалықпайды. Кейде бауыр басып қалған Көктембай іштей өкпелеп те қалады. Қарттың есіне еш түспеген немересінің аты Шеген екен. Бар жақсысын жалғызым деп аузына тосқан Толасбайды әке жалғыздығы еш ойландырмайды. Жазушы бала мен әкенің арасындағы әңгімеге сыйғызады. Толасбайға әкесі елге кел, қартайған шағымда көмусіз қалам ба деген сөзіне «Осында да ел-жұрт бар ғой» дейді. Кішкене ғана әке мен бала арасындағы диалогтың ішіне жазушы Толасбайдың қандай қатыгез жан екендігін көрсетіп тұр. Жазушы осы аталған кейіпкерлері арқылы ғана кейіпкердің бар болмысын аша түскен. Шығарма кез келген оқырманды ойландырып, шешімін өзінің табуына қалдырады. Көктембай шығарма соңында оқуға кетіп бара жатып, атасының басына барып: Мен оқуға бара жатырмын, ата, мен әртіс боламын. Ата, сені ұмытпаймын, жиі-жиі келем ғой. Келемін... Мен сені алдамаймын. Қош бол, ата!-дейді [12, 217-б.].

Жалпы балаларға арналған шығармалардың бір сипаты – оның тәрбиелік мақсатты көздейтінінде. Әдебиеттің тәрбиелік мәні дегенде, белгілі қоғамдық ортада қалыптасқан адамның рухани өсуін, көркемдік дүниені қабылдау ерекшелігін ескереміз. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген қазақ халқының моральдық, этикалық дәстүрлері тәрбиенің өзіне тән нақты бір жүйесі болғанын, ұрпақтардың бұл дәстүрлерінде өз ұлтының дүниетанымын, бет-бейнесін, әдеп, мінез-құлық ережелерін, болашаққа деген сенімін сақтай білгенін көрсетеді. Оның бүгінгі жаңа заман ұрпақтарының адамгершілікті моральдық-этикалық көзқарасын, моральдық-этикалық мәдениетін, моральдық мінез-құлық мен танымдық санасын қалыптастыруда орны ерекше [5, 136-б.].

Әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек: «Балаларға арнап шығарма жазу былай тұрсын, жазылған жақсы шығарманы жыға танып, қабылдаудың өзі бір мәселе. Өлгі шығармаларды түсіну үшін алдымен кім-кімге бала бола білу, балаша ойлау, балаша қабылдау керек» дейді [11, 171-б.].

Индонезиялық ғалым Муаммар мен әріптестері [13, 234–246-бб.] мектептерде әдебиетті жергілікті құндылықтың бір түрі ретінде оқытады, оны мұғалім үйретуі керек дей отырып, әдеби шығармаларды үйде де, мектепте де үйретудің қарқындылығы балалардың адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына айтарлықтай әсер етіндігін айтады. Бұл мақалада дәстүрлі әдебиеттегі моральдық құндылықтар балалардың жақсы мінездерін қалай қалыптастыратынын көрсетеді.

«Бүгінгі балалар – қоғамымыздың келешегі, жасампаз қайраткері. Түптеп келгенде, бұлар – дүниетанымы мен азаматтық қасиеттері қалыптасып үлгірмегенімен, күннен күнге тереңдеп, есею жолында келе жатқан балауса қоғамдық буын. Бұл буынның азаматтық

кредосы мен позициясы, қоғамдық белсенділігі мен адамгершілік табандылығы, моральдық тазалығы мен гуманистік талпыныстары қандай тәлім-тәрбие көруіне тәуелді. Сол себепті әдебиеттің рөлі ерекше екенін екіншісі бірі айтқанымен балғын оқырманды жақсылыққа баулып тәрбиелеуде алуан жанр шығармаларының тек бір түсті бояу, санаулы ғана тәсіл, құралдар арқылы жазылмай өмірдің өзіндей жан-жақты да күрделі, реальды болмыстың өзіндей шыншыл да объективті, сан қырлы тұрғыдан жазылып, соған орай алуан көркемдік ерекшеліктермен даралануы әрі көркемдік шындықтың өмірге жақындауына, әрі балғын оқырмандар танымын түрлі тұрғыдан толықтыра түсуге, кемелдендіруге алабөтен қажетті. Қазақ балалар повестерінің түрлі көркемдік ерекшеліктерін сипаттағанда, оның «таза» әдебиеттану мен көркем сын объектісі екенін ескерумен бірге балалардың адам мен қоғам, заман туралы білім-білігін осылайша әралуан көркемдік тұрғыдан кемелдендіруге атсалысатынын ескеруіміз керек» [14, 97-б.] - дейді ғалым Б. Ыбырайым.

Баланың осындай пәк сезімі арқылы шығарманың айтар ойын жазушы дәл бере білген. Бала көңілі өзінің мәпелеп өсірген қодығының өз қорасына қайта келеріне тым сенімді екені анық. Ал Толасбай секілді тасбауырлардың өз ұясына, туған жеріне келінің өз күмәнді екендігін жақсы көрсете білген. Тынымбай Нұрмағанбетов өз шығармасында лиризм өрнектерін тап басып, кейіпкердің арман-тілегін сағынышын, кейіпкерінің ұлттық мінезін, тұрмысын шынайы көрсете білгенде ғана шығарманың өміршең сипатының айқындалатындығын терең ұғындыра білген. Кейіпкерлердің сөздері көзі қарақты оқырманға қатты әсер ете отырып, көкірегіне ой салады. Толасбай сияқты қатігездерден безіндіреді, Жөкең қар секілді дана кісілерді үлгі тұтады, кішкене де болса Көктембай сияқты баланың әрекеті арқылы ойлантады, оқырман жүрегінде мейірім шуағын ұялатады.

Сыншы Дандай Ысқақұлы: «Дүниедегі барлық зат қарама-қарсылықтың бірлігінен тұрады дейтін болсақ, балалар соның себебін айқындау, іздестіру арқылы ғана өмірді дұрыс тани білетін, сол өмірдің түрлі қайшылықтарына қарсы тұра алатын төзімді күрескер, өмірге бейім азамат болып өсуі тиіс» [15, 288-б.] – дейді.

Қорытынды

Балалар әдебиетінің тәрбиелік маңызы ерекше. Ол жас буынды жан-жақты дамытатын, оларды адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Балалар әдебиеті арқылы бала қалыптасады, ата-анасымен бірге шығармаларды оқи отырып, өз ортасында ізгілік жасауды, адал болуды үйренеді.

Шын мәнінде әдебиет мыңдаған жылдар бойы адам қоғамының болмысын бейнелейтін, бір-бірімен мәңгілік сыйыспас екі ұғым – ізгілік пен зұлымдықтың бітіспес күресінің әр алуан көрінісін, сол күрес үстінде байқалатын адам мінезі мен іс-әрекетін бейнелеумен-ақ, керемет данышпандық туындылар беріп келеді.

Мақалаға арқау болған Қаржаубай Омарұлы мен Тынымбай Нұрмағанбетов шығармаларындағы кейіпкерлер баланың ішкі әлемін, балалық шақтың нәзік табиғатын ашып көрсетуге мән береді. Мұндай туындылар – тек көркем дүние ғана емес, сонымен қатар бала тәрбиесінде, балаға бағыт-бағдар беретін тәрбие құрал ретінде қызмет етеді. Балалар шығармаларындағы бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас баланың дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Қазақ халқында «Әдептілік ар-ұят, адамдықтың белгісі», «Әдеттің ең ізгісі - адалдық», «Адал адамның алды ашық, білімдіге – ел ғашық», «Ата-ананың сөзі, ақыл кеңес көзі» деп айтады. Бұл қазақ халқының бала болашағын ойлап қана қоймай, балалар әдебиеті арқылы өмірдің шынайы көріністерін суреттей отырып, баланы адамгершілік, ізгілік тәрбиесіне баулуы, ата-анаға деген қамқорлыққа, ата-ананың балаға деген мейірімділігін насихаттауы, баланың адал ниетті, адамгершілігі мол тұлға болып қалыптасуына жай қарамай, көңіл бөлгендігінің дәлелі екендігі анық.

Бұл талдау қазақ балалар әдебиетіндегі отбасылық, қоғамдық адамгершілік қарым-қатынастарды реттеуге, балалар мен үлкендер арасындағы моролдық, этикалық түсініктерді нығайтуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазақ балалар әдебиеті – қоғам болмысының, ұлттық құндылықтың, тәрбие бағытының айнасы саналады. Баланың ішкі әлемін көркем сөзбен тәрбиелеу – әдебиеттің ең асыл миссиясы. Осы миссияны жаңаша ұстаныммен жалғастыру – қазіргі заман талабынан туындап отырған басты міндет екені анық.

Қазіргі жаһандану жағдайында, цифрлық ақпараттың әсері күшейген тұста, балалар әдебиеті жаңаша формат пен жаңаша тәсілді талап етеді. Цифрлық платформалар арқылы ұлттық рухты, адамгершілікті насихаттау – балалар әдебиетіндегі болашақ зерттеулердің басты бағыттарының бірі болуы керек. Қазіргі балалар әдебиетінде шетел әдебиетіне еліктеу баршылық, алайда қазақы тәрбие мен қазақы болмыс алда болғаны абзал. Өйткені балалар әдебиеті, кітап – ұрпақты тәрбиелеуші негізгі құрал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Құлсариева А. Этика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 43 б.
2. Yavuz D. Çocuk edebiyatı ve kültürel semboller // *Avrasya Sosyal ve Ekonomî Araştırmaları Dergisi*. – 2019. – Cilt 6, Sayı 4. – S. 175–184.
3. Әбжет Б. Қазіргі кезде ел жадында сақталған фольклорлық мұралардың маңыздылығы мен ерекшеліктері // «Ел қазынасы – ескі сөз» Хал-қ ғыл.-теор. конф. мат. жинағы. – Түркістан: Тұран, 2017. – Б. 3–8.
4. Kuşcu S, Özmen C. Nurettin Topçu'nun Fikir Dünyasında Çocuk ve Ahlak Eğitimi // *Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Eğitim Dergisi*. – 2022. – Cilt 4, Sayı 1. – S. 76–92.
5. Ысқақұлы Д. Сынталқы. – Алматы: Сөздік – словарь, 2005. – 416 б.
6. Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы. – Алматы: Глобус, 2013. – 468 б.
7. Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. Integrating Local Cultural Values into Early Childhood Education to Promote Character Building // *International Journal of Learning, Teaching and Educational Research*. – 2024. – №23 (7). – P. 84–101.
8. Омарұлы Қ. Әке. – Алматы: Балауса, 1994. – 448 б.
9. Рүстемова Ж.А. Балалар әдебиеті. – Алматы: Жалын, 2024. – 241 б.
10. Нұрмағамбетов Т. Қарлығаштың ұясы. – Алматы: Жазушы, 1975. – 248 б.
11. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. 3-кітап. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
12. Нұрмағамбетов Т. Қош бол, ата. – Алматы: Таймас, 2012. – 240 б.
13. Muammar M. Arfan, Sujinah Sujinah, Affandy Ali Nuke. Children's Good Character Development with Traditional Literature for Conveying Moral Values // *International Journal of Innovation, Creativity and Change*. – 2020. – №11 (5). – P. 234–246.
14. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 224 б.
15. Ысқақұлы Д. Әдебиет айдынында. – Алматы: Арыс, 2009. – 317 б.

REFERENCES

1. Qulsarieva A. Etika: oqu quraly [Ethics: training manual]. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 43 b. [in Kazakh]
2. Yavuz D. Çocuk edebiyatı ve kültürel semboller [Children's Literature and Cultural Symbols] // *Avrasya Sosyal ve Ekonomî Araştırmaları Dergisi*. – 2019. – Cilt 6, Sayı 4. – S. 175–184. [in Turkish]
3. Abzhet B. Qazirgi kezde el zhadynda saqталған folklorlyq muralardyn manyzdylygy men erekshelikeri [The importance and features of folklore heritage preserved in the memory of the country today] // «El qazynasy – eski soz» Hal-q gyl.-teor. konf. mat. zhinagy. – Turkistan: Turan, 2017. – B. 3–8. [in Kazakh]

4. Kuşcu S., Özmen C. Nurettin Topçu'nun Fikir Dünyasında Çocuk ve Ahlak Eğitimi [Children and Moral Education in the Intellectual World of Nurettin Topçu] // Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Eğitim Dergisi. – 2022. – Silt 4, Sayı 1. – S. 76–92. [in Turkish]
5. Ysqaquly D. Syntalqy [Criticism]. – Almaty: Sozdik – slovar, 2005. – 416 b. [in Kazakh]
6. Uzaqbaeva S. Qazaq halyq pedagogikasy [Kazakh folk pedagogy]. – Almaty: Globus, 2013. – 468 b. [in Kazakh]
7. Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. Integrating Local Cultural Values into Early Childhood Education to Promote Character Building // International Journal of Learning, Teaching and Educational Research. – 2024. – №23 (7). – P. 84–101.
8. Omaruly Q. Ake [Father]. – Almaty: Balausa, 1994. – 448 b. [in Kazakh]
9. Rustemova Zh.A. Balalar adabieti [Children's literature]. – Almaty: Zhalyn, 2024. – 241 b. [in Kazakh]
10. Nurmagambetov T. Qarlygashtyn uiasy [Swallow's nest]. – Almaty: Zhazushy, 1975. – 248 b. [in Kazakh]
11. Ergobek Q. Arystar men agystar. 3-kitap [Heroes and Streams. Book 3]. – Almaty: Orkeniet, 2003. – 368 b. [in Kazakh]
12. Nurmagambetov T. Qosh bol, ata [Goodbye, grandfather]. – Almaty: Taimas, 2012. – 240 b. [in Kazakh]
13. Muammar M. Arfan, Sujinah Sujinah, Affandy Ali Nuke. Children's Good Character Development with Traditional Literature for Conveying Moral Values // International Journal of Innovation, Creativity and Change. – 2020. – №11 (5). – P. 234–246.
14. Ybyraiym B. Syrly alem [Mysterious world]. – Almaty: Ana tili, 1997. – 224 b. [in Kazakh]
15. Ysqaquly D. Adabiet aidynynda [At the literature rink]. – Almaty: Arys, 2009. – 317 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 8.81; МҒТАР 16.21.23

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>А.Х. АСЕНОВА¹✉, Ж.Қ. ТҮЙМЕБАЕВ², А.Б. САЛҚЫНБАЙ²¹әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: aygulassenova@gmail.com²филология ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com

НОҒАЙ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ СЕМАНТИЗАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қыпшақ тілдері бұтағындағы туыстас ноғай тіліндегі кейбір тілдік бірліктердің семантикалық табиғаты қарастырылды.

Жұмысымыздың негізгі бағыты – түркі тілдерінің салыстырмалы тіл білімі, лексикология, семасиология секілді ғылым салаларының аясын кеңейту, мағынаның жалпы заңдылықтарын, семантизациялану процесін зерттеу.

Туыс тілдерді салыстырмалы-тарихи әдіспен талдау – бүгінгі тіл білімінде өзектілігін көрсетіп отырған сала. Ғылыми мақала тіл білімінің соны бағыттағы ұстанымдарына сай түркі тілдеріндегі ұлттық болмысты, тілдің кумулятивті қызметін ортақ тілдік бірліктер, тұрақты тіркестер, паремиологиялық қор арқылы көрсету идеясын қамтыды.

Ғылыми мақалада ноғай тілінің түсіндірме сөздігінен іріктеліп алынған *низам*, *казна* (*қазына*), *нышан*, *сейір* (*сейір*), *татым* және *тоьр* (*төр*) сөздеріне семантикалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде, қазақ және ноғай тілдік деректері негізінде ортақ бірліктердегі семантикалық табиғаттың тарылу-кенею, мағынаның жаңару-күнгірттену үрдістері және түрлі баламалы коннотациялары айқындалды. Түркі тілдерінің ішіндегі жойылу қаупі бар ноғай тілін қарастыруы, бүгінгі тіл білімінде ғылыми тұжырымдарды қажет ететін семасиология саласын қамтуы мақаланың ғылыми өзектілігін көрсетеді.

Мақала барысында қарастырылған тілдік бірліктердің семалық құрылым жасау мүмкіндігін, кейбір сөздердің белгілі бір жағдаяттық мағынасының модификациясын бағамдай алдық. Салыстырмалы семантикалық талдау мағына құрамындағы барлық компоненттерді статикалық күйінде тізіп көрсетуге көмектесті. Зерттеудің бұл бағыты теориялық әрі практикалық тұрғыдан болашақ зерттеушілерге пайдалы болары анық.

Кілт сөздер: тарихи-салыстырмалы әдіс, ноғай тілі, ортақ түркілік бірліктер, лексика-семантикалық тәсіл, семантизация.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Асенова А.Х., Түймебаев Ж.Қ., Салқынбай А.Б. Ноғай тіліндегі кейбір лексикалық бірліктердің семантизациясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>

*Cite us correctly:

Asenova A.H., Tuimebaev Zh.Q., Salqynbai A.B. Nogai tilindegi keibir leksikalıyq birlikterdin semantizaciasy [Semanticization of Certain Lexical Units in the Nogai Language] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.202>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

A.Kh. Assenova¹, Zh.K. Tuimebaev², A.B. Salkynbay²

¹*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: aygulassenova@gmail.com*

²*Doctor of Philological Sciences, Professor
Al-Farabi Kazakh National University*

(Kazakhstan, Almaty), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com

Semanticization of Certain Lexical Units in the Nogai Language

Abstract. The article examines the semantic nature of certain linguistic units in the related Nogai language, which belongs to the Kipchak branch. The primary focus of the study is to expand the scope of comparative linguistics, lexicology and semasiology in Turkic languages, exploring the general principles of meaning and the process of semanticization.

The comparative-historical analysis of related languages has become a relevant area in modern linguistics. This article reflects contemporary approaches, demonstrating the national identity and cumulative function of language in Turkic languages through shared linguistic units, idiomatic expressions and the paremiological corpus.

The article conducts a semantic analysis of the words «nizam», «kazyna», «nyshan», «seyir», «tatym» and «tor» selected from the explanatory dictionary of the Nogai language. Based on Kazakh and Nogai linguistic data, the study identifies processes of semantic narrowing, broadening, renewal, fading and various connotative nuances of common linguistic units. The exploration of the Nogai language, which is among the Turkic languages under the threat of extinction and its inclusion in the field of semasiology, which requires further scientific elaboration, underline the academic relevance of the article.

The research enabled the study of the potential for forming semantic structures of linguistic units and the modification of the contextual meanings of certain words. Comparative semantic analysis facilitated the enumeration of all components of meaning in a static state. This approach demonstrated significant theoretical and practical value and is certain to be beneficial for future researchers.

Keywords: *historical-comparative method, Nogai language, common Turkic units, lexico-semantic approach, semanticization.*

А.Х. Асенова¹, Ж.К. Туймебаев², А.Б. Салкынбай²

¹*PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: aygulassenova@gmail.com*

²*доктор филологических наук, профессор*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

(Казахстан, г. Алматы), e-mails: zhanseit.tuimebayev2@kaznu.edu.kz; asalkbek@gmail.com

Семантизация некоторых лексических единиц в ногайском языке

Аннотация. В статье рассматривается семантическая природа некоторых языковых единиц в родственном ногайском языке, входящем в кыпчакскую ветвь. Основное направление работы – расширение области сравнительного языкознания тюркских языков, лексикологии и семасиологии, исследование общих закономерностей значения и процессов семантизации.

Анализ родственных языков с использованием сравнительно-исторического метода является актуальной областью современного языкознания. Научная статья отражает современные подходы, демонстрируя национальную идентичность и кумулятивную

функцию языка в тюркских языках через общие языковые единицы, устойчивые выражения и паремиологический фонд.

В статье проведен семантический анализ слов «низам», «казына», «нышан», «сейир», «татым» и тоър (төр) отобранных из толкового словаря ногайского языка. На основе данных казахского и ногайского языков исследование выявило процессы сужения и расширения семантического значения, обновления и затемнения значений, а также различные коннотативные оттенки общих языковых единиц.

Рассмотрение ногайского языка, находящегося под угрозой исчезновения среди тюркских языков, а также охват области семасиологии, требующей научных выводов в современном языкознании, подчеркивают научную актуальность статьи.

Исследование позволило изучить возможности создания семантических структур языковых единиц и модификации ситуативного значения некоторых слов. Сравнительный семантический анализ помог перечислить все компоненты значения в статическом виде. Такой подход продемонстрировал высокую теоретическую и практическую значимость и будет полезен для будущих исследований.

Ключевые слова: историко-сравнительный метод, ногайский язык, общетюркские единицы, лексико-семантический подход, семантизация.

Кіріспе

Семантика – тіл біліміндегі мағынаны қарастыратын лексиканың бір саласы. Лингвистикалық семантика тілдің әр деңгейіндегі – сөз, морфема, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың беретін негізгі мазмұнын айқындайды. Бұл термин алғаш рет ағылшын ғалымы С. Ульманның зерттеулерінде көрініс берді. Жеке ғылым саласы ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Неміс тіл білімінде – Х. Рейзиг, француз тіл білімінде – М. Бреал, орыс тіл ғылымында – М. Покровский сынды ғалымдар негізін салғаны белгілі.

Қазақ тіл білімінде семантика саласы туралы алғаш сөз, ұғым және мағына лексемаларының арақатынасын түсіндерген А. Байтұрсынұлынан бастау алады. Одан кейін сөз мағынасы жайлы ғалым К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Т. Қордабаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, М. Оразов, Е. Қажыбеков, М. Сабыр сияқты ғалымдар еңбектерінде сөз болды. Тіліміздегі семантикаға арнап жазылған жеке кітап ретінде М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегін ерекше атауға болады. Еңбекте алғаш рет қазақ тілінің семантика саласы жан-жақты қарастырылған. Сөздің лексикалық қыры, лексикалық және грамматикалық мағынаның айырым белгілері, мағынаның денотаттық, сигнификаттық және эмоционалдық түрлеріне толықтай сипаттама берілген. Шетелдік ғалымдардың тәжірибелері мен зерттеулерін қарастыра отырып, тіліміздегі семантика саласына өзіндік тұжырымдар жасаған [1].

Бүгінгі семантикалық ізденістердің көпшілігі прагматикалық, қатысымдық бағытта жүргізілуде. Сөз мағынасын қатысымдық тұрғыда зерттеу арқылы сөздің маңызды әрі жасырын тұрған, яғни релевантты мағыналарына қол жеткізе аламыз.

Әлемдік тіл білімінде семантика саласы туралы жаңа көзқарастардың белең алғанына біраз болды. Ғалымдар көптеген жылдан бері қолданылып келе жатқан семантиканың дәстүрлі анықтамасы өзгеруі қажет деп санайды. Сөздің лексикалық мағынасын қарастырады дейтін дәстүрлі анықтаманың аясы тар екенін дәлелдеуге тырысады. Семантика саласы концептілік кеңістікті, схематикалық ақпаратты камтиды деп сипаттайды [2].

Тілдегі семантикалық аспектілердің уақыт пен пресуппозицияны да өзгерте алатын немесе сол белгілі бір уақыттық контекске қарай бейімдей алатын да қабілеті бар. Семантиканың қалай уақытты ауыстыра алатындығы, тілдік көрінісі туралы түрік ғалымдарының зерттеулерінде де талқыланды. Мысалы, түркі тілдеріндегі «hanı» сөзі өткен

немесе болашақ уақытты меңзей отырып, тыңдаушының не сөйлеп тұрған адамның белгілі бір жағдайды түсінуіне әсер ете алатыны жайлы түрік ғалымдарының мақалаларынан көре аламыз [3].

Семантикалық үрдістер тарихи даму барысында ғалымдар тарапынан түрлі аспектілерде қарастырылып келеді. Қазіргі тіл білімінде семантикаға қатысты жаңаша көзқарастар, соны ізденістер пайда болды. Соның әсерінен семантиканың жаңа бағыттары қалыптасып жатыр. Мәселен: құрылымдық семантика, коммуникативтік семантика, интерпретациялық семантика және т.б.

Қазақ тіл білімінде де зерттеушілер тарапынан семантикалық үрдістердің, талдаулардың жүйеленуі қажет екені айтылып жүр. «Семантикалық, психолингвистикалық зерттеулер, мәтін семантикасына қатысты жаңаша көзқарастар, түрлі бағыттар тілдік бірліктердің семантикасының әлдеқайда күрделі мәселе екенін дәлелдеп береді» [4, 212-б.].

Қазақ тілінің бір ерекшелігі – сөздердің тек бір мағынада ғана қолданылмайтындығы. Тарихи даму барысында сөз семасы тарылып не кеңейіп, бастапқы мағынасы өзгеріп отырады. Сонымен қатар, сөз семасының тілдік жағымен қатар, сөйлеу актісі тұрғысынан да қарастырылуы қажеттігін соңғы зерттеулер көрсетуде.

Семантикалық талдау жасаудың сөздің бойындағы ақпараттық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін айқындап, танымдық тұрғыдан жүзеге асыруда ықпалы зор. Әсіресе тарихи тұлғалардың, есімдердің, діни-мифологиялық ұғымдардың астарында этномәдени тілдік ақпараттар мол сақталған. Осындай этномәдени компоненттер қамтылған қолданыстардың сырына үңіліп, семантикасын анықтау қашанда өзекті болмақ [5, 261-б.].

Мағына – тілдің коммуникативтік қызметі барысында тілді тұтынушылардың бәріне түсінікті, баяндаушы мен қабылдаушыға ұғынықты ортақ құбылыс. Сөз семасы референттік мағына, денотаттық мағына, сигнификаттық деңгейде және коннотаттық мағына деңгейінде де көрініс табады. Сонымен қатар сөз семасы 1) ақпараттық; 2) репрезентативті; 3) құрылымдық; 4) дискреттік; 5) әлеуметтік белгілерімен ерекшеленеді. Сөздің лексикалық мағынасы тілді қолдану арқылы ақпаратты жеткізгенде не қабылдағанда айтушы мен тыңдаушы тарапынан түрлі жағдаяттық себептермен жаңа мағыналық реңктермен толығып, өзгеріп отырады. Демек, сөз мағынасы сөйлеу үрдісіне, сол сәттегі түрлі жағдаятқа байланысты, не тілдік тұлғаның жеке ой-пікіріне қарай өзектіленіп, дамып не көмескіленіп тұрады.

Қыпшақ тілдерінің батыс-хун бұтағына жататын қазақ және ноғай тілдері грамматикалық құрылымы, лексикологиялық қоры, дыбыстық жүйесі бойынша бір-біріне өте жақын тілдер. Дегенмен тарихи-саяси жағдайларға байланысты тілдер түрлі кезеңдерді басынан өткеріп, әр алуан өзгерістерге ұшырайды. Бірінің сөздік қоры молайып, дамып отырса, екіншісі керісінше құлдыраудан өтеді. Ноғай тілі де тарихи оқиғалар себебінен тұтынушылары азайған тілдердің бірі. Ноғай тілін жойылып кетуден сақтау үшін көптеген зерттеулер арқылы ғылыми негізін, өзіндік табиғатын айқындау керек. Сондықтан жойылу қаупіндегі ноғай тілінің деректерін талдау қазақ тілінің табиғатын тереңірек тануға да мүмкіндік береді. Бұл мақалада көтерілген мәселенің өзектілігін айқындайды. Қазақ тіл білімінде ноғай тілі деректері негізінде семантикалану үдерісінің ерекшеліктерінің анықталуы мақаланың ғылыми жаңалығын сипаттайды.

Ғылыми мақалада қазақ және ноғай тіліне салыстырмалы талдау жасау үшін *нызам*, *қазына*, *нышан*, *сейір*, *татым* және *тоыр/төр* тілдік бірліктері негізге алынды. Қарастырылған лексикалық бірліктердің қазіргі мағынасының пайда болуына қатысты нақты дәлелді тұжырымға жету үшін алдымен тарихи мұраларға шолу жасап, қандай мағынада қолданылғанын зерттеу қажет. Туыстас түркі тілдеріндегі лексемалардың семантикасын кешенді зерттеу арқылы ғана тарихи-салыстырмалы тіл білімінде семантикалық

тұжырымдар жасай аламыз. Төменде қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің мағынасын жан-жақты қарастырып, семантикалық талдауымызды ұсындық.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында салыстырмалы тіл біліміне, түркі тілдеріне, семантика саласына қатысты қазақ және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, тарихи деректер мен ғылыми еңбектері қолданылды. Сонымен қатар қазақ және ноғай тілдеріндегі көркем шығармалар, мақал-мәтелдер жинағы, фразеологиялық және түсіндірме сөздіктер зерттеуіміздің негізгі дереккөзі ретінде пайдаланылды.

Семантикалық талдау жүргізуде материалдарды жинақтап саралау, іріктеу және диахронды-синхронды сипаттамалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі мен лексикографиялық әдістер пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Түркі тілдері – күрделі де бұғанасы берік тілдер. Оның даму тарихы өте ежелден бастау алады. Түркі тілдерінің генеологиялық классификациясы бізге тілдерді жүйелі меңгеруге, туыс тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, салыстырмалы зерттеулер жасауымызға көмектеседі.

Ноғайлар – тарихта түркі тілдерінің ішіндегі ең көп қуғын-сүргін мен жер аударуды басынан өткерген халық [6, 103-б.]. Жан-жаққа шашырап, қоныс аударуға мәжбүр болған ноғайлар Черкесск, Дағыстан, Ставрополь, Астрахан, Түркияның Анкара, Конья, Ескішехир қалаларында және т.б. аймақтарда өмір сүруде. Қанша қиындықты өткерсе де ноғайлар бай ауыз әдебиеті мен мәдениетін сақтауға тырысқан. Атақты «Едіге батыр» жыры, «Тоқтамыс хан», «Әділ-Сұлтан» батырлық эпостары соның дәлелі бола алады. Дегенмен аталған жырлар лингвистикалық талдауларға сұранып тұрған дүниелер.

Аймақтық таралуы бойынша ноғай тілінің жақсы таралған аймағы – Дағыстан. Өлкедегі білім ошақтары ноғай тілін үйретумен, меңгертумен айналысады. Дегенмен кей бастауыш мектептерінде ноғай тілі оқытылмайды. Ноғайлар өз ішінде ана тілінде сөйлеспеуі, тілдің күнделікті тұрмыстық деңгейде ғана қолданылуы тілдің болашағына қауіп төндіріп тұр.

Ноғай тіліне байланысты зерттеулердің орталығы ретінде – Махачқала мен Черкесск қалалары саналады. Бірақ ноғай тілінің орнына көп жерде орыс тілі қызмет атқарып жүр. Көптеген іс-шаралар мен ресми кездесулер, газет, радио, телехабарлар ноғай тілін тарату үшін ат салысуда. Бүгінде тілді дамыту үшін арнайы ғылыми орталықтар жұмыс жасайды.

Ноғай тілінің өмір сүруінде маңызды саналатын саланың бірі – публицистикасы. Бүгінде Дағыстаннан алғашында «Шоль давысы» аталып, кейіннен «Шольлик бағары» атымен танылған газеті және Қарашай-Черкес Республикасынан жарияланатын «Ноғай давысы», «Лашын», «Маьметекей», «Байтерек» атты публицистикалық газет-журналдарының тілді дамытудағы, танытудағы үлесі зор.

Ноғай тілі туралы зерттеулердің басында 1940 жылғы Н. Баскаковтың («Ногайский язык и его диалекты: грамматика, тексты и словарь», «Ногайско-Русский словарь») еңбектері тұрады. Одан кейін Черкесск қаласында жарияланған «Ноғай тілінің грамматикасы», С. Калмыкованың «Ноғай тілінің әліпбиі», Е. Айвазованың «Ноғай тіліндегі туыстық терминдер», «Қазіргі ноғай тіліндегі атаулар», М. Булгарованың «Ноғай топонимі», И. Каракаеваның «Қазіргі ноғай тілі», т.б. еңбектерін атауға болады.

Қазақ және ноғай тілдері ұқсас, туыс болғанымен, тілдік айырмашылықтар мен диалектілік ерекшеліктері де бар. Көшпенді өмір сүру салты, мәдениеті және этникалық топтардың өзара әрекеті бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына өзіндік әсер еткен [7, 143-б.].

Ноғай тілінде актив қолданылатын тілдік бірліктің бірі – *нызам/низам* сөзі. *Нызам* сөзі араб тілінен шыққан «низам» (نظام) сөзінен тараған, ол *тәртіп, заң, ережелер жиынтығы*

дегенді білдіреді. Бұл сөз ислам мәдениетімен байланысты қалыптасқан, түркі тілдеріне ортақ қолданыстағы сөз болып табылады. Түркі халықтарына ислам дінінің таралуымен бірге ислами құқықтық, діни және мәдени ұғымдар ретінде араб және парсы тілдерінен сөздік құрамына енген.

Қазіргі түрік тілінде *nizam* сөзі белсенді қолданылады және «жүйе», «тәртіп» және «құрал» мағынасын береді. Мысалы: *Evin nizamında Türk kadınlarının vakur zarafeti göze çağrar.* (Түрік әйелдерінің лайықты талғампаздығы үй тәртібінде ерекше көзге түседі). Аталған мағынасында татар, қарақалпақ, өзбек тілдерінде де қолданылады.

Ноғай тілінде *нызам* сөзі *дисциплина, поведение* мағынасын береді. Мәселен, *кыйын нызам* – трудовая дисциплина, *нызам саклав* – соблюдать дисциплину және т.б. [8, 238-б.]. Қарама-қарсы (антонимдік) мәнде жұмсалуды: *нызамлы* – *нызамсыз, нызамлылық* – *нызамсызлық*, т.б.

Тіркесімділік-семантикалық өрісі: *нызам ақсайды. Нызам осал, керектей дәрежеде тувыл.* Дисциплина хромает, не на должной высоте [9, 180].

Қазақ тіліндегі мағыналары: 1. Заң, ереже; 2. Жүйе, тәртіп, жүйелілік; 3. Жөн, жосық, құрылыс; 4. Діни заңдар [10]. *Нызам* түбірінен тілімізде аналитикалық тәсіл арқылы туынды *нызам шығу, нызамнама* секілді сөздер де қолданыста бар.

Нызам тілдік бірлігінің синонимдік қатары: *тәртіп, жүйе, ереже, қағида, заң, жарғы*, т.б.

Нызам сөзінің антонимдері: *бұзақылық, тәртіпсіздік, бейберекетсіздік, жүйесіздік*, т.б.

Тарихи құжаттарда кездесуі: патшалық Ресейдің басқару жүйесіне енгізген заңдар мен реформаларда *нызам* сөзі жиі қолданылған (мысалы, «Сібір қырғыздарының низамы», 1886 жылғы реформа халық арасында «Жаңа низам» деп аталған).

Лексемалардың семантикалық ерекшеліктерін айқындау үшін мағынаны макро және микролық деңгейде зерттеу қажет. Микролық деңгейде бір лексикалық бірлікті екіншісімен салыстырып тұжырым жасауға болады. Микролық деңгей деп отырғанымыз, сөздің семалары. Басқаша айтсақ, семантикалық сыңар (компонент) немесе мағынаның құрамдас элементі.

Семалар жалпылаушы (интегралды) және даралаушы (дифференциалды) деп бөлінеді. Кез-келген сөзде өзіне тән белгілер болады, сол белгілердің бәрі де семаны білдіреді. Зерттеуге іліккен *нызам* сөзінің қазақ тілінде төрт түрлі семасын, ноғай тілінде бір семасы бар екенін көрдік. *Нызам* сөзінің түркі тілдеріндегі негізгі, тура мағынасы *ереже, заң* екенін байқауға болады. Оған тарихи құжаттарда қолданылуы дәлел бола алады. Ноғай тіліндегі *дисциплина* семасы бірінші мағынадан шыққан қосымша мағына деп тұжырым жасаймыз.

Зерттеуімізге нысан болған келесі лексикалық бірлік – *қазына* сөзі. Негізінен *хазинө* – 1) байлық, қойма; 2) қазына, аса қымбатты деген мағыналарды беретін араб тілінен енген кірме сөз саналады. *Қазына* сөзінің қазақ тілінде беретін мағыналары: 1. Дүние-мүлік, алтын-күміс, материалдық байлық; 2. Бағалы зат, бұйым; 3. Байлық сақтайтын орын, қойма;

Бүгінде тілімізде *қазына* бірлігінің мағынасы кеңейіп, жаңа ауыспалы мағыналармен толыққан. Мәселен: 1. Жер қойнауында жатқан қазба байлық; 2. Әдеби, мәдени ескерткіштер. Сонымен қатар фольклорлық жырларда *байлық сақтайтын қойманың күзетшісі* дегенді білдіретін *қазына сақшысы, қазына басшысы* дегенді білдіретін *қазынашы* сөзі жиі кездеседі [10].

Ноғай тілінің түсіндерме сөздігінде берілген мағыналары: *казна* – мемлекет мүлкі, ақшасы. *Казна муьлки, казна байыры* [8, 240-б.].

Ноғай халқының фольклорлық жырларында *казна* сөзі жиі қолданылады:

*Казна, казна мал келсе,
Казнашы каражылар суьйинер.
Капы алдына яв келсе,*

*Кулыншак мынан эр Шора
Кара канга боялар [11, 78-б.].*

Жырда қазына сөзі *молишылық, баршылық, көп* секілді мөлшер мәнінде жұмсалып тұр. Демек ноғай тілінде қазынаның мөлшер мәнді жаңа семасы қолданыста бар. Фразеологиялық қорынан да мысал келтіруге болады: *Казналы юрт*. Казан – бай қала. Казань – город казны. Богатый город. «Казналы юрт Казанга казак шыгып – бараман», – деп маскаралады Яйык. КО, СТ, 55. [9, 119-б.].

Қазына сөзінің синонимдері: *байлық, мұра, алтын, асыл қазына, т.б.*

Қазына сөзінің антонимдері: *жоқшылық, кедейлік, шығын, құрдым, құр қол қалу, т.б.*

Қазынасы мол ел – гүлденген ел,

Қазынасы жоқ ел – күйреген ел – сынды қолданыстар мен *рухани қазына, білім қазынасы, асыл қазына, тарихи қазына, мәдени қазына, қазыналы қазақ жұрты, қазыналы қария, қазыналы қарт* секілді тіркестер тілімізде қолданыста бар. Бұл тіркестерден *қазына* сөзінің номинативтік мағынасынан бөлек, фразеологиялық байлаулы мағына беріп тұрғанын көре аламыз. Демек екі тілде де қазына сөзінің тура мағынасы, бірінші мағынасы ұқсас. Сонымен қоса мағынаның кеңею процесі нәтижесінде қосымша, келтірінді мағыналары қалыптасқан. Бұл тілдік бірліктің мағынасы дамып, жаңа семалар тудырғанын білдіреді.

Нышан сөзі де түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын түркі тектес сөз болып табылады. Қазақ тіліндегі мағыналары:

- *Белгі, көрініс* – қандай да бір нәрсенің нышаны немесе көрінісі. Мысалы: 1) Көктемнің нышаны – жылы ауа райы мен гүлдер; 2) *Бір жақсылықтың нышаны бар.*

- Психология бойынша қабілеттіліктің қалыптасуының алғышарты болатын ағзаның және жүйке жүйесінің ерекшелігі.

- *Мемлекеттік белгі, рәміз* – мемлекеттік нышандар: ту, елтаңба, әнұран [10].

Нышан сөзінің ауыспалы мағынада жұмсалыуы:

- *ақ көгершін – тыныштық, бейбітшіліктің нышаны;*

- *ауру нышаны;*

Синонимдік әлеуеті: *белгі, шиара, ишарат, нышана, тұспал.*

Антонимі: *белгісіздік, беймәлімдік, жасырын, жойылу, өшіп кету, т.б.*

Профессор А. Салқынбайдың сөзжасам сөздігінде *нышан* лексикалық бірлігінің семантика-синтетикалық тәсіл арқылы жасалған *нышана, нышаналы, нышанасыз, нышанасыздық* туындыларын, аналитикалық тәсіл арқылы *нышан білдіру, жақсы нышан* бірліктерін көрсеткен [12, 384-б.].

Ноғай тіліндегі *нышан* сөзінің мағыналары: 1) метка, отметина, знак, след, признак: *нышаны болған таяк* – палка имеющая метку, палка с меткой; 2) порок, врожденный физический недостаток: *нышаны ман тувган бала* – ребенок, родившийся с каким-либо пороком [8, 239-б.]. Байқағанымыздай, қосымша жаңа мағына үстемелеген. Ноғай тілінде қандай да бір физиологиялық кемістігі бар адамды да осылай атайды. Осыдан келіп ақылынан алжасқан, есінен адасқан жанға да *нышанланды* тілдік бірлігі қолданатынын тұжырымдауға болады. Мәселен: *нышанланув* – сходиться с ума, помешаться, *нышанлы* – имеющий метку, *нышансыз* – неимеющий метку [8, 240-б.].

Түрік тілінде *нышан* (nişan) сөзі үш түрлі мағынада қолданылады. Олар: 1. Белгі, таңба; 2. Нысана (атылатын немесе мақсат етілетін орын); 3. Неке жүзігі. Түрік тіліндегі жаңа бір мағынасы, яғни үйленуге бекінген екі жастың өзара келісуі *нышанлану* деп аталса, арнайы жүзік таққанынан *нышанлы* (яғни басы бос емес) екенін білдіреді. (Bir erkekle bir kadının evlenme vaadiyle birbiriyle yaptıkları sözleşme ve bu sözleşme sebebiyle yapılan yüzük takma töreni) [13].

Зерттеу көрсеткендей, түркі тілдерінде *нышан* лексемасының негізгі, тура. мағынасы *белгіні* білдіреді. Бұл – *нышанның* түркі тілдеріндегі жалпылаушы семасы. Осыдан

Ethnographic groups influence toponymy through cultural peculiarities and group identities. As ethnic structures evolve, processes like interethnic integration, assimilation, and consolidation affect toponymy. In Kazakhstan, reflecting the ethnic history and place of tribes not included in specific clans is important for modern ethnography and history, as they have influenced Kazakh toponymy [12].

In addition, Ercan Alkaya's research on the "New Kazakh Version of the Korkyt-Ata Book" discusses toponyms of the Kazakh land. Elements like Kipchak place names found in Korkyt Ata's poems are foundational for studying language, history, folklore, literature, and ethnography [13].

Conclusion

Kazakh and English toponyms embody the history, culture, and language of their respective peoples. In the global context, English toponyms have a widespread presence and influence international toponymy. Kazakh toponyms are gaining international prominence, facing challenges in transliteration and adaptation. Richly illustrated with examples, Kazakh and English toponyms showcase unique linguistic and cultural features that influence global perceptions of regions. They are keys to understanding history, cultural values, and interactions among peoples. Studying these toponyms in the global context contributes to fostering intercultural dialogue and preserving global cultural heritage.

This study has examined the linguistic aspects of Kazakh and English toponyms within the global context, highlighting their historical, cultural, and linguistic significance. Kazakh toponyms serve as a rich repository of Kazakhstan's cultural and historical heritage, encapsulating the nation's geography, history, and social structures. They reflect the unique identity of the Kazakh people through their Turkic roots, connections to historical events, and ties to local legends and spiritual practices.

Despite challenges such as transliteration difficulties and limited global recognition, Kazakh toponyms are gaining international prominence. Efforts by the Kazakh government, international organizations, and cultural institutions are promoting these place names on the global stage,

enhancing national identity, and fostering cultural exchange. The transition to the Latin alphabet and the standardization of transliteration practices are significant steps toward better global integration and recognition of Kazakh toponyms.

English toponyms, on the other hand, have a widespread global presence due to historical colonization, trade, and the pervasive influence of the English language. They have significantly impacted international cartography, navigation, and cultural discourse. While English place names are easily adapted and recognized worldwide, their dominance raises concerns about the preservation of indigenous toponyms and cultural identities.

The comparative analysis reveals that both Kazakh and English toponyms are integral to understanding the cultural and historical narratives of their respective regions. They contribute to global cultural heritage and offer insights into the interactions among different peoples and languages. Recognizing and preserving the uniqueness of each set of toponyms enriches global cultural exchange and promotes mutual understanding.

In conclusion, the linguistic aspects of Kazakh and English toponyms underscore the importance of balancing global influence with the preservation of local heritage. Promoting Kazakh toponyms alongside globally recognized English names contributes to a more diverse and inclusive global cultural landscape. As globalization continues to shape our world, it is imperative to honor and preserve the linguistic and cultural identities embedded within place names, fostering intercultural dialogue and understanding.

BIBLIOGRAPHY

1. Meirbekov A.K. Nomadic Place Names // Journal of Educational and Social Research. – 2023. – №13(1). – P. 272–282. <https://doi.org/10.36941/jesr-2023-0025>
2. Абдрахманов А.А. Қазақстанның топонимикасы және тарихи географиясы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2007. – 156 б.
3. Ахметова Г.М. Қазақстанның топонимиясы: мәселелері мен болашағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 342 б.
4. Coates R.A. Place-Name History of the English Landscape. – Oxford University Press, 2012. – 128 p.
5. Crystal D. English as a Global Language. – Cambridge University Press, 2003. – 261 p.
6. Gelling M., Cole A. The Landscape of Place-Names. – Stamford: Shaun Tyas, 2000. – 256 p.
7. Mills A.D. A Dictionary of British Place-Names. – Oxford University Press, 2011. – 253 p.
8. Room A. Place Names of the World. – McFarland & Company, 2006. – 441 p.
9. Смагулова Ж. Қазіргі әлемдегі қазақ топонимдері: Лингвокультуралық аспект. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 252 б.
10. Жарылғасова Р.К. Латын әліпбиіне көшу кезінде қазақ топонимдерін транслитерациялау проблемалары // ҚазҰУ хабаршысы. – 2018. – №184(1). – Б. 48–56.
11. Жанғызқова А.Ж. Глобализация контекстінде қазақ топонимдерін латын қарпіне транслитерациялаудың ерекшеліктері // Language and Culture. – 2019. – №135(1). – Б. 28–36.
12. Примкулова Г., Каттабекова Н., Абдірашит Н. Қазақстан аумағындағы сунақтардың этникалық тарихы және қоныстануы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 393–405. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.31>
13. Alkaya E. Kazakhstan toponimisi: Problemler ve Gelecekler // Turkic Studies Journal. – 2020. – №3(2) – S. 92–96.

REFERENCES

1. Meirbekov A.K. Nomadic Place Names // Journal of Educational and Social Research. – 2023. – №13(1). – P. 272–282. <https://doi.org/10.36941/jesr-2023-0025>
2. Abdrahmanov A.A. Qazaqstannyn toponimikasy zhane tarihi geografiasy [Toponymy and historical geography of Kazakhstan]. – Astana: L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universiteti, 2007. – 156 b. [in Kazakh]

3. Ahmetova G.M. Qazaqstannyn toponimiasy: maseleleri men bolashagy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 342 b. [in Kazakh]
4. Coates R.A. Place-Name History of the English Landscape. – Oxford University Press, 2012. – 128 p.
5. Crystal D. English as a Global Language. – Cambridge University Press, 2003. – 261 r.
6. Gelling M., Cole A. The Landscape of Place-Names. – Stamford: Shaun Tyas, 2000. – 256 r.
7. Mills A.D. A Dictionary of British Place-Names. – Oxford University Press, 2011. – 253 r.
8. Room A. Place Names of the World. – McFarland & Company, 2006. – 441 r.
9. Smagulova Zh. Qazirgi alemdegi qazaq toponimderi: Lingvokulturalyq aspect [Kazakh toponyms in the modern world: Linguocultural aspect]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 252 b. [in Kazakh]
10. Zharylgasova R.K. Latyn alipbiine koshu kezinde qazaq toponimderin transliteracialau problemalary [Problems of transliteration of Kazakh toponyms during the transition to the Latin alphabet] // KazUU habarshysy. – 2018. – №184(1). – B. 48–56. [in Kazakh]
11. Zhangyqova A.Zh. Globalizacia konteksinde qazaq toponimderin latyn qarpine transliteracialaudyn erekshelikteri [Features of transliteration of Kazakh toponyms into Latin in the context of globalization] // Language and Culture. – 2019. – №135(1). – B. 28–36. [in Kazakh]
12. Primkulova G., Kattabekova N., Abdirashit N. Qazaqstan aumagyndagy sunaqtardyn etnikalyq tarihy zhane qonystanuy [Ethnic history and settlement of sunaks on the territory of Kazakhstan] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 393–405. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.31> [in Kazakh]
13. Alkaya E. Kazakistan toponimisi: Problemler ve Gelecekler [Toponymy of Kazakhstan: Problems and Futures] // Turkic Studies Journal. – 2020. – №3(2) – S. 92–96. [in Turkish]

ӘОЖ 80 (091); МҒТАР 16.21.21

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.204>М.Е. АЖИБЕКОВА¹, Г. САҒИДОЛДА², Г.Е. ОМАРТАЕВА³¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: marzhanermektai@mail.ru²филология ғылымдарының докторы, профессор(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: asem963@mail.ru³Астана медицина университетінің аға оқытушысы(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: pokantay@mail.ru

ЯСАУИДІҢ «ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ» ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖАЙЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Мақалада авторлар түркі халықтарының ортақ мұраларының бірі саналатын «Диуани хикметтің»/«Хикметтердің» тілдік ерекшеліктері жайында отандық және алыс-жақын шетелдерде жарыққа шыққан зерттеулерді, ғылыми тұжырымдарды саралап, талдау жүргізеді. Атап айтқанда, П.М. Мелиоранский, К. Залеман, С.Е. Малов, А.К. Боровков, Ф. Көпрүлү, А.Н. Кононовтардан бастап, Ә. Нәжіп, К. Эраслан, Н. Маллаев, И. Хаққұл, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, Р. Сыздық, Қ. Жұбанов, М. Жармұхамедов, С. Дәуітұлы, С. Өтебеков, т.б. қазақ ғалымдарының ясауитануға қатысты еңбектердегі тілдік ерекшеліктеріне байланысты пікір-көзқарастарына ғылыми тұрғыдан талдау жасалады. Алдымен «Хикметтер» қолжазбаларының ең көне нұсқасы қайсы деген сұраққа ясауитанушыларда туындайтын пікірдің сан алуандығы, пікір қарама-қайшылығына тоқталады. ХІ ғасырдың мұрасы мүридтердің ауызша таралып, XV ғасырдағы қолжазбада сақталғанға дейінгі аралықта сан жағынан да, сапа жағынан да әртүрлі өзгерістер орын алғаны жөнінде зерттеулерге шолу жасалады. Ұстазы Ахмед Хазини мен шәкіртінің арасындағы рухани үндестікке байланысты «Хикметтердегі» мәтіннің қай авторға қатысты екендігін анықтайтын деректер қарастырылады. «Хикметтердің» тікелей Ясауиға қанша өлеңі тиесілі деген сұрақтарға жауап іздеп, тілдік ерекшеліктеріне арналған шетелдік және отандық ғалымдардың топшылауларына сүйенеді. Түркия мен Өзбекстанда, Қазақстанда «Диуани хикметке» байланысты шолу жасаған бірқатар зерттеушілердің пікірлері талданады.

Кілт сөздер: Ясауи, Диуани хикмет, руханият, қолжазба, құндылық, мәдени лексика.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ажибекова М.Е., Сағидолда Г., Омартаева Г.Е. Ясауидің «Хикметтеріндегі» тілдік ерекшеліктер жайындағы зерттеулер // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 201–211. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.204>

*Cite us correctly:

Azhibekova M.E., Sagidolda G., Omartaeva G.E. Iasauidin «Hikmetterindegi» tildik erekshelikler zhaiyndagy zertteuler [Research on Linguistic Features in Yasawi's “Hikmets” (“Wisdom”)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 201–211. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.204>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

М.Е. Azhibekova¹, G. Sagidolda², G.E. Omartayeva³

¹*PhD Doctoral Student at L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: marzhanermektai@mail.ru*

²*Doctor of Philological Sciences, Professor
(Kazakhstan, Astana), e-mail: asem963@mail.ru*

³*Senior Lecturer of Astana Medical University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: pokantay@mail.ru*

Research on Linguistic Features in Yasawi's “Hikmets” (“Wisdom”)

Abstract. In the article, the authors analyze scientific conclusions about the linguistic features of “Diwani Hikmet”/“Wisdom”, in domestic studies and published in the far and near abroad, which are one of the common heritage of the Turkic peoples. In particular, a scientific analysis is carried out of the views and opinions of scientists on linguistic features reflected in the works on Yassawi studies, starting with P.M. Melioransky, K. Zaleman, S.E. Malov, A.K. Borovkov, F. Koprulu, A.N. Kononov, along with the views of such Uzbek and Bashkir literary critics as A. Najip, K. Eraslan, N. Mallaev, I. Hakkul, S. Seifullah, N. Hassan, G. Husainov and Kazakh scientists R. Syzdyk, K. Zhubanov, M. Zharmukhamedov, S. Dautuly, S. Utebekov and others. First, they focus on the question of the diversity and inconsistency of opinions that arise among scholars about which of the versions of the Hikmet manuscripts is the oldest. An overview of research is given that the heritage of the XI century underwent various changes both in quantity and quality, up to the oral distribution of Murids and preservation in a manuscript of the XV century. In connection with the spiritual harmony between the teacher Ahmed Khazini and the student, the data determining which author the text in the “Hikmets” refers to is considered. In search of answers to questions about how many verses of “Hikmets” belong directly to Yassawi, they rely on classifications of foreign and domestic scientists devoted to linguistic features. The opinions of a number of researchers in Turkey, Uzbekistan, and Kazakhstan who conducted a review related to Divani Hikmet are analyzed.

Keywords: Yasawi, Divani Hikmet, spirituality, handwriting, value, cultural vocabulary.

М.Е. Ажибекова¹, Г. Сағидолда², Г.Е. Омартаева³

¹*PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: marzhanermektai@mail.ru*

²*доктор филологических наук, профессор
(Казахстан, г. Астана), e-mail: asem963@mail.ru*

³*старший преподаватель Медицинского университета Астаны
(Казахстан, г. Астана), e-mail: pokantay@mail.ru*

Исследования языковых особенностей в «Хикметах» Ясави

Аннотация. В статье авторы проводят анализ отечественных и опубликованных в дальнем и ближнем зарубежье исследований, научных выводов о языковых особенностях «Дивани Хикмет» /«Хикметов», являющихся одним из общих наследий тюркских народов. В частности, проводится научный анализ отраженных в трудах по ясавиведению взглядов и мнений ученых о языковых особенностях начиная с П.М. Мелиоранского, К. Залемана, С.Е. Малова, А.К. Боровкова, Ф. Копрулю, А.Н. Кононова, наряду с взглядами таких узбекских и башкирских литературоведов как А. Наджип, К. Эраслан, Н. Маллаев, И. Хаккул, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов и казахских ученых Р. Сыздыка, К. Жубанова, М. Жармухамедова, С. Даутулы, С. Утебекова и других. Сначала останавливаются на вопросе о многообразии и противоречивости мнений, возникающих

среди ясавиведов о том, какая из версий рукописей «Хикметов» является самой старой. Дается обзор исследований о том, что наследие XI века претерпело различные изменения как в количественном, так и в качественном отношении, вплоть до устного распространения Мурид и сохранения в рукописи XV века. В связи с духовной гармонией между учителем Ахмедом Хазини и учеником рассматриваются данные, определяющие, к какому автору относится текст в «Хикметах». В поисках ответов на вопросы о том, сколько стихов «Хикметов» принадлежит непосредственно Ясави, опираются на классификации зарубежных и отечественных ученых, посвященные языковым особенностям. Анализируются мнения ряда исследователей в Турции, Узбекистане, Казахстане, которые провели обзор, связанный с «Дивани Хикмет».

Ключевые слова: Ясави, Дивани хикмет, духовность, почерк, ценность, культурная лексика.

Кіріспе

XII ғасырдың жазба ескерткіштерінің бірі Ясауи «Хикметтерін» қайта зерделеу – бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі. Оның маңыздылығы – қоғамды өркениетке жетелеу жолындағы руханияттың түп тамырын түгендеу міндеті тұр. Қожа Ахмет Ясауидің діни бағыты, қызметі, сопылық ағымның мәні – Ясауи ілімінің қоғамда алатын орны, маңызы, құндылығы тарихшылардың, әдебиеттанушылардың, мәдениеттанушылардың, философтардың, теологтардың назарынан түспей, зерттеу нысанына айналғалы қашан. Ясауидің «Хикметтері» қазақ филологиясы үшін де, жалпы түркологиялық ғылым саласы үшін де өзекті екені айқын. Өйткені біздің асыл дінімізді түркі жұртының танымымен қабыстырып, табиғатымен астастырған руханиятымызды бойымызға сіңіру үшін «адам» деген атқа лайық болып тұлғаландыратын, осы дүниенің асылдарын бойға жиып, таза жүрекпен келуді ұғындырған дана Ясауи мұрасына етене жақын болып, өркениетке ұмтылу жолында кемелденген санамен кез келген өмірдің сынағын оңай еңсеретін ілімімізге жақындай түсетіміз хақ. Ясауи хикметтерінің лексикасы мен фразеологиясын, танымдық өрісін анықтап, төл туындының құндылығын өскелең ұрпаққа өсиет ету керек.

Ясауи «Хикметтерін» зерттеуде шетелдік және отандық зерттеулердегі тілдік ерекшеліктерге баса назар аудару қажет. Салыстырмалы тұрғыда қарағанда мәселен, түркі тіліндегі Ясауи зерттеулері ұшан теңіз, өзбек тіліндегі зерттеулердің өзі бір төбе, қазақ тіліндегі қолжазбаға сүйеніп, тілдік ерекшеліктеріне, нақтыласақ дыбыстық ауысулар, лексикалық мағынасы мен тілдік қабаттары жөнінде жазылған еңбектердің бірі - Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты еңбегі. Оның өзін ғалым шамамның келгенінше жазуға тырыстым: «Ескерткіш мәтінінде айтарлықтай орын алатын араб, парсы сөздерін дұрыс транскрипциялап, кейбірінің мағыналарын талдау жұмысына көмектескен араб тілінің маманы, жас ғалым Баян Жұбатоваға алғысымды айтамын... Жұмыспен танысып, ондағы кемшіліктер мен ақауларды байқап, пікір айтатын оқырмандарға да алдынала ризалық білдіремін [1, 4-б.]» деген пікірінен-ақ бұл тақырыпқа әлі терең қадамдар жасалуы тиіс екені көрініп тұр. Соңғы уақытта жиі зерттеу көздеріне айналып жүрген ізденушілердің, әсіресе қазақ тілді зерттеулердің алдымен бет түзеп, қолға ұстайтыны осы Р.Сыздықованың еңбегі екені даусыз. Бұл еңбекке де әлі де терең зерттеулер мен соны пікірлер қажет екенін ғалым өзі де сездіріп отыр.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында өмірбаяндық, филологиялық-деректанулық һәм әдеби-тілдік талдау, герменевтикалық әдістер пайдаланылды және тілдік қабаттарға байланысты статистикалық зерттеу материалдарын басшылыққа ала отырып, тарихи-салыстырмалы және

текстологиялық әдістер қолданылды, шығарманың түпнұсқасы мен түрлі қолжазба нұсқалары арасындағы айырмашылықтар қарастырылады. Сонымен қатар, Ясауидің рухани мұрасы арқылы қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалына ерекше назар аударылады.

Дереккөз ретінде Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің тілі» мен Самарқанд қолжазбасы (Залеман) нұсқасын негізге алдық. Ясауи «Хикметтерінің» санына байланысты және ондағы жазылған мұралардың шәкірттеріне де тиесілігі жөнінде ғалымдар арасындағы әртүрлі пікірде екенін көрсетіп, тілдік ерекшеліктері тұрғысында зерттеу тақырыбы ясауитанушылардың басты қозғайтын мәселесі екенін көрсетеміз.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінде түркі халықтарына төл мәдени арналарымен астасып жатқан Қожа Ахмет Ясауидің ілімі ұлттық болмысымызды танудың негізгі көзіне айналып отыр. Рухани құндылыққа бет бұру ХХ ғасырдың басынан бастап қазіргі уақытта қарқынды түрде жалғасын тауып келеді. Бұл бетбұрыстың қарқынды болуының салмақты себебі де бар: ақпараттың ең жылдам тарайтын кезеңінде әр құндылық өзінің түпкі тереңіне үңіліп, бағамдап, әр ұлт өз «қоржындарын» түгендеумен әлек. Ясауидің «Хикметтерінің» тілі мен стиліне, тілдік сүйегіне атақты түркітанушылар П.М. Мелиоранский, акад. К. Залеман, акад. С.Е. Малов, А.К. Боровков, проф. Ф. Көпрүлү, А.Н. Кононовтардан бастап, Ә. Нәжіп, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Э. Рустамов, К. Ераслан, А. Серткая, А. Ержиласун сияқты өзбек, орыс, түрік ғалымдары назар аударып, Ясауи тіліне қатысты пікір айтқан ғалымдар [1, 17-б.].

Орта ғасырлық түркі мұрасын зерттеушілердің ішінде Ясауи шығармаларына соқпай кеткені жоқ деуге болады. Ол туралы Батыс пен Шығыстың түркологтары бірнеше еңбектер жазды. Әсіресе осы саладағы түркиялық ғалымдардың ізденістерін ерекше атап өтуге болады. Ф.Көпрүлүнің «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасауфтар (сопылар – Т.Қ.)» деген кітабынан бастау алатын иасауитанушылар қатары К. Эраслан, М. Узун, М. Тахрали, С. Улутоғ, Н. Йылмаз, Х. Биже, М. Демиржи, М. Тайши, Х. Алтинташ, Н. Зейбек секілді ғалымдармен толықты. Кешегі кеңес одағы құрамында болған елдерден Ә. Нәжіп, Н. Маллаев, И. Хаққұл, С. Сейфуллах, Н. Хасан, Г. Хусайнов сынды өзбек, башқұрт әдебиеттанушылармен бірге, М. Жармұхамедов, С. Дәуітұлы, З. Жандарбек, А. Ахметбекова, Д. Кенжетай, А. Әбдірасылқызы сияқты иасауитанушылары да ақын мұрасын зерттеп, тың талдаулар жасағанын ерекше айта кеткен жөн [2, 79–80-бб.].

«Диуани Хикметті» зерттеумен түрік ғалымы М.Ф. Көпрүлү, орыс ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Э. Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И. Захидов, т.б. айналысты.

Жыр жинағы 1887, 1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Стамбулда, 1902, 1911 жылдары Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шықты [3, 24–33-бб.].

Белгілі орыс түркітанушы ғалымы А.К. Боровков: «Ясауи өлеңдерінің көзі (көзі, прототипі) Сырдарияның төменгі ағысын жайлаған көшпелі түркі тайпаларының халықтық поэзиясы» [4], - дейді. Орта ғасыр мұрасы ауыздан-ауызға тез жаттауға ыңғайланған хикметтер хатқа түсіп, қолжазба түрінде танылғанша өзгерістерден өтетіні мәлім. Боровковтың топшылауынша, Ясауи хикметтерінің хатқа түсіп, топтама (жинақ, диуан) түрінде тарала бастауы XV ғасырдың екінші жартысынан бермен қарай ғана болса керек. Диуандарды құрастыру ісінде хикмет айтушы авторлардың араласып кетуі, өлең жолдарына өзгерістер енгізілуі («редакциялануы») сияқты фактілердің орын алғаны да айтылып келеді. Сол себептен Ясауи хикметтері деп жүргендеріміздің баршасы түгел даусыз Ясауи мұрасы емес екендігін П.М. Мелиоранский де, проф. Ф. Көпрүлү де, А.К. Боровков та, тағы басқа зерттеушілер ашық айтқан-ды [1, 11–12-бб.].

Ясауи дүниетанымы қазақ мәдениеті мен адам әлемінің ділдік түлеу құбылысы тұрғысынан маңызын темірқазық жұлдыздай етіп ұғындырды, өмір сүру салтын халқымыздың танымымен астастырып мұра етті. Бір қиындығы ерте жазылған мұра болғандықтан, ясауитанушылар өзінің және ізбасарларының мұраларымен бірге хикметтер санына қосса, кейбіреулері Ясауи атымен аталатын жолдарды шәкірттеріне (мүридтеріне) тиесілі деп топшылайды. «Иасауи хикметтеріне қатысты әлемде қанша қолжазба жатқаны әлі күнге белгісіз. Кезінде түркітанушы Х.Ф. Гофман өз зерттеулерінің бірінде «Диуани хикметтің» қолжазбалары Берлин, Кэмбридж, Упсала, Париж, Принстон, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент, Стамбул секілді қалалардағы кітапхана қорларында жатқанын» [2, 90-б.] жазған болатын.

Еліміздің дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси-рухани азаттыққа ие болуы, осының нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық жағдайдың өзгеруі – осылардың баршасы ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сипат алуына, жаңа сатыға көтерілуіне алып келді. Бұрынғы тоталитарлық жүйеге негізделген кеңес үкіметінің саясаты дін атаулыға қатты өшігіп, халықтың рухани жәдігерлері саналатын осы сарындағы көне мұралардың қайта жарық көруіне қатаң тыйым салып еді. Ислам дінінің түркі халықтарының зорлықсыз, өздерінің ойлау танымына сәйкесіп тұрғандықтан қабылдауын, асыл дінімізді түркі руханиятына түсінікті етіп, бүкіл шығармашылығына діни астар берген Ясауи мұрасы да осы саясаттың көлеңкесінде қалып, лайықты көңіл бөлінбеді.

Қазіргі уақытта Қожа Ахмет Ясауидің өмірі, ілім жолының тарихы аясында жүргізілген көптеген зерттеу еңбектері бар. Қазақстанда ясауитану 1990 жылы қазан айында Түркістан қаласында «Ясауи әлемі» атты дөңгелек үстел өткізілді. Осы халықаралық жиында дөңгелек үстел басында Ясауи мұрасы жайында Түркия ғалымдарымен тұңғыш рет жүзбе-жүз кездесіп, пікір алысу болды. Осы уақыттан бері қарай жанданып, зерттеу еңбектері молынан жазыла бастады. «Қожа Ахмет Ясауи кім және оның діни-идеологиялық жолы қандай болды?», «Қожа Ахмет Ясауидің түпнұсқада хикметтерінің нақты саны қандай?», «Ясауи мұрасының текстологиясымен өнімді жұмыс жүргізу» сынды маңызды мәселелер төңірегінде түркі тілдерінде және қазақ тіл білімінде маңызды еңбектердің қатары толысып келеді. Бір қиындығы – өте ерте жазылған мұра болғандықтан табылған түпнұсқаның жазылған жылы көрсетілмегені, қолжазбалармен жазылған зерттеу еңбектерінің басымдығы байқалады.

Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін қалаушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ. Жұбановтың ««Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабы туралы» еңбегі жайында» деген бөлімінде хикметтерді тақырыбы жағынан діни, тарихи құбылыстар және адамдардың игі істері деп бірнеше топқа бөледі. «Диуани хикметтің» тілін ат үсті болса да байқаған адам мұнда қазіргі кездегі өзбектің де, ұйғырдың да, қазақтың да тіліне ұқсайтын жеке-жеке (біріндеген) лексикалық элементтердің де азды-көпті сөздері қазіргі өзбек немесе ұйғыр тілінде қолданылып жүрген сөз материалы болып шығады... [5, 321-б.]. Бұл еңбекте «Хикметтердің» тілі – түрік тілі. Ахметтің өзі де түрік тілімен жазғанын айтады. Ясауидің өсіп-өнген мекені Түркістанда туғанынан-ақ «Диуани хикмет» қазақ халқының ескі мұрасы екені шүбәсіз деп көрсетеді.

М.Қ. Әбусейітова Орталық Азияда этномәдени процестердің біртұтастығы ғана емес, ішкі шекаралардың жоқтығы да үлкен рөл ойнағанын [6, 6-б.], - айтады. Ғалымның «шекарасыз» деп сипаттағанындай ортағасырлық Қазақстанның мәдени, рухани құндылықтарының тарихын Орта Азиядан бөліп қарастыру өте қиын. Түркі халықтарының рухани мұраларының басында рухани пірі Қожа Ахмет Ясауи және оның жолы тұр.

Осы Ясауи және оның жолы туралы ең көне, сенімді деректерді жазып қалдырған ортағасырлық сопы шайхы Ахмед Хазини болып табылады. Ясауидің өмірі, ілім жолының тарихы жөнінде ғылыми түрде жан-жақты ашу үшін Ахмед Хазини шайхтың «Диван»,

«Джавахир ал-абрар мин амвадж-и бихар» туындыларын қарастыру қажет екенін Ғ.И. Көшенова өзінің монографиясында түрік ғалымы Ф. Көпрүлүннің «Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar» атты ғылыми зерттеуі осы бағытта жазылған алғашқы еңбек екенін атап көрсетеді. Одан кейін өзбекстандық ғалым Н. Хасан түркиялық ғалымдармен қарым-қатынас орнатудың арқасында Ахмед Хазинидің еңбектерін алғаш рет баспасөз беттеріне жариялады.

Қожа Ахмет Ясауи жайлы алатын мәліметті негізгі үш топқа бөлеміз: 1) Ясауи тарихаты өкілдерінің жазып қалдырған еңбектері; 2) Нақшбандийа тарихаты өкілдерінің жазып қалдырған еңбектері; 3) Аталмыш сопылық бауырластықтарға тәуелсіз дерек көздері. [7, 55-б.]. Ғ.И. Көшенованың монографиясында рухани үндесімде болған Ахмед Хазиниді Ясауидің түп нағашы атасы деуге болады, оның есімі ескерілмей, Ясауидің көлеңкесінде қалып қоятынын айтады.

Ясауи мен шәкірттерінің арасында рухани үндестіктің астарласып жатқаны сондай – мәтіндері қайсысына тиесілі деген сауалға ясауитанушылар арасында бірыңғай көзқарас жоқ. «Зерттеушілердің бір тобы хикметтерді Қожа Ахмед Ясауи жазбағанын дәлелдеуге тырысса, екінші тобы жарық көрген хикметтердің біраз бөлігі Қожа Ахмедке тиесілі емес деп көрсетеді» [7, 55-б.]. Бұл пікір – түпнұсқа мен қолжазбалардың арасындағы айырмашылықтың негізінде болатын қарама-қарсылық. Тілін талдап, дұрыс тану үшін олардың қолжазбалар мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, текстологиясымен жете жұмыс жүргізу қажет. Осы орайда қолжазбадағы араб әліпбиі мен оның транскрипциясын көрсеткен Р.Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» еңбегіне көп жүгінуге болады. Ясауи мұрасын зерттеушілердің еңбектерінде тағы бір назарға бірден ілігетін мәселе – Ясауи атының түрліше нұсқада берілуі. «Ясауи», «Иассауи», «Йассауи», «Яссауи», «Яссауий», «Құл Хожа Ахмәд», «Сұлтан Ахмәд», «мискин Йассауи», «Құл Хожа Ахмед Йассауи», «сұлтан Хожа Ахмед Йассауи», «Ахмәди, «Ахмәд», т.б. нұсқаларда кездеседі, көріп отырғанымыздай, Ясауи есімінің жазылуында бірізділік жоқ екені көрініп тұр. Бұл атауды транслитерацияланған нұсқалардың қайсысын алғанымыз орынды болар еді деген сұраққа арнайы келесі мақалаларымызда кеңінен тоқталамыз. Қазіргі уақытта Р.Сыздықованың «Ясауи хикметтер тілі» атты еңбегіндегі Ясауи нұсқасы бойынша қолдануды жөн деп санадық. Бұл кітапта Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша Ясауи тілінің зерттелуі, фонетикалық жүйесі, фонологиялық заңдылықтар, қолжазбаның транскрипциясы, лексикасы, тілдік қабаттары, морфологиялық сипаттамасы, көркемдік сипаты және қолжазбаның факсимилесі берілген. Ясауи мұрасын зерттеуде аудармамен емес қолжазба қажеттігін мақалада өзекті еткен Г. Сағидолда, Қ. Сарекенованың мақаласында Ясауи «Хикметтерінің» тілін лингворухани код тұрғысынан қарастыру қажет екенін айтады. «Демек, концептіні этникалық дүниетаным мен ұлттық рухани-мәдени құндылықтардың тіл бірліктерінің ішкі құрылымының терең астарында бекіп, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғастық табуын қамтамасыз ететін ықшам тұрпаттағы семантикалық құрылым деп санасақ, Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісін лингворухани код тұрғысынан қарастыру қажеттігі туындайды» [8, 62-б.]. Тілдік нысанды анықтап алғаннан соң «Хикметтердің» мәнін түркі халықтарының болмысы, тілдік қабаттарына байланысты араб, парсы сөздерінің қолданыс жиілігі, тағы-тағылар жөнінде зерттеу өзегіне сұранып тұрған мәселелер болып тұр.

Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтерінің» тілдік ерекшеліктері, көбінесе «Даналық» деп аталады, олар пайда болған мәдени және тарихи контекстермен терең байланысты. Бұл мақал-мәтелдер мен поэтикалық өрнектер даналықтың құралы ретінде ғана емес, түркі халықтарының әлеуметтік-лингвистикалық табиғатының көрінісі ретінде де қызмет етеді. Қолда бар нұсқаның ең көнесі жайында: «Қолдағы нұсқаның ең көнесі XVII ғасырдан кейінгі уақытта табылған. Зерттеуші В.А. Гордлевский өз мақаласында хикмет жайлы: «бір қарт кісінің қылуында Ясауи құлпытасының басына хикметтердің теріге жазылған қолжазба түрін

қойғандары» туралы, сонымен бірге «1929 жылы хикметтің Ферғанаға сатылып кеткені жайлы әңгіме естігенін», [9, 364-б.] - жазады.

Мәселен, зерттеушілер П.М. Мелиоранскийдің, К.Г. Залеманның еңбектерін қарай отырып: «Қазан баспасынан жарық көрген хикметтердің бәрі Қожа Ахмедтің шығармасы еместігін» алғашқы айтқан шығыстанушы ғалымдардың бірі – А.К. Боровков болып табылады [6, 231-б.]. Бұған дәлел ретінде Ахмед Ясауидің стилінде хикмет жазған кісілер ретінде отыз шақты шайырлардың тізімін береді [4, 236-б.]. Сопылық дінді таратушы, Ясауидің сара жолын нақ сол қалпында ұстанатын орынбасар шәкірттерінің саны отыздан астам екенін көреміз.

Зерттеуші Д. ДиУис өзінің зерттеулерінде А.К. Боровковтың пікірлерін қолдай отырып, оны былай дәлелдеуге тырысады: біріншіден, «Диуани хикметті» зерттеген көптеген ғалымдар оның (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында) Қазан, Ташкент немесе Стамбулда жарық көрген тасбаспа нұсқаларын негізге алады. Бұлардың ешбірі көшірме нұсқасының толық тәртіптелген, түпкі нұсқасын қолданбады. Сондықтан зерттеуде түпкі нұсқаны, «Диуани хикметті» таба алмаймыз.

Екіншіден, «Диуани хикмет» нұсқаларының мағынасы тек Ахмед Ясауидің өміріне қатысты мәселелерді ғана емес, XV ғасырда өмір сүрген жеке тұлғаларды да қамтыды. Кейінгі яссауиға шайхтары Шамс ад-дин Узганди, Камал Иқани, т.б. «Диуани хикметтің» бірнеше бәйіттердің авторы болып шықты. Үшіншіден, XV ғасырдың соңындағы мәліметтерде Ахмед Ясауиді поэзиядан көре алмаймыз. Өйткені ол поэзия жазып, хикмет айтқан жоқ. Ол Ахмед Ясауи емес, Яссауиға дәстүріндегі тұлғалар болатын [7, 56-б.]. Бұл тұрғыда ясауитанушылардың мүридтерінің көп екеніне көз жеткіздік және жылдар, ғасырлар бойы сопылық жолмен жалғасып, ұстаз жолына адал ниетпен ауыздан-ауызға, қолжазбалар арқылы күні бүгінгі ұрпақтарға таралып, рухани азық болып отыр.

Өзбек ғалымдарының зерттеулерін басшылыққа алған ғалым И. Хаққұл: «Қожа Ахмед Ясауи «Диуани хикмет» атты ешқандай кітап жазбаған, еңбек оның мүридтері мен ізбасарлары тарапынан жазылған» [9, 412-413 б.], - деген қорытындыға келеді.

«Диуани хикметтің» Ташкент пен Қазан басылымдарының бас жағындағы немесе соңындағы «Фақрнама» атымен көрсетілген рисала туралы ғалым М.А. Джошан «Еңбектің Ахмед Ясауидікі екені анық көрінеді. Бірақ кейбір ғалымдарымыз мұны теріске шығарады. Бәлкім, «Фақырнама» Ахмед Ясауидің қаламынан шыққан «Диуани хикметтің» бір бөлігі ғана емес, жеке бір еңбегі болуы мүмкін» [10, 20-б.], - дейді. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, абсолютті қарама-қайшылықтар көбірек кездеседі. Мұның барлығы әлі қаншама тілдік еңбектердің жүгі болары хақ.

Біздіңше, Ахмед Ясауидің хикметтерін Ясауиға ізбасарлары жазып, дәуірлеріне сай өздері толықтырып отырған. Араб тілінен кейінгі Орталық Азиядағы парсы тілінің ықпалын ескере отырып, «диуан» сөзінің арабша емес, парсы тіліндегі мағынасын қарастырсақ, ол қазақ тіліне аударылғанда «үлкендер», «дәулер» [9, 189-б.], - дегенді білдіреді. Ғылымдағы осы мәселені еңбектің атауы арқылы анықтау да дұрыс бағыт беретін секілді. Сонымен «Диуани хикмет» деген «Даналық кітабынан гөрі – «Үлкендердің (ұлылардың деген мағынада) даналық сөзі» деген мағынасы жөн секілді. Демек, жоғарыда айтып өткеніміздей, «Диуани хикмет» Ясауиға ұлыларының даналық сөздерінің жиынтығы болса керек. Әлі күнге аталмыш еңбектің түпнұсқасы табылмағаны және қолдағы ең көне нұсқа XVII ғасырдан кейінгі дәуірдің үлесінде. Қысқаша айтқанда, хикметтер жинағы Қожа Ахмед Ясауи мен ізбасарларының хикметтерінің жалпы жинағы деген ойдамыз. Өйткені еңбектің атауы соны меңзейді [6, 59-б.].

Соңғы жылдарда Ясауидің мұрасын зерттеуде Ахмед Хазинидің Түркияда табылған тағы бір еңбегі, сопылық шығарма – «Диван» деп аталады. Осы еңбекте Ясауидің айтқан

сөздерімен қатар өзінің пікірлері, сопы ұлыларының сөздері және мақал-мәтелдер қолданылатынын Ғ.И. Көшенова өзінің монографиясында тілге тиек етеді.

Зерттеушілер М. Фуат пен Ә. Нәжіп: «Қазір ақын (Иассауи) хикметтерінің қайсысы өз қаламынан туған, ал қайсысының өңі өзгертілген немесе шәкірттері тарапынан жазылғандығын айту қиын», - дей келе, ойлары бір арнаға тоғысса, өзбек ғалымы Н. Маллаев: «Дивани хикмат» организован как литературный памятник, составленный не только из проведений Ясави, но и включающий в себя стихи его учеников и последователей, развивавших идей-джахрия в течение нескольких воев», - деп түйіндеген [2, 88-б.].

Соңғы жылдары жарық көріп жатқан «Диуани хикметтер», негізінен, екі қайнар бойынша жарық көріп жатыр. Олар қолжазбалар мен тасбаспалар. Литографиялық нұсқалар ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап жарық көріп, сол кездегі түркі жұртының сұранысын қанағаттандырды. Бұл ӨРҒА Шығыстану институтының литографиялық баспалар бөлімінде бірін-бірі қайталамайтын (Ташкент, Бұхара, Стамбул, Қазан) «Диуани хикметке» қатысты 33 тасбаспа кітап бар екендігі айтылады [2, 89-б.].

Ясауи «Хикметтеріндегі» араб және парсы лексикалық қабаттарын зерттеу олардың мағыналық байлығын түсіну үшін өте-мөте қажет. Тілдік деректер ретінде алынған терминдер тек лингвистикалық жәдігерлер деп қана қарамай түркі халықтарының тарихи мәтінінде белсенді көрсеткішке ие болған мәдени-философиялық ұғымдарды бейнелейді. Бұл сөздерді талдау олардың мағыналары мен хикметтердің жалпы көзіне ықпал ететін күрделі тәсілдерін ашып, Ясауидің даналығын тереңірек бағалау үшін осы лингвистикалық өрнектердің мағыналық табиғатын түсіну қажеттілігі туындайды.

Қожа Ахмет Ясауиге байланысты жасалған зерттеулердің бастауын ХІІ ғасырға дейін алып баруға болады. Дегенмен бұл зерттеудің ХV ғасырдан соң, әсіресе Қазан, Ташкент, Стамбұл қалаларында «Диуани хикметтің» тасбаспалары шыға бастаған ХІХ ғасырдың ортасынан кейін қарқын ала бастағанын көруге болады [12], - деген Түркия мен Қазақстанда «Диуани хикметке» байланысты шолу жасаған түркиялық зерттеуші Ш. Бейлур. Осы мақалада Ясауидің туған жері туралы әртүрлі пікір болғанымен, ол Қазақстан шекарасында, Сайрам қаласында туғанын мойындайтын еңбекті атап өтеді. Ясауиден кейін де сопылық дәстүрдің дамып, жалғасын тауып келе жатқанын түріктер арасында ең танымалы Юнус Эмренің есімімен байланыстырады, көбінесе Анадолы түрік тілінде буындық өлшеммен жазылғанын жеткізеді.

Ясауитанушыларға тағы бір үлкен елең еткізер жаңалық – тағы бір нұсқаның табылуы. «2016 жылы Көкшетау қаласындағы Әдебиет және өнер музейінен де Диуани хикметтің бір нұсқасы табылды. Иманғазы Нұрахметұлы тарапынан қазақ тіліне аударылған бұл нұсқа қазір Көкшетау Әдебиет және өнер музейінің қолжазбалар бөліміндегі 639 инвентарда сақталған. Аудармашының шамалағанындай бұл қолжазбаның көшірілген уақыты ХVІІ ғасырдан соңғы кезеңдерге тура келеді» [13, 71-б.], - деп ясауитануға жаңа нұсқа бойынша зерттеуді нысанға алған зерттеуші С. Өтебеков пікір білдіреді. Оның айтуынша, бұл нұсқа италик жазу түрімен көшірілген, көне ұйғыр әрі араб емлелері ішінара қолданылады, дауысты дыбыстарды ажырату үшін дәйекше қойылмаған. Бұл қолжазбаның тіл және әдеби ерекшеліктері туралы жұмыс жалғасуда. Дәйекше біршама жүйелі түрде Санкт-Петербург нұсқасында көрсетіледі.

Бұл нұсқалардың жазылуындағы ерекшеліктерді дауысты дыбыстарға байланысты қолданылатын дәйекшенің қолданылу амалы, беру таңбасы әр түрлі, бұл біздің нысанға алып зерттегелі отырған нысанамызға өз әсерін тигізетіні көрініп тұр. Демек, бұл тұстан пікірлердің әртүрлі болуы заңды, біз нұсқаларды салыстыра отырып, сөз мағынасының қолданылуына, лексиканы байыту жолдарына, тарихи, мәдени, рухани, діни астарына ойысуға болады. Мәдени лексика құндылықтардың астарына бекіген, шағатай тілінде

жазылған мұраларды оқудағы кездесетін қиындықтардың бірі – дауысты дыбыстарды беруде қолжазбаны жеткізушінің стилін түсініп алу. Сондықтан харакаттардың/дәйекшелердің берілуін қолжазбадан дұрыс оқу міндеті басты назарда болу керек.

Мақалада тірек ретінде алынған ғалымдардың топшылауында пікірлердің сан алуандығы көзге көрініп тұр, тіпті абсолютті қарама-қайшылықтар да бар. Ясауи хикметтерінің санына байланысты, даналықтың бастау көзі қайдан, кімнен бастау алатыны және әр нұсқада берілген фонетикалық өзгерістер, стильдік ерекшеліктерге негізделген әртүрлілік, сонымен қатар қай қолжазбаны басшылыққа алды деген күннің өзінде қай кезеңде жазылғаны берілмегендіктен қайсы нұсқа ең көнесі екені де ұғынылмай отыр, осы мәселелер зерттеу кезінде тілдік деректерді нақтылауға өз септігін тигізіп отыр. Бұл жағынан зерттеу кезінде жекелеген нұсқаны атап, сол дерекпен жұмыс жүргізілетінін айшықтап көрсету қажеттігі туындайды. Әр қолжазбаны жазу стилінде шағатай әліпбиіндегі әріп пен буынды қалай бергенін, қолжазбаны таратушының стиліндегі ерекшеліктерді білу қажет.

Бүгінде Ясауи мұрасына ерекше көңіл бөлінеді, әр ұлт өз руханиятының негізін жан-жақты қырынан қарастыруда, әсіресе, мәдениеттану, әдебиеттану, философия, діни және тарихи тұрғыда жаңаша көзқарастармен толығып келеді. Тілдік тұрғыда жасалған зерттеулер қазақ тіл білімінде де баршылық, бірақ сирек екендігін атап өткен жөн. Бұл бірді-екілі тілшілердің көтеретін жүгі емес.

Асыл қазыналарымыз Абай, Шәкәрім сынды тұлғалардың бастау бұлағы саналар шығыстың данасы, ұлт тәлімгері атанған Ясауи мұрасын тілдік тұрғыдан зерттеу – алдымызда тұрған зор міндет.

Бүгінде әр қайсысы жеке ұлт болып ұйысқан түркі халықтары баба мұрасын өздеріне қарай тарта түсетіні анық. Сонау XII ғасырда өмір сүрген Ясауидің тілі туралы, ең әрісі XVI ғасырға барып тірелетін қолжазбалар шығарманың әдеби тілін толық ашып бере алғанымен де, жер-жерден табылған нұсқалары осы салада түпнұсқаларды бір-бірімен салыстыра отырып, шартты түрде баспа және жазба (қолжазба) деп қарастырып, тілдік тұрғыда мағынасын ашуды, түркі тілдеріне ортақ құндылықтарды танып, дүниенің санадағы бейнесі жаңа мәдени концептілік өрістердің құрылымын анықтаймыз.

Қорытынды

Сонымен «Хикметтердің» сақталған нұсқалары Орта Азияда ғана емес, әлемнің көптеген елді мекендерінде сақталған. Ғалым Ә. Құрышжанов төрт жүзден аса нұсқасы барын айтады, Түркия, Ресей, Иран, Мысыр, Үндістан, Венгрия, Италия, т.б. мемлекеттердің кітапханаларында, мұражайларында қолжазбалар бар екені анықталып жатыр. Бұл нұсқалардың көп бөлігі зерттеу кезінде назардан тыс қалып жатыр, бұл нұсқаларда жазылған ой мен идеялар бірдей болғанымен, мазмұны мен тілдік ерекшеліктерге байланысты айырмашылықтар бар екені зерттеулерде айтылып жүр. Бұл еңбекті зерттеген ғалымдардың еңбектерінде абсолютті қарама-қайшылықтар орын алып отырады, ол Ясауи хикметтерінің санына байланысты, авторы өзі ме әлде шәкірттері ме, сондай-ақ Ясауи хикметтеріндегі лексиканың тілдік қабаттары жөнінде пікірлердің сан алуан түрліше болуын мына мәселемен қарастырылады: біз назарға алып отырған зерттеушінің қай нұсқамен, қандай мақсатта жазылғанын басты назарда ұстаған абзал. Бұл мұраның өзі XI–XII ғасырға тиесілі, ол шәкірттерінің(мүридтерінің) ауыздан ауызға тарап XV–XX ғасыр аралығында жазылған нұсқалармен жұмыс жасау бізге өз қиындығын келтіреді.

Қорытындылай келе, Ясауи «Хикметтерінің» тілдік ерекшеліктері көп қырлы, алынған сөздік қоры, көркемдік мәнерлілігі жағынан, тілдік қабаттары тұрғысынан түркі танымының негізі ортақ, мәдениеті, тұрмысы жақын, бірегей болғандығын көрсетеді. Бұл элементтердің өзара әрекеттестігі мәтінді байытып қана қоймай, түркі халықтарының мәдени-тарихи болмысымен өмірлік маңызды байланыс қызметін атқарады. Бұл ерекшеліктерді түсіну

Ясауи шығармашылығына енген даналықтың тереңдігін және оның адамгершілік пен білім туралы қазіргі дискурсқа қатыстылығын бағалау үшін өте маңызды.

Жазбалардағы айырмашылықтар хикметтің ішкі мазмұнына айтарлықтай әсер ете қоймағанымен де, тілдік тұрғыдан арнайы зерделеуді қажет етері анық. Ясауидің «Хикметтері» қазақ филологиясы үшін де, жалпы түркологиялық ғылым саласы үшін де өзекті болып отыр. Өйткені біздің асыл дінімізді түркі жұртының танымымен қабыстырып, табиғатымен астастырған руханиятымызды бойымызға сіңіру үшін бізге темірқазықтай жол көрсетіп тұрары анық. Даналық сөздерінің көркемдік, тілдік ерекшеліктерінен бастап, философиялық, діни-сопылық тұстары да қарастырылып жатыр. Десек те, Ясауи мұрасына дендеп енген сайын бұл әлемнің қыр-сыры тым тереңде жатқанынын аңғару қиын емес. Сондықтан да ясауитану саласында бүгінде атқарылған дүниелерге қарағанда әлі де зерттеуді қажет ететін негізгі мәселелердің бірі – ақын қаламынан туындаған даналық сөздерін жинақтап, сараптап, берісі қазақ, әрісі күллі түркі мұсылман руханиятының кәдесіне жарату.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 665 б.
2. Қыдыр Т.Е. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): монография. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 200 б.
3. Құрышжанов Ә. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1994. – №5. – Б. 24–33.
4. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (Определение языка хикматов Ахмада Ясеви) // Советское востоковедение. – 1948. – Вып.5. – С. 229–250.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
6. Абусейтова М.Х. Предисловие // Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама. / Сост.: Б.М. Бабажанов, С.А. Мухаммадинов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 280 с.
7. Сағидолда Г., Сарекенова Қ., Сапарниязова М. Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «Иман» тұжырымдамасы // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. – 2023. – №3. – Б. 56–71. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.04>
8. Көшенова Ф.И. Ахмед Хазини және Қожа Ахмед Ясауи жолы: монография. – Алматы: Эверо, 2021. – 180 б.
9. Гордлевский В.А. Ходжа Ахмед Ясеви // Избранные соч. – Т. III. – М.: Изд. Восточной литературы, 1962. – С. 361–368.
10. Ясауи // Узбекистон Миллий энциклопедияси. Т. X. – Ташкент: Давлат илмий нашриёти, 2005. – С. 412–413.
11. Devellioglu F. Osmanlica – Türkçe Ansiklopedik Lugat. – Ankara: Aydin, 2002. – 970 s.
12. Бейлур Ш. Қожа Ахмет Ясауи және «Диуани хикметке» байланысты Түркия мен Қазақстандағы зерттеулер // Түркология. – 2021. – №3(107). – Б. 31–43.
13. Утебеков С. «Диуани хикметтің» тілдік және стильдік ерекшеліктері жайындағы зерттеулер мен ғылыми тұжырымдар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3 (129). – Б. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>.
14. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі // Түркология. – 2002. – №2. – Б. 106–110.
15. Köprülü M.F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar. – Ankara: Diyanet İşleri Bşk, 1991. – 560 s.

REFERENCES

1. Syzdyq R. Iasauı «Hikmetterinin» tili [The language of the “Hikmets” of Yassawi]. Kop tomdyq shygarmalar zhinagy. – Almaty: El-shezhire, 2014. – 665 b. [in Kazakh]

2. Qydyr T.E. Deshti Qypshaq dalasyndagy islami adebiet (Islam, iman zhane ihsan maselelerinin zhyrlanu erekshelikleri): monografia [Islamic literature in the Desht Kipchak steppe (features of singing the problems of Islam, faith and Ihsan): monograph]. – Astana: «Ruhani qundylyqtardy qoldau qory» korporativtik qory, 2018. – 200 b. [in Kazakh]
3. Quryshzhanov A. Qozha Ahmet Iasauy shygarmalaryn zertteudin keibir maseleleri [Some issues of studying the works of Khoja Akhmet Yasawi] // QR UGA habarlary. Til, adebiet seriasy. – 1994. – №5. – B. 24–33. [in Kazakh]
4. Borovkov A.K. Ocherki po istorii uzbekskogo iazyka (Opredelenie iazyka hikmatov Ahmada Iasevi) [Essays on the History of the Uzbek Language (Definition of the Language of the Hikmats of Akhmad Yasevi)] // Sovetskoe vostokovedenie. – 1948. – Vyp.5. – S. 229–250. [in Russian]
5. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Researchers in the Kazakh language]. – Almaty: Memlekettik tildi damyту instituty, 2010. – 608 b. [in Kazakh]
6. Abuseitova M.H. Predislovie // Sobranie fetv po obosnovaniyu zikra dzhahr i sama [Preface // A collection of fatwas justifying dhikr jahr and sama] / Sost.: B.M. Babazhanov, S.A. Muhammadinov. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 280 s. [in Russian]
7. Sagidolda G., Sarekenova Q., Saparniazova M. Iasauy «Hikmetteriy» tilinin kognitivtik qurylymy: «Iman» tuzhyrymdamasy [Cognitive structure of the language of Yasawi's “Wisdoms”: the concept of “Faith”] // Eurazia gumanitarlyq instituty habarshysy. – 2023. – №3. – B. 56–71. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.04> [in Kazakh]
8. Koshenova G.I. Ahmed Hazini zhane Qozha Ahmed Iassauy zholy: monografia [The path of Akhmet Khazini and Khoja Akhmet Yasawi: a monograph]. – Almaty: Evero, 2021. – 180 b. [in Kazakh]
9. Gordlevskiy V.A. Hodzha Ahmed Iasevi // Izbrannyye soch. [Khoja Ahmed Yasevi // Selected works]. – T.III. – M.: Izd. Vostochnoi literatury, 1962. – S. 361–368. [in Russian]
10. Iassavi // Uzbekiston Milliy enciklopediasiy. T. X. [National Encyclopedia of Uzbekistan. T. X.]. – Tashkent: Davlat ilmi nashrioti, 2005. – S. 412–413. [in Uzbek]
11. Devellioglu F. Osmanlica – Türkçe Ansiklopedik Lugat [Ottoman – Turkish Encyclopedic Dictionary]. – Ankara: Aydin, 2002. – 970 s. [in Turkish]
12. Beilur Sh. Qozha Ahmet Iasauy zhane «Diwani hikmetke» bailanysty Turkia men Qazaqstandagy zertteuler [Khoja Ahmed Yasawi and Diwani Hikmet studies in Turkey and Kazakhstan] // Turkologia. – 2021. – №3(107). – B. 31–43. [in Kazakh]
13. Utebekov S. «Diwani hikmettin» tildik zhane stildik erekshelikleri zhayyndagy zertteuler men gylimi tuzhyrymdar [Research and scientific conclusions on the linguistic and stylistic features of “Diwani Hikmet”] // Iasauy universitetinin habarshysy. – 2023. – №3 (129). – B. 7–23. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.01>. [in Kazakh]
14. Syzdyq R. Iasauy tilinin qypshaqtyq-oguzdyq negizi [Kipchak-Oguz basis of the Yassawi language] // Turkologia. – 2002. – №2. – B. 106–110. [in Kazakh]
15. Köprülü M.F. Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar [The first Sufis in Turkish literature]. – Ankara: Diyanet İşleri Bşk, 1991. – 560 s. [in Turkish]

UDC 81'42 + 81'25; IRSTI 16.21.15

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.205>A.S. ABU¹, R.Zh. SAURBAYEV²

¹PhD Doctoral Student of Toraigyrov University
(Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: abu.a_98@mail.ru
²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Professor of Toraigyrov University
(Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: rishat_1062@mail.ru

CONFLICTOGEME TRANSFER IN ENGLISH, RUSSIAN, AND KAZAKH MEDIA

Abstract. This article examines the dynamics of transferring conflict-generating language units—commonly referred to as conflictogemes – across English, Russian, and Kazakh media discourses. In light of the growing influence of global media and the intensification of ideological polarization, the study investigates how these expressions move between linguistic and cultural contexts and how their meanings and pragmatic functions shift in the process. Particular attention is given to lexical items and rhetorical patterns that serve to reinforce oppositional perspectives and contribute to the construction of polarizing narratives in public discourse.

The research is grounded in a multidisciplinary methodology that combines critical discourse analysis, componential and pragmalinguistic approaches, quantitative content analysis, and intercultural comparison. The empirical material comprises 90 media articles published in 2023–2024 across leading outlets: BBC and CNN (English), Kommersant and Izvestia (Russian), and Aikyn and Egemen Kazakhstan (Kazakh).

Findings reveal clear differences in how conflictogemes are deployed across these media environments. Russian-language discourse tends to rely on overtly aggressive and ideologically marked expressions; English-language materials favor institutional and legalistic framing; and Kazakh-language media adopt more implicit, culturally mediated strategies that reflect local norms of rhetorical restraint. The study introduces the term қақтығысоген (kaktygysogem) as a context-specific Kazakh analogue to the broader concept of conflictogeme, justified by its semantic precision and cultural relevance.

The article contributes to current scholarship by offering an in-depth comparative analysis of conflict expression across three media cultures. In addition, it provides a practical framework for examining the cultural adaptation of conflict rhetoric, with implications for media analysis, critical reading practices, and the development of ethical communication strategies in multilingual and multicultural settings.

Keywords: conflictogeme, media discourse, interlingual transfer, cultural-pragmatic adaptation, critical discourse analysis, Kazakh-language media.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Abu A.S., Saurbayev R.Zh. Conflictogeme Transfer in English, Russian, and Kazakh Media // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 212–227. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.205>

***Cite us correctly:**

Abu A.S., Saurbayev R.Zh. Conflictogeme Transfer in English, Russian, and Kazakh Media // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – Б. 212–227. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.205>

Date of receipt of the article 05.01.2025 / Date of acceptance 30.06.2025

А.С. Абу¹, Р.Ж. Саурбаев²

¹*PhD докторант Университета Торайгырова*

(Казахстан, г. Павлодар), e-mail: abu.a_98@mail.ru

²*кандидат филологических наук, профессор Университета Торайгырова*

12. Baranov A.A. Konfliktogennaia leksika v politicheskom diskurse [Conflictogenic vocabulary in political discourse] // Politicheskaja lingvistika. – 2007. – №2. – S. 20–31. [in Russian]
13. Van Dijk T.A. Ideology: a multidisciplinary approach. – London: SAGE Publications, 1998. – 242 p. <https://doi.org/10.4135/9781446217856>
14. Van Dijk T.A. Discourse and manipulation // Discourse & Society. – 2006. – Vol. 17, №2. – P. 359–383. <https://doi.org/10.1177/0957926506060250>
15. Kusaiynova D.I. Kazakhsko-russkiy mediadiskurs: fenomen bilingvizma // Journal of Central Asian Linguistics. – 2018. – Т. 4, №3. – P. 19–28.
16. Kadyrhanov Z.A. Mediaritorika v usloviah kazahstanskogo bilingvizma [Media rhetoric in the context of Kazakhstani bilingualism] // Aleumettik gylymdar zhurnaly. – 2016. – №1. – S. 48–56. [in Russian]

ӘОЖ 81'366; МҒТАР 16.21.41

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.206>К.А. БАТЫРБЕКОВА¹, Н.Қ. ОМАРОВ², М.Е. ӘЛІМБАЕВ³¹М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: nurlubek.omarov.73@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент

М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті

(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: medeu-7@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШНДЕГІ АТБЕГІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(«Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштері негізінде)

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» және қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштерінде кездесетін дәстүрлі атбегілік өнерге қатысты тілдік деректер лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады. Сәйгүлігін сайлап, тарланын таңдап мінген түркілер өз танымдары мен талғамдарын осы жануармен тікелей байланыстырған. Сондықтан да халқымыздың дүниетанымында жылқыға қатысты ерекше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. Ата-бабамыз аттың сынын жақсы білген және күтімін де терең меңгерген. Осыған қатысты жинақталған ілімін жазба ескерткіштерінде сипаттап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Осындай еңбектердің қайнар көзі ортағасырлық қыпшақ және мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған мұралар екені анық. Мақалада ескерткіштер тіліндегі атбегілікке қатысты ұғымдар анықталып, дәстүрлі өнердің мәдени мұра ретіндегі рөлі, аттың қазақ өміріндегі орны мен оның тілдегі көрінісі лингвомәдениеттану тұрғысынан жүйелі түрде талданады.

Зерттеу барысында ортағасырлық «Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктер фонетикалық, лексикалық тұрғыдан ажыратылып, олардың лингвомәдени сипаты тереңірек ашылады. Нәтижесінде ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі сөздік қолданыстардың қазіргі қазақ тіліне әсері, олардың сақталу деңгейі, айырмашылықтары, қазіргі қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі орны қарастырылады. Жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Батырбекова К.А., Омаров Н.Қ., Әлімбаев М.Е. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштері негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 228–239. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.206>

*Cite us correctly:

Batyrbekova K.A., Omarov N.K., Alimbaev M.E. Ortogasyrlyq jazba eskertkishindegi atbegilikke qatysty tildik birlikterdin lingvomadani erekshelekteri («Baitartu'l-Vazih» jane «Kodeks Kumanikus» jazba eskertkishti negizinde) [Linguocultural Features of Linguistic Units Related to Horse Breeding in a Medieval Written Monument (Based on the inscriptions of the “Baytartul-Wazih” and the “Codex Cumanicus”)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 228–239. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.206>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

атбегілік өнерге қатысты тілдік бірліктердің ерекшеліктерін зерттеу арқылы тілдің тарихи сабақтастығы мен даму заңдылықтары айқындалады.

Кілт сөздер: атбегілік, ортағасырлық жазба ескерткіштер, «Байтарту'л-Вазих», «Кодекс Куманикус», тілдік бірліктер, лингвомәдени ерекшеліктер», дәстүрлі өнер, кәсіп, мұра.

К.А. Батырбекова¹, Н.К. Омаров², М.Е. Алимбаев³

¹*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University*

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru

³*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*

M. Auezov South Kazakhstan University

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: medeu-7@mail.ru

Linguocultural Features of Linguistic Units Related to Horse Breeding in a Medieval Written Monument

(Based on the inscriptions of the “Baytartul-Wazih” and the “Codex Cumanicus”)

Abstract. In this article, based on linguistic data, the linguistic features of lexemes associated with atbegi and the formation of the traditional art of horse breeding are considered. The way of life of nomads is closely associated with horses, so it is natural that their language often contains linguistic units associated with horse riding. The study analyzes the features of the use of lexical units related to horse breeding. The traditional understanding of horse riding in the written monument «Baytartu'l-Vazih», as well as the linguocultural nature of words associated with horse riding in the monument «Codex Cumanicus» are disclosed in detail. The basis for the formation of the traditional art of horse breeding is determined by the language of written sources. A linguistic analysis of written monuments written in the medieval Kipchak languages is carried out. The article defines the meaning of lexemes related to the art of horse breeding and determines their connection with today's Kazakh language. Lexical analysis of the language of written monuments written in the Kipchak language is one of the most important issues determining the historical development of the Kazakh language today.

As a result of the study, it was found that the words and phrases related to the name found in the manuscripts are closely related to the Atbeg tradition of the Kazakh people, revealing their cultural and historical significance. The article systematically analyzes the role of traditional equestrian art as a cultural heritage, the special place of the horse in the life of the Kazakhs and its expression in the language from the point of view of linguoculturology. This study examines the relationship of lexical units used in the written monuments «Baitartul-Vazih» and «Codex Kumanikus» with the modern Kazakh language. By studying the linguistic features of the monument, the influence of ancient word usage on the modern language, the level of their preservation and place in the lexical system of the modern Kazakh language are analyzed. As a result of the study, the historical continuity and laws of language development are determined.

Keywords: horse breeding, medieval written monuments, «Baytartu'l-Wazih», «Codecus Cumanicus», language units, linguocultural features, traditional art, profession, heritage.

К.А. Батырбекова¹, Н.К. Омаров², М.Е. Алимбаев³

¹PhD докторант Южно-Казахстанского университета им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: nurlybek.omarov.73@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: medeu-7@mail.ru

Лингвокультурные особенности языковых единиц связанных с коневодством в средневековом письменном памятнике

(На основе надписей «Байтарту'л-Вазих» и «Кодекса Куманикус»)

Аннотация. В данной статье на основе лингвистических данных рассматриваются лингвистические особенности лексем, связанных с коневодством и формированием традиционного искусства коневодства. Образ жизни кочевников тесно связан с лошадей, поэтому закономерно, что в их языке нередки появления языковых единиц, связанных с верховой ездой. В ходе исследования анализируются особенности употребления лексических единиц, относящихся к коневодству. Подробно раскрыты традиционное понимание верховой езды в письменном памятнике «Байтарту'л-Вазих», а также лингвокультурная природа слов, связанных с верховой ездой, в памятнике «Кодекс Куманикус». Основа формирования традиционного искусства коневодству определяется языком письменных источников. Проведен лингвистический анализ письменных памятников, написанных на средневековых кыпчакских языках. В статье определяется значение лексем, относящихся к искусству коневодства, и определяется их связь с сегодняшним казахским языком.

В результате исследования установлено, что слова и словосочетания, относящиеся к коневодству встречающиеся в рукописях, тесно связаны с традицией коневодства казахского народа, раскрывается их культурно-историческое значение. В статье с точки зрения лингвокультурологии систематически анализируются роль традиционного конного искусства как культурного наследия, особое место коня в быту казахского народа и его выражение в языке. В данном исследовании рассматривается связь лексических единиц, используемых в письменных памятниках «Байтарту'л-Вазих» и «Кодекс Куманикус» с современным казахским языком. Путем изучения языковых особенностей памятника анализируются влияние древних словоупотреблений на современный язык, уровень их сохранности и место в лексической системе современного казахского языка. В результате исследования определены историческая преемственность и законы развития языка.

Ключевые слова: коневодство, средневековые письменные памятники, «Байтарту'л-Вазих», «Кодекс Куманикус», языковые единицы, лингвокультурные особенности, традиционное искусство, профессия, наследие.

Кіріспе

Тіл – ұлттың тарихын, мәдениетін, дүниетанымын, даналығын жинақтап көрсететін таңбалық жүйе. Ол тек таңбалар жиынтығы ғана емес, ұлттың бар болмысын айқындайтын мәдениеттің басты элементі. Осы тұрғыдан алғанда «Байтарту'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты тілдік деректерді салыстырмалы түрде зерттеу лингвомәдениеттану және тіл тарихы тұрғысынан маңызды ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

«Байтарату'л-Вазих» – ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған, атбегілерге арналған ветеринариялық жазба ескерткіш. Бұл ескерткіште жылқының қасиеттері мен сипаттары, оны күтіп-бағу, жылқы ауруларының түрлері және оларды емдеу шаралары туралы мәліметтер қамтылады. Жалпы атбегілік өнер дегеніміз атты сынау мен баптаудан тұрады. Ал бұл жазба ескерткіштің мәдени-тарихи мәні де осында.

XIII ғасырда қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші қыпшақтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы мәлімет беретін маңызды тарихи және лингвистикалық құнды ескерткіш. Бұл ескерткіште ат әбзелдері мен төрт түліктің бірі – жылқы малына қатысты атаулар кездеседі, оларды қарастыру арқылы жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған қыпшақтардың шаруашылығы мен кәсібіне байланысты деректерді алуға болады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Ортағасырлық «Байтару'л-Вазих» және «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке байланысты кездесетін бірліктерді зерттеуде ескерткіштер тілінде кездесетін тұлғалардың лингвистикалық және мәдени сипатын ашу мақсатында лингвомәдени зерттеу әдісі басшылыққа алынған. Лингвомәдени деректерді тілдік тұрғыдан зерттеу барысында зерттеу міндеттерін жүзеге асыру үшін семантикалық, лингвокогнитологиялық, шолу, сипаттау, талдау, жинақтау әдістері қолданылған.

Талдау мен нәтижелер

Көне ғасырдан ұлы даланы ат тұяғымен дүбірлетіп, төрткүл дүниені дүр сілкіндірген ата-бабамыздың басты байлығы асыл текті арғымақтар екені анық. Түркілердің тақымы аттан түспей, үзеңгіден табаны таймай ерен ерлігімен, елдігімен жерін сақтағаны тарихтан белгілі. «Замана көшінің келбетін өзгертіп» [1, 3-б.]. Өркениеттің дамуына өз үлестерін қосқан. Сондықтан да тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, тәлімі мен тәрбиесі, танымы мен талғамы жылқы малымен біте қайнасқан. Халқымыз төрт түлігін жеке-жеке пір тұтып, «қой береке, түйе ғазиз...», ал жылқыны «...төрт түліктің төресі» деп ерекше құрметтеп, «жеті қазынананың бірі» деп қасиет тұтып, «...шашасынан жер, құйрығынан жел аңқыған атын» жан жолдасына балаған [2]. Өйткені о бастан адамзат баласына тән асыл қасиеттер тектілік, адалдық, тазалықты жылқы малының бойынан байқаған. Сондықтан да ұрпағын «құлыным», «арғымағым», «хас тұлпарым» деп еркелетіп, өздерін «жылқы мінезді халықпыз, түбіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деген. Оған ерекше көңіл бөліп, қолға үйретіп, баптап, бәйгеге қосып, жауынгерлік өнерге баулып әспеттеген. Сонымен қатар атбегілік өнерді ұрпағының қанына сіңіріп, аманаттап отырған. Көне ғасырдан таңбалы тастарға бейнелеп, адамдармен қатар жерлеп «атты мүрде» орнатқан. Жазба ескерткіштер Күлтегін: *Күл-тегін али чалқы ақ атын мініп төгді (Күлтегін алып шалысты ақ атын мініп шайқасы)* [3, 22-б.], М. Қашқари: *«Киш канатун ер атин» (Құс қанатымен ер атымен)* [5, Т.1, 63], т.б., жырларына қосып, мәліметтер қалдырып отырған. Жалпы жылқы малы қай ғасыр, қай уақытта болмасын мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркес, аңыз-әпсаналары мен тарихи жырлар, ән-күйлерге өзек бола білген. Қазірге дейін, прозалық, поэзиялық шығармаларда көрініс тауып, тіпті «қазақтың баламасы секілді кейіпкерге айналып» та кеткен [6, 7], Сондықтан да болар жылқы малына байланысты қалыптасқан терминология ұлттық сана-сезім, әлеуметтік қатынас, тұрмыс-тіршілік пен шаруашылықты бейнелейді. Сөз орайы келгенде айта кету керек: халықтың жылқы малына қатысты наным-сенімі мен ырым-тыйымдары өзіндік бір төбе болса, мифтік түсінігі өзінше бір әлем. Мысалы ырымдар, «үзеңгі астынан құндақталған баланы өткізу, «тұлпардың тұяғының ізін «періштенің ізі» деп түсіну», «тұяқтың ізі түскен топырақты емдік мақсатта пайдалану», «тастағы тұлпар ізіне табыну», тыйымдар, «көкпарға әйел баласы бармайды», «жүйрік атпен отар қойдың алдынан шығуға болмайды, аттың бағы қайтады», «қасқыр соғуға болмайды, қасқыр соққан жүйріктің бәйгеде жолы болмайды»,

«әйел адамды жүйрік атқа мінгізбейді» секілді ырымдар мен тыйымдар халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде әлі күнге дейін қолданылады. Ал «жылқы-культі» қолданылған мифтік шығармалар халқымыздың мифологиясының бет қаймағы болып саналады. Мысалы, «Су жылқылары», «Жылқы, айдаһар, жылан», «Қамбар ата». Этнограф, ғалым С. Қондыбай жылқыға байланысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдарды зерттей келе «...бұл тек жылқыға байланысты наным-сенімдердің кейбірі ғана жалпы жылқыға байланысты таным-түсініктер дербес энциклопедия етіп жинақтауға жетерлік» дейді [7, 29-б.]. Шындығында, жылқы малына қатысты деректерді жинақтасақ, түркі халықтарына ортақ лингвомәдени аспектідегі ақпараттар жинақталған ғылыми дүниелер жазуға, тіпті сөздік құрастыруға да болады. Бұл енді болашақта атқарылатын істерімізде жалғастығын табады деген ойдамыз.

Атбегілік – жылқы малын баптау ілімі. «Атбегі /бапкер/ атпаз – бәйге атын тани білетін, оны жарату мен баптаудың, қыр-сырын жетік білетін маман. Атбегі атауының мәні ежелгі түркі халықтарының жазба ескерткіштерінде бек, ұлық, көсем, әкім деген ұғымды білдітерін деген атаумен астас [8, 260-б.]. Жалпы айтқанда, атбегілік өнер дегеніміз түркілердің ғасырлар бойы жинақтаған ат туралы эмприкалық білімінің жиынтығы болып табылады.

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі ортағасырларда жазылған. Ортағасырлық жазба ескерткіштер XII–XVI ғасырлар аралығын қамтиды. Осындай деректердің ішінде ортағасырлық қыпшақ және мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің мәні ерекше. Бұл жазба ескерткіштер тілдік ерекшелігі жағынан қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсетеді [9, 160-б.]. Мысыр мен Шам, Дешті Қыпшақ даласы сияқты Еуразия құрлығының кең ауқымды аймағын қамтыған жерлерде пайда болған жазба ескерткіштер арнайы мақсатпен түрлі жанрда, түрлі жазу таңбаларымен, арнайы тапсырыстармен жазылғаны белгілі. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған атбегілік және әскери-тактикалық бағыттағы еңбектердің қатарына бірнеше жазба ескерткіштерді жатқызуымызға болады және бұл еңбектер өз заманында жоғары деңгейдегі әдеби, тарихи, лингвистикалық дүниелер болып табылады. Олар, «*Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*»), «*Китаб байтарату-л-вазих*» (немесе «*Китаб Байтарату әл-уадих*»), «*Муният-ул-гузат*» және «*Китаб фи ғылым ән-нушшаб*», т.б. Аталған жазба ескерткіштер тақырыбы атбегілік пен соғыс өнеріне, сондай-ақ ветеринарияға қатысты жазылған. Мәмлүктердің билігі кезінде жазылған түрлі жанрдағы қыпшақ тіліндегі ескерткіштер сол замандағы «...түркі тілдерінің тарихы үшін ғана емес, түркі халықтарының қалыптасу тарихын, олармен қарым-қатынаста болған өзге де халықтардың тарихын, мәдениетін зерттеуде айырықша маңызды дереккөз қызметін атқарады [10, 24-б.]. Сондықтан, жоғарыда аталған ескерткіштерді жан-жақты зерттеу арқылы мәмлүктер дәуіріндегі Мысыр қоғамы жөніндегі ғана емес, сондай-ақ олармен тығыз байланыста болған Дешті Қыпшақ халықтары туралы да деректер алуға болады.

Аталған жазба ескерткіштердің ішінде «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты бірліктерді салыстырмалы түрде қарастырып, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Өйткені бұл ескерткіштер ортағасырлық қоғамның тілдік және мәдени дамуының көрсеткіші. Осы кезеңде атбегілік өнері көшпенді өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болды және бұл жазба ескерткіштері атбегілік саласындағы білім мен тәжірибені жинақтауға мүмкіндік берді. Қазақтың жылқытану ілімінің негізінде атбегілік өнер тұр. Яғни атбегілік дегеніміз – халқымыздың генеологиялық жадысының туындысы [11, 10-б.]. Аталған жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік бірліктердің мазмұнының қазақтың мәдениетімен, халықтың дүниетанымымен сабақтасып жатқанына тілге талдаулар жасау арқылы көз жеткіземіз. «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштері арқылы атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктерін зерделеу арқылы дәстүрлі

атбегілік өнердің маңыздылығын айқындай аламыз. Зерттеу атбегілік мәдениетінің тарихы, оның тілдік көрінісі және қазіргі қоғамдағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы қыпшақтар қоғамында жылқының қадірі ерекше болды. Ғылыми, тарихи еңбектерде қыпшақтардың сарбаздары әскери өнерге жетік, ат үстінде шайқасу, садақ ату және қылыштасу дағдыларында шеберлік танытқан деген мәліметтер өте көп. Олардың әскери дайындық деңгейі мен тәртібі жоғары болғандықтан, жауынгерлік әдістері мен тактикаларына ерекше назар аударылған. Атбегілік мәмлүк қыпшақтарының мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Жылқы бәйгелері мен ат спорттары мәмлүк қыпшақтарының дәстүрінде ерекше орын алды. Жылқылардың денсаулығы мәмлүк қыпшақтары үшін басты назарда болды. Олар жылқыларды емдеудің әртүрлі әдістерін пайдаланған және бұл салада кәсіби мамандар қалыптастырды. Жылқы ауруларын емдеуде дәстүрлі тәсілдерді қолдана отырып, олар өздерінің әскери күшінің сапасын қамтамасыз етті. Сондықтан да олар жылқыны күтіп-баптау және емдеу саласында мол тәжірибе жинақтады. Атбегілік өнерін терең меңгерген мәмлүктердің бұл қабілеті олардың жауынгерлік дағдыларын арттырып, басқа мемлекеттер арасында абыройын көтеруге ықпал етті. Египет пен Сирияны билеген мәмлүк әскері әскери өнер мен атбегіліктің барлық қырларын терең меңгерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының маңыздылығын жақсы түсініп, оларды әскердегі ең сенімді серігі әрі соғыс құралы ретінде бағалады. Мәмлүктер мініс аттарында ғана емес, ат үстінде садақ ату, найзамен түйреп, қылышпен соғысу сияқты соғыс дағдыларын да жетік меңгерген. Ат спорты арқылы олар әскери дайындығын жетілдіріп, дене дайындығын арттырды. Сонымен қатар қыпшақтар өмірінде «...тәуелсіз азат өмірдің символы, тіршілік байлықтың көзі» де бола білген [12, 218-б.]. Оның дәлелі мәмлүк қыпшақтардың билігі тұсында жазылған жазба ескерткіштер.

Қазіргі кездегі «Қазақтың атбегілік өнері» [11], «Қазақ жылқы тарихы», [13], Ж. Дадебаевтың «Тұлпардың бабы мен сыны» [14], Қ. Саки «Мәмлүктер соғыс өнері» [15], т.б. еңбектері атбегілік өнер және оның бабы мен сыны туралы дүниелер болып табылады.

«Байтаратұл-вазих» жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жалғыз ветеирнариялық еңбек дедік, бұл жазба ескерткіште атбегілікпен айналысқан адам нені білу керек екендігі жөнінде ақпарат беріледі. Мысалы, «атбегі ең алдымен жақсы атты дұрыс таңдай білуі қажет. Ол үшін оған үлкен білім керек. Ат туралы білімі терең болмаса жылқы да, адам да зардап шегуі мүмкін. Сондықтан да жылқышы аттың жай-күйі мен қажеттіліктерінен толық хабардар болып, оның туылғаннан кейінгі кемшіліктерін де толық меңгеру керек. Егер жылқының тума кемшілігі болып, түзеуге келмейтіндей болса, оны мазаламау қажет. Жылқының сыртқы пішіні нашар болса, оны дұрыс баптап, қарау керек» дейді [16, 69-б.].

Ескерткіште бірнеше аттың түрлеріне сипаттама беріледі. Олар мысалы, анасы да әкесі де араб «عَاتِق» *atiq*, әкесі араб, шешесі татар атты арабтар «حَاسِن» *hacīn*, әкесі татар, шешесі араб бие болса, оны «مُوَعْرِيف» *muqrif*.

Ал жақсы аттың белгісі ескерткіш тілінде былай сипатталады. «Аттың жалы мен үстіңгі ерні арасындағы аймақ ұзын болса, сондай-ақ ауызының жоғарғы бөлігі мен танауы кең, тілі ұзын болса (ат қозғалғанда ыңғайланып, шөлдемейтіндей болады), құлақтары тар болса бұл белгілер жақсы атқа тән қасиеттер болып саналады. Бастысы көздің үстінде орналасқан екі ойық тар болуы керек, мұндай жағдай да аттың көзқарасы күшті, көзі өткір, көру ауқымы керемет болады. Сонымен қатар көзі мен құлағы арасындағы аймақ кең, қастары тар болуы керек. Мұндай бітімді ат таза қанды «араби ат» болып саналады. «Араби аттың» анасы да әкесі де араб болып саналады, арабтар оларды «عَاتِق» *atiq* деп атайды» дейді. Кейіннен жақсы аттың белгісін атақты Толыбай деген сыншы былай айтқан екен «...имек тұмсық, бөкен танау, көзінің ойындысы терең, жар қабақ, екі жақтың ортасы алшақ» [11, 125-б.].

Байқап қарасақ жазба ескерткіш тілі мен Толыбай сыншының сипаттап отырған жақсы аттың сипаты бірдей.

Аттың сыртқы сипатына қарап, оның қандай ат болатындығы туралы болжамдар ескерткіш тілінде былай беріледі. Мысалы,

Еркек жылқының желкесі мен мойын еті арасындағы еті етті болуы керек. Ол жерді араб тілінде «حاصیما» *hazima* деп атайды. Егер ол жер етті болса, мойын (еркек жылқыларда), жақ сүйегі күшті болады. Ал егер дәл осы жағдай ұрғашы жылқыларда болса, онда ол жақсылықтың нышаны емес.

Таза қанды аттың жағының жоғарғы бөлігі етті, ал төменгі бөлігі тар болуы керек, мұндай жағдайда тыныс алу оңай болады. Сондай-ақ төменгі, беттің сақинасы орналасқан ауызда, жоғарғы ерін мен төменгі ерін қалың етті болмауы керек. Мықты аттардың еріндері жұқа болуы керек. Жоғарғы ерін араб тілінде «ساختالاة-علي» *cahfalatul-'alijā* деп ал төменгі ерін «صيفالي - ساختالاة» *cahfalatil-sifalī* деп аталады.

Беттің сақинасын ауызға салатын жер «خيکما تیل – فارس» *hikmatil-faris* деп аталады. Текті ат ұзын және дөңгелек болуы керек. Олар қысқа және төртбұрышты болмауы керек. Ал енді аттың көзінің үстіндегі сүйектер үлкен, қарашығы қанық қара және көздері өткір болуы керек. Көздер арасындағы кеңістік пен терісі кең болуын арабтар «ضراما» *ḍarāma* деп атайды. Қастардың екі жағы кең және етсіз болып, тері сүйекке қосылуы қажет.

Құлақтар жоғарыдан төменге дейін ұзын және тар болып, ішкі жағы жұқа да, кең де емес, орташа болса, тіпті керемет.

Аттың маңдайындағы, бүйіріндегі шаштары ұзын және жұмсақ болса, тіпті тамаша Шаш өсетін бөліктің астындағы сүйектің үстіңгі жағы ашық болмауы керек. Ол сүйек араб тілінде «عصفر» *'aṣṣūr* деп аталады. Оның үстінде жал өседі. Ол жұмсақ және әдемі болуы керек. Мұны араб тілінде «عرف» *'araḥa* деп аталады.

Аттың алдыңғы аяғының жоғарғы бөлігі қысқа болуы керек. Ол арабтарда *بازب. bāzuv* деп аталады, *بازب. bāzuv* жіліншік пен иық сүйектерінің арасындағы екі сүйек. Егер *بازب. bāzuv* үлкен және қалың болса, жылқы өте күшті болады. Ол жүгіріп келе жатқанда, оның алдыңғы аяқтары қатты болады.

Мықты аттың кеудесінің төбесі кішкентай, және азырақ шығып тұруы керек. Оның екі *درا dirā'* ұзын болуы керек. *درا dirā'* мен *بازب bāzuv* пен тізе арасында, екі *درا dirā'* қалың және биік болуы керек. *درا dirā'* бұлшықеттері де қалың болуы керек. Тізеден *بازب bāzuv* дейін етсіз болуы керек. Екеуінің де терісін біріктіру керек. Сонда ол өте күшті болады және аяғы қауіпсіз болады.

Ескерткіш тілінде аттың сыртқы көрінісіне қатысты болжамдар былай беріледі. Мысалы,

«ماتوغ» *ma'tuq* – ат тұрғанда жақсы көрінеді, ал мінгенде ол қасиеттер басқаша болады. Ол тұрған кездегідей емес.

«مغريب» *muqrib* аттың сыналуды алыстан жақсы болып көрінетінін, бірақ жақындағанда оның алыстан көрінгенінен басқаша екенін білдіреді. Мұны өзгертуге болады,

«موخضير» *muxḍir* дегені, ат жүгіріп келе жатқанда жақсы көрінеді, бірақ оны сізге әкеліп, мұқият тексергенде ақау пайда болады. Бұл жақсы емес. Осы себептерге байланысты жылқыға асығыс болжам ешқашан жасамау керек.

Атбегі жылқының тұрған және қозғалыстағы барлық кездерін көзден таса қылмай бақылауы керек. Жылқының бойында қандай да бір өзгеріс бар, иә жоғын білу үшін жүгіріп келе жатқанда немесе бір орында тұрғанда мойнына қарап анықтай аласыз. Жүгіріп те, тұрып та мойнының өзгертпей қатты ұстаған ат қана мықты ат болып саналынады.

Ескерткіш тілінде аттағы кемшіліктер ескерткіште былай ажыратылады. Мысалы, көздің кемістігі: аттың екі көздің көк болуы немесе бір көзінің көк, екіншісінің қара болуы да кемістік болып есептеледі. Көздің жиектері мен қабақтарының ақ болуы да кемшілік.

Өйткені атты суыққа шығарсаңыз немесе күнге шығарсаңыз, тіпті қысты күні далаға шыққанда ол жақсы көрмейді. Арабтар мұны «*حفل*» *ḥaval* деп атайды. Арабтар түнде немесе қарда көрмейтін атты «*عشا*» *'isā* деп атайды. Егер көздің ағы тым ақ болса, бұны арабтар «*عخور*» *'aḥūr* деп атайтын. Көзі көк емес, көзінің жиегі ақ емес, екі көзінің ағы тым ақ аттар да болады, мұндай аттарды арабтар «*عخور*» *'aḥūr* деп атайды.

Мұрын кемістігі: аттың мұрын сүйегінің сыртқа бүгілуі – арабша «*حنيس*» *xanis* деп аталады. Ал мұрын сүйегінің ішке қарай бүгілуі «*غنف*» *qanva* деп те аталады. Бұлай болғанда, оның ауаны шығаратын аймағы тар болады. Бұл аттың тыныс алуына кедергі болады. Негізінде бет сақинасы қойылған жерден мұрынның ұшына дейінгі аймақ қысқа болуы керек. Арабтар оны «*عائس*» *'aṭas* деп атайды.

Тілдің қысқа болуы – кемшілік. Тістердің тым ұзын болуы да ақау.

Мойынның кемістігі – жоғарыда айтқанымыздай, дұрыс мойынның негізгі еті жоқ болуы керек және мойны бос болуы қажет. Ат жүгіргенде басын тік көтеріп ұстап төмен түсірмеу керек. Мұндай жылқы бірден алдында тұрғанды көрмеу керек және мойнының ортасы төмен, қуыстары биік, жоғарғы бөлігі бос болуы керек. Мойны доғал жылқыны ұнататындар көп, бірақ арабтар оны кемшілік санайды.

Омыртқа мен асқазанның кемістіктері: омыртқаның ұзын болуы немесе бос әлсіз болуы немесе төмен қарай иілуі де кемшілік. Арабтар мұны «*قاس*» *qaas* деп атайды. Сондай-ақ оның белі тар болып, ортасы салбырап тұрса, немесе қабырғасы шығыңқы болып, белінен құлаққа дейін жіңішке болса арабтар үшін бұл да кемшілік. Аттың қабырғалары біркелкі болуы керек.

Тіс кемістігі. Аттың тісі түссе, ол үлкен кемшілік. Өйткені тістің орны үнірейіп тұратын болады және ат аузын жаба алмай, ылғи аузынан сілекей ағып тұратын болады.

Аттардағы жүре пайда болған кемшіліктер.

1) Арабтар «*حران*» *ḥarān* деп атаған кемшіліктің бірі аттың атқорада тым ұзақ тұруынан пайда болады дейді. Үстіне адам мінуге талпынса бұл аттар қозғалмай, қимылдамай қояды. Кейіннен пайда болған бұл ақауды мамандар басты кемшілік деп санамайды, бұл кемшілікті тез жоюға болады. Мұндай жағдай да оны көп қамшылау қажет немесе астына от жағу керек. Кей жағдайда көп қамшылаудың салдарынан мұндай аттар қожайындарын тістеп алады. Атты көп ұрып-соғуға және көп ойнатуға болмайды. Өйткені ол өзіне жақын келген адамды тістеп алады. Мұндай жылқы араб тілінде «*عاداد*» *adād* деп аталады.

2) Аттың ешкімді үстіне мінгізбеуі. Бұл ақау оның арқасындағы, кеудесіндегі немесе құлағының айналасындағы жаралар салдарынан немесе қажағанда пайда болған жаралардан болады. Арқаға шыққан жаралардың емделетін және емделмейтін түрлері бар. Жаралар ертұрманның астына суланып, атқа жайсыздық тудырып, ол тыпыршып мазасызданады.

Ескерткіш тілінде жылқының ауру-сырқауының жалпы саны – екі жүз қырық тоғыз деп беріледі. Сонымен қатар жылқылардағы аурудың түрлері ажыратылып, ол ауруларды емдеудің бірнеше жолдары берілген. Мысалы, «*مصص حلاك*» *maśaś* ауруы. Жылқының алдыңғы және артқы аяқтарында жаңғақ тәрізді ісіктің пайда болуы. Ол ісік жаңғаққа қарағанда үлкенірек немесе кішірек болады. Көбіне олар артқы, алдыңғы жіліншіктерде, бұлшықеттер мен тізелерде пайда болады. Көптеген жылқылар бұл аурудан өліп те кетеді. Бұл ауру аз ғана уақыттың ішінде тез жайылып кетеді. Оның емі жоқ десе де болады. Жазылуы тым қиын, арабтар оны «*مصص حلاك*» *maśaś halāk* деп атайды.

«*مصص حلاك*» *maśaś*тың бірінші емі андараннан тұз алып, өте майда әрі жұмсақ етіп ұнтақтау. Содан кейін оны сиыр майымен араластырып ісіктің бетіне жағып, байлап тастаңыз. Кей жағдай да оны ісіктің үстіне ысқылап жағу да керек. Ысқылағанда: «*وسكن بعودة للاهي وسكن بعودة للاهي ول خفل ول كوات يلل بلاهيعل - علاج*» *бисмиллаһи аллаһумма, усқун би`азамати лиллаһи, усқин би`ударату лиллаһи, усқин би`ударату лиллаһи валә хавла валә қувати иллә билләһи`л-`аләджжжу*» деп дұға оқу керек.

«مصص» *maśaś*тың екінші емі: ащы қыша алып, оны ұсақтап ұнтақтап, бордақы майымен бірге қамыр секілді жақпа жасайсыз. Содан кейін оны ісіктің үстіне жағыңыз, Жақпаны жаққаннан кейін, оны бір түнге шүберекпен таңып қойыңыз. Таң атқанда шүберекті босатып, қайтадан ысқылап жағасыз. Мұны қажет болған жағдайда жи-жиі жасап тұру керек. Бұл өте пайдалы және аттың жарасының жағдайын жақсартады.

«مصص» *maśaś*қа қатысты үшінші ем «غوزول» «كیرمان» *qūzūl kirmān* жапырағын алып үгітіп орташа мөлшерде «هندي» *hindī* тұзын саласыз, пайда болған қоспаға сиыр майын араластырып паста жасау керек. Жасалынған пастаны шүберекке салып, оны ісікке жағып, орап тастайсыз.

Ескерткіште «ات» *at* (ат) ат, «ايغیر» *ayğır* (айғыр), айғыр, «قيسراق» *qısrāq* (қысрақ), қысрақ, «فلولان» *qulan* (құлан) құлан секілді жылқы түрлеріне қатысты атаулар берілген. Ал «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінен төрт түліктің бұл түрінің барлық атауларын толық кездестіруге болады. Мысалы, *at* (ат) ат, *ayğır* (айғыр) айғыр, *ylqī* (йылқы) жылқы, *biye* (біе) бие, *qulun* (күлүн) күлын, *quvluq-хувлуқ* (құвлұқ хұвлұқ) бірінші төлдеген бие, *yelemci* (йелімчі) желімші, *qısrāq* (қысрақ) қысырақ кездестіреміз.

«*Байтаратул-вазих*» жазба ескерткішінде «ات» *at* (ат) ат, «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ***at (am) am*** – үйірге түспейтін, әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштер тілінде әр түрлі қаріппен берілгені болмаса, көне, орта түркі жазба ескерткіштерінің барлығында мағыналық та тұлғалық та тұрғыда өзгеріске түспей қолданылады. Мысалы, көне түркі сөздігінде: ат лошадь [17, 65-б.], М. Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» еңбегінде де *at* (ат) ат [5, I, 63].

«*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ***biye (бие) бие***, Біз қарастырып отырған ескерткіштер тілінде бұл сөз фонетикалық та, тұлғалық та тұрғыдан еш өзгеріске түспей қолданылған сөз. Түркі тілдерінде аз-кем фонетикалық өзгешеліктермен кездеседі. Мысалы, қырғыз *бэ*, башқұртта *бэјә*, қарақпақта *біјә*.

«*Байтаратул-вазих*» жазба ескерткішінде «ايغیر» *ayğır* (айғыр) айғыр, «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ***ayğır (айғыр) айғыр*** – үйірге түсетін еркек жылқы. Көне түркі сөздігінде: ајүіг жеребег [17, 30-б.]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштерде мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ екі буынды сөз.

Külik (күлік) күлік - сәйгүлік, жүйрік атқа берілген атау. «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде кездеседі. Көне түркі сөздігінде *külik kölük* [17, 347-б.], М. Қашқарида: көлүк (күлүк) күлік: арқа көлік, жүк артыратын мал [5, I, 450-б.]. Қазіргі қазақ тілі және көне, орта ғасырлық жазба ескерткіштерде мағынасында еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық сөз ортасында *у/ө*, *і/ү* секілді алмасулары бар. Қазіргі қазақ тілінде сәйкүлік сөзінің құрамында ғана сақталынған.

«*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ***qısrāq - qıstrāq*** (қысрақ-қыстырақ) қысырақ, «*Байтаратул-вазих*» жазба ескерткішінде «قيسراق» *qısrāq* (қысрақ). Үйірге қосылмаған, құлындамаған жас байтал, не бие. Түркі тілдерінде татарда *қысыр*, ноғайда *қысыр*, құмықта *қысыр*, қарақпақта *қысрақ*. М. Қашқарида қысыр (қысыр) қысыр қысрақ (қысрақ) қысрақ құлындамаған байтал. Оғыздарша байталдың бәрі «қысрақ» [5, 421, 533-бб.] Көне түркі сөздігінде: *qısrāq* молодая кобылица [17, 475-б.].

Quvluq – хувлуқ (қувлуқ – хувлуқ) бірінші төлдеген бие. Бұл бірлік тек «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ғана қолданыс тапқан, қазіргі қазақ тілінде тілдік қолданыстан шығып мағынасы көнерген сөз қатарында.

«*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінде ***qulan*** (қулан) құлан, «*Байтаратул-вазих*» жазба ескерткішінде «فلولان» *qulan* (құлан) құлан – жабайы жылқы. Түркі тілдерінде татар, башқұрт *қолан*, ноғай *қулан*, қарақпақта, *қулан*. М. Қашқарида *qulan* құлан жабайы есек [5, I, 475]. Көне түркі сөздігінде *qulan* кулан, дикий азиатский осел [17, 493-б.]. Мағынасында да

тұлғасында да еш өзгеріс жоқ, тек фонеткалық айрмашылығы байқалады. Сөз басында к/к/ғ, сөз ортасында о/у, о/а ауысулары байқалады.

Үілqі (йылқы) жылқы – тақ тұяқты, төрт түлік малдың бірі, біз қарастырып отырған жазба ескерткіште ж/й ауысуымен берілгенімен, қазіргі қазақ тілінде мағынасында еш өзгеріс жоқ. Көне түрпкі сөздігінде: jilqı 1. крупный скот, преимущественно лошади, 2. перен. скот, скотина. М. Қашқарида jund жылқы, jıqı (йылқы) жылқы ірі малдарға айтылатын ортақ жалпы атау [III, 15]. Қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда сөз басында и/ж алмасуымен беріледі.

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштер тіліндегі жылқы малына қатысты атаулар қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда таңбалану тұрғысынан айырмашылығы болғанымен мағынасында еш өзгеріс жоқ екенін анықтадық және аз кем фонетикалық алмасулар байқалады. Ал *quvluq-хувлуқ* (құллуқ хұллуқ) бірінші төлдеген бие, *yelemci* (йелімчі) желімші секілді атаулар көнеріп, тілдік қолданыстан шыққан. Сондай-ақ қарастырып отырған жазба ескерткіштер тілінде ат әбзелдеріне қатысты атауларда кездеседі. Мысалы,

«*Байтарату-вазих*» жазба ескерткішінде «سوط» *qamcı* (қамчы) қамшы, «الجام» *tizgin* (тізгін) тізгін, «الجام» *yügen* (йүген) жүген;

«*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткішінен *eyärçi* (егәрші), *yügänçi* (жүгенші) жасайтын мамандар, *noqta* (ноқта) *yugän* (жүген), *eyär* (егәр, ертоқым), *eyärniñ ayaçı* (ертоқым қанқасы), *alındaüi qaş* (алындағы қаш), *artındaüi qaş* (артындағы қаш), *kişän* (кісен), *toya* (тоға), *toya tili* (таға тілі), *çalqa - toya* (халқа-тоға), *ayuzluq* (ауыздық), *uzängi* (узэнгі) үзенгі, *teşmäk* (тесік), *kömüldruk - köñüldruk* (көмүлдірүк), *qoyışqan - uyışqan* (құйысқан), *yüñirčağ* (есектер мен қашырларға арналған орауыш), *qamşı* (қамчы-қамшы), *tizgin* (тізгін) толық берілген [18, 143–144-бб.].

Бұдан байқайтынымыз, ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған этномәдени құндылықтар қаншама уақыт өтсе ұлт санасында сақталып бүгінгі таңда халық арасында өзіндік қолданысын жоғалтпағанын байқауға болады. Атбегіліктің бір бөлшегі болып табылатын ат әбзелдеріне қатысты деректер әлі күнге дейін халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылып келеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған «Байтарту'л-Вазих» және қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері анықталды. Зерттеу барысында ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездесетін атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің қазақ халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алатыны анықталды. Сонымен қатар «*Байтарту'л-Вазих*» және «*Кодекс Куманикус*» жазба ескерткіштерін зерттеу нәтижесінде халқымыздың атбегілік өнері, атап айтқанда, аттарды күту, баптау, жүйрік аттың белгілерін анықтау, жылқы аурулары мен оларды емдеу, т.б. мәселелерінің тамыры тым тереңде жатқандығы белдігі болды. Жазба ескерткіштерінің түпнұсқалық мәтінін қарастыра отырып төрт түліктің бірі жылқы малына қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталды. Түйгеніміз жазба ескерткіштер мен тарихи деректерді зерттеу арқылы атбегілік өнердің мәдени және тарихи маңызын терең түсініп, оны қазіргі қоғамда жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік туатынын ұқтық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қыдырәлі Д. Тамыр: ғылыми мақалалар. – Алматы: Атамұра, 2024. – 304 б.
2. Сартқожаұлы Қ., Айдаубайұлы Қ. Сәйгүліктер. [Электронды ресурс]. URL: <https://argymaq.kz/archives/278> (қаралған күні 14.08.2024)
3. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2022. – 96 б.

4. Қашқари М. «Диуани лұғат ат түрік» 1-3 / ауд. А. Егеубай. – Алматы: Хан, 1997. – 422 б.
5. Омаров М. Аңызға айналған арғымақтар. – Алматы: Таңбалы, 2008. – 159 б.
6. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2024. – 496 б.
7. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия / ғыл. ред. Н. Әлімбаев; мәтінд. дайынд. Ж. Бабақұлы. – Алматы: DPS, 2011. – 735 б.
8. Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №3. – С. 159–170.
9. Боранбаев С.Р., Тулебаев Қ.Т. Соғыс өнеріне байланысты түркі тілінде жазылған ортағасырлық дереккөз // Архив хабаршысы. – 2021. – №1-2. – Б. 20–24.
10. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері: әдістемелік оқулық. – Астана: Жарыс KZ. – 391 б.
11. Даулеталиева Д.М., Тоқтағұл Б.С., Арзымбетова Ш.Ж. Жылқы малына қатысты қазақы атаулар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – Т. 4. – №118. – С. 215–228.
12. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматы кітап, 2010. – 496 б.
13. Дадебаев Ж. Тұлпардың бабы мен сыны. – Алматы: Бастау, 1994. – 16 б.
14. Саки Қ. Мәмлүктер соғыс өнері. – Астана: Khan Textile, 2015. – 152 б.
15. Ozgur C. *Baytaratü'l-Vazih (Metin-İndeks): Yüksek Lisans Tezi*. – Istanbul, 1988. – 270 s.
16. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 760 с.
17. Серкебаева Г.И. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы: филос. док. (PhD) ... дис. – Шымкент, 2024. – 144 б.

REFERENCES

1. Qydyrali D. Tamyr: gylymi maqalalar [The root: scientific articles]. – Almaty: Atamura, 2024. – 304 b. [in Kazakh]
2. Sartqozhauly Q., Aidaubaiuly Q. Saigulikter [Horses]. [Electronic resource]. URL: <https://argymaq.kz/archives/278> (date of access 14.08.2024) [in Kazakh]
3. Kultegin. Tonykok [Kultegin. Tonykok]. – Astana: Audarma, 2022. – 96 b. [in Kazakh]
4. Qashqari M. «Diواني lugat at turik» [“Diwani lugat at Turk”] 1-3 / aud. A. Egeubai. – Almaty: Han, 1997. – 422 b. [in Kazakh]
5. Omarov M. Anyzga ainalgan argymaqtar [The legendary argymaks]. – Almaty: Tanbaly, 2008. – 159 b. [in Kazakh]
6. Qondybai S. Argy qazaq mifologiasy [Ancient Kazakh mythology]. – Almaty: Daik-Press, 2024. – 496 b. [in Kazakh]
7. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi: enciklopedia [Traditional system of concepts and names of Kazakh ethnographic categories: encyclopedia] / gyl. red. N. Alimbai; matind. daiynd. Zh. Babaquly. – Almaty: DPS, 2011. – 735 b. [in Kazakh]
8. Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №3. – S. 159–170.
9. Boranbaev S.R., Tulebaev Q.T. Sogys onerine bailanysty turki tilinde zhazylygan ortagasyrlyq derekkoz [Medieval source written in Turkic related to the art of war] // Arhiv habarshysy. – 2021. – №1-2. – B. 20–24. [in Kazakh]
10. Qairatuly B. Qazaqtyn atbegilik oneri: adistemelik oqulyq: Kazakh equestrian art: a methodical textbook. – Astana: Zharys KZ. – 391 b. [in Kazakh]
11. Dauletaliyeva D.M., Toqtagul B.S., Arzymbetova Sh.Zh. Zhylqy malyna qatysty qazaqy ataular [Kazakh names related to horse cattle] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – Т. 4. – №118. – S. 215–228. [in Kazakh]
12. Toqtabay A. Qazaq zhylqysynyn tarihy [History of the Kazakh horse]. – Almaty: Almaty kitap, 2010. – 496 b. [in Kazakh]
13. Dadebaev Zh. Tulpardyn baby men syny [Conditions and criticism of the horse]. – Almaty: Bastau, 1994. – 16 b. [in Kazakh]

14. Saki Q. Mamlukter sogys oneri [The art of war of the Mamluks]. – Astana: Khan Textile, 2015. – 152 b. [in Kazakh]
15. Ozgur C. *Baytaratü'l-Vazih (Metin-İndeks)*: Yüksek Lisans Tezi [Baytaratu'l-Wazih (Text-Index): Master's Thesis.]. – Istanbul, 1988. – 209 s. [in Turkish]
16. Drevnetiurkskiy slovar [Ancient Turkic Dictionary]. – Leningrad: Nauka, 1969. – 760 s. [in Russian]
17. Serkebaeva G.I. «Kodeks Kumanikus» zhazba eskertkishi leksikasynyn qazaq tilimen sabaqtastygy: filos. dok. (PhD) ... dis. [Continuity of the vocabulary of the written monument “Codex Cumanicus” with the Kazakh language: dis.]. – Shymkent, 2024. – 144 b. [in Kazakh]

А.И. САПАРОВА 

*әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫНДАҒЫ ИНТЕРМЕДИАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа. Интермедиа ұғымы түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде пайда болған жүйелер мен мәдени кодтарды қамтитын категория ретінде әдебиеттің зерттеу нысанына айналды. Қазақ прозасындағы интермедиаалдылық – қазіргі әдебиеттанудағы маңызды зерттеу салаларының бірі. Интермедиааның негізгі мәні – өнер түрлерінің (музыка, бейнелеу өнері, кино, театр, кескіндеме өнері, мүсін өнері, т.б.) әдеби шығармалармен өзара әрекеттесуін талдау және түсіндіру. Қазақ прозасында әдебиеттің барлық өнер түрлерімен байланысы проза басталғаннан бар, өйткені, қазақ әдебиеті табиғатынан түрлі мәдениетаралық байланысқа ашық.

Мақалада интермедиа ұғымының генезисіне қатысты мәселелер мен оның қазақ әдебиетінде пайда болуы қарастырылады. Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романы материалының негізінде интермедиа терминінің қолданылуы теориялық тұрғыдан талданады. Көркем әдебиет стиліндегі шығарманы интермедиа тәсілі арқылы талдау мақаланың жаңалығы. Мақалада мүсін өнерінің Рахымжан Отарбаев мәтініндегі көрінісі мен қызметі арқау болады. Көркем шығарманы талдау барысындағы интермедиаалық байланыстың маңыздылығы көрсетіледі. «Бас» романындағы өнер түрлерінің (мүсін өнері, поэзия, драматургия) бірігіп, белгілі бір образды, мағыналық астарды, психологиялық күйді ашуға ықпалы анықталады. Дәстүрлі мәдениеттің элементтерін құрайтын ұлттық код, таным-түсініктер талданады. Жазушының әдеби шығарма әлеміне ұлттық мәдениет элементтерін енгізу нысандары қарастырылады. Әдеби кейіпкерлер әрекетіндегі ұлттық көрініс, дәстүрлі этикет ережелері, ата-баба культі, музыка әлемі, мүсін өнерінің әдеби мәтін кеңістігінде байланысуы талданады. Өнер түрлерінің өзара әрекеттесуі негізінде мәтін мазмұнының басқа қырынан ашылуы теориялық тұрғыдан дәлелденеді.

Кілт сөздер: интермедиа, мүсін өнері, роман, драматургия, дәстүрлі мәдениет, интермедиаалық байланыстар, жазушы.

A.I. Saparova

*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

Interlude Connections in Rahimzhan Otarbayev's Novel “Bas”

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сапарова А.И. Рахымжан Отарбаевтың «Бас» романындағы интермедиаалық байланыстар // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 240–251. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.207>

***Cite us correctly:**

Saparova A.I. Rahymzhan Otarbaevtyn «Bas» romanyndagy intermedialyq bailanystar [Interlude Connections in Rahimzhan Otarbayev's Novel “Bas”] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 240–251. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.207>

Мақаланың редакцияға түскен күні 09.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

Abstract. The concept of interlude, as a category that includes systems and cultural codes that have emerged as a result of the interaction of different cultures, has become the subject of literary study. Intermediality in Kazakh prose is one of the most important areas of research in modern literary criticism. The main importance of intermediality is the analysis and interpretation of the interaction of art forms (music, fine arts, cinema, theater, sculpture, etc.) with literary works. In Kazakh prose, literature has been linked to all forms of art since the very beginning of prose, since Kazakh literature is inherently open to various intercultural contacts. The article discusses issues related to the genesis of the concept of interlude and its appearance in Kazakh literature. Based on the material of the novel “Bas” by writer Rahimzhan Otarbayev, the use of the term interlude is theoretically analyzed. The analysis of a work in the style of fiction by the method of interlude is the novelty of the article. The article analyzes the expression and function of sculpture in the text of Rahimzhan Otarbayev. The importance of intermedial communication in the process of analyzing a work of art is emphasized. The novel “Bas” reveals the influence of art forms (sculpture, poetry, drama) on the disclosure of a certain image, semantic connotation, and the psychological state of the characters. The national code is analyzed, and cognition is among the concepts that make up the elements of traditional culture. The article discusses forms of introducing elements of national culture into the world of literary creativity of the writer.

Keywords: interlude, sculpture, novel, drama, traditional culture, interlude connections, writer.

А.И. Сапарова

*PhD докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: saparovaaklima533@gmail.com*

Интермедийные связи в романе Рахимжана Отарбаева «Бас»

Аннотация. Понятие интермедии, как категории, включающей системы и культурные коды, возникшие в результате взаимодействия различных культур, стало предметом изучения литературы. Интермедийность в казахской прозе – одна из важнейших областей исследования в современном литературоведении. Основное значение интермедийности – анализ и интерпретация взаимодействия видов искусства (музыка, изобразительное искусство, кино, театр, скульптура и др.) с литературными произведениями. В казахской прозе связь литературы со всеми видами искусства существует с самого начала прозы, поскольку казахская литература по своей природе открыта для различных межкультурных контактов. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся генезиса понятия интермедии и ее появления в казахской литературе. На основе материала романа писателя Рахимжана Отарбаева «Бас» теоретически проанализировано использование термина интермедиа. Анализ произведения в стиле художественной литературы методом интермедии новизна статьи. В статье анализируется выражение и функция скульптуры в тексте Рахимжана Отарбаева. Подчеркивается важность интермедийной связи в процессе анализа художественного произведения. В романе «Бас» выявляется влияние видов искусства (скульптура, поэзия, драматургия) на раскрытие определенного образа, смыслового подтекста, психологического состояния персонажей. Анализируется национальный код, познание-понятия, составляющие элементы традиционной культуры. Формы внедрения элементов национальной культуры в мир литературного творчества писателя.

Ключевые слова: интермедиа, скульптура, роман, драма, традиционная культура, интермедийные связи, писатель.

Кіріспе

XXI ғасыр – жаһандану ғасыры. Ақпараттық ағындардың ұлғаюы, әртүрлі халықтар арасындағы мәдени қатынастардың кеңеюі, олардың мәдени-әдеби өзара әрекеттесуі жаңа бағыттардың пайда болуына алып келуі заңды. Бұл тұжырым постмодернизм бағытына тән. Постмодернизм теориясында дәстүр ұғымы қазіргі уақытта интертекстуалдылық ұғымымен ауыстырылды. Мәтіндер полилогқа енді.

Интермедиаалдылық – бұл әртүрлі медиа (коммуникациялық құралдар, өнер формалары немесе ақпараттық жүйелер) арасындағы өзара байланыс пен шекараларды бұзатын ұғым. Термин әдебиеттану, өнертану, мәдениеттану және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Интермедиаалдылық медиа арасындағы байланысты, олардың бір-біріне ықпал етуі мен интеграциялануын зерттейді. Интермедиаалдылық тек медиа арасындағы емес, сонымен қатар бір мәдениеттегі идеялардың басқа мәдениетте өнер каналы арқылы көрініс табуы. Осы замандағы аудитория ақпаратты түрлі медиа арқылы қабылдайды. Бұл үдеріс интермедиаалдылықты күшейтіп, бір контекстен екінші контекстке көшу мүмкіндігін береді. Осы орайда, технологиялық жетістіктер интермедиаалдылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Цифрландыру мен интернеттің пайда болуы өнер мен коммуникацияның дәстүрлі шекараларын жойды. Мысалы, әдеби шығарманы экранға бейімдеген кезде, онда визуалды, аудио және мәтіндік элементтер өзара әрекеттеседі. Театрға қатысты да солай. Мәтінде музыкалық немесе поэтикалық шығармалардан шабыт алған картиналар мен мүсіндер бар. Интермедиаалдылық – жаңа мәдени формалар мен идеяларды түсінуге көмектеседі. Қазіргі заманғы коммуникация жүйелерінің күрделілігін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

аяқталғанға дейін осы ретпен жаттығулар қайталанып, соңғы жаттығуды орындағаннан кейін орталық арқылы мәреге жүгіреді. Бір оқушыға бір мүмкіндік қана беріледі.


№5 тест тапсырмасы. Нығыздалған ауыр допты итеру (5-сурет).

Қабырғаға параллель 50 см қашықтықта сызық белгіленеді. Оқушы лақтыру белгісінде тұрып, ауыр допты (1 кг) барынша алға қарай лақтырады (итереді). Оқушыға сызықты басуға, екпінмен аттап кетуге болмайды. Бір оқушы жаттығуды екі рет орындай алады. Мұғалім екі мүмкіндіктің ең жоғарғы нәтижесін есепке алады. Оқушы сызықты басып лақтырса немесе сызықтан өтіп кетсе жаттығуды қайта орындауға бір мүмкіндік беріледі.



5-сурет – Нығыздалған ауыр допты итеру

№6 тест тапсырмасы. 6 минуттық жүгіру (6-сурет).



6-сурет – 6 минуттық жүгіру

Оқушылар волейбол алаңының бойымен жүгіреді. Бұрыштарда белгі (жалаушалар) қойылады. Жүгіру жолының жалпы ұзындығы 54 м құрайды. Оқушылар берілген уақыт ішінде (6-минут) белгілерді айнала жүгіреді. Мұғалім оқушыларға қанша уақыт қалғанын хабарлап отыруы тиіс. Оқушылар жүгіруді қатесіз орындау үшін мұғалім алғашқы үш айналымды бірге жүгіруіне болады. 6–7 жастағы балалар әр айналымды 22–23 секундта, ал 8–11 жастағы балалар – 20–21 секундта жүгіруі керек. Мұғалім 6 минут аяқталғаннан кейін оқушылардың нәтижелерін хаттамаға толтырады.

Тест тапсырмаларын бағалау:

Тест нәтижелері әрбір сыналушы немесе сынып үшін дайындалған хаттамаға қойылады (2-кесте).

2-кесте – Оқушылардың нәтижелерін бағалау хаттамасы.

№	АЖТ	Сын-ыбы	Жасы/ жынысы	Тапсырма атаулары					
				20 м жүгіру (сек.)	Теннис добын лақтыру (балл)	Резеңке допты лақтыру (балл)	Кедергілер арасымен жүгіру (сек)	Нығыздалған ауыр допты лақтыру (м)	6-минуттық жүгіру бег (м)

Ескерту: хаттамаға ең жақсы нәтижелер немесе ұпайлардағы жалпы баға енгізіледі.

3-кестеде 8 жастағы оқушы А-ның (ер бала) көрсеткен нәтижелерді қарастырамыз.

3-кесте – Оқушы А-ның жеке нәтижелері (8 жас)

№	Тест тапсырмалары	Нәтижелер	Бағалау шкаласы		Деңгейі
			Z	PR	
1	20 м жүгіру (жылдамдық дене сапасы)	4,3	102	58	орташа
2	Теннис добын лақтыру (үйлестіру қабілеті, дәлдік сапасы)	3	76	1	төмен
3	Резеңке допты лақтыру (ептілік дене сапасы)	4	80	2	орташа
4	Кедергілермен жүгіру (жүгірудегі үйлестіру қасиеттері)	22,2	98	42	төмен
5	Нығыздалған ауыр допты лақтыру (жылдамдық-күш дене сапасы)	3,2	94	27	орташадан төмен
6	6-минуттық жүгіру (төзімділік дене сапасы)	1116	112	88	орташадан жоғары

Оқушы А-ның жеке нәтижелерін оның жасындағы балалардың орташа нәтижелерімен салыстыру оның дене қасиеттерінің даму деңгейі төмен екенін көрсетті (тапсырмалар: нысанаға лақтыру және допты лақтыру), орташа деңгейден төмен жылдамдық-күш дене қасиеттерінің даму деңгейі (нығыздалған ауыр допты итеру), орташа жылдамдық деңгейі (20 м жүгіру) және дене қасиеттерін бағдарлау (кедергілер арасымен жүгіру) және аэробты дамудың орташа деңгейінен жоғары (жалпы төзімділіктің тыныс алу мүмкіндіктері, тапсырма – 6 минуттық жүгіру). Оқушы А-ның орташа жалпы бағасы - $(102+76+80+98+94+112) : 6 = 93,67$, Z шкаласы бойынша орташа деңгейден төмен (бұл ең төменгі баллды құрайды) дене дайындық деңгейін сипаттайды. Бұл көрсеткіштер профессор В.И. Ляхтың жалпы спорттық-қозғалыс сынағын нормаланған және перцентильді шкалалардың көмегімен дамытуға арнап құрастырған кестесі негізінде анықталды [17, 52-б.]. Осы кесте негізінде мұғалім жалпы дене дайындық деңгейін және оның әрбір құрамдас бөлігін жеке бағалай отырып, оқушының дене дайындығының барлық деңгейінің ең үздік нәтижесін алады. Мұғалім осы көрсеткіштерге сүйене отырып, белгілі бір оқушыға және мұғалімнің жұмыс істеу сапасына қатысты жеке жетілдіру бағдарламасын жасауына болады. Сондай-ақ, 5 жыл ішінде оқушының жалпы дене дайындық көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын байқауға (анықтауға) мүмкіндік туады.

Қорытынды

Шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына назар аударып қарасақ, қазіргі қоғамдағы адамзат денсаулығына ең зиянды заттардың қатарына ақпараттық технологиялардың көз ілеспес жылдамдықпен дамуын жатқызуда. Баршамызды жылдан-

жылға экологиялық мәселелермен қатар, фасфутты өнімдерді, смартфондар мен ұялы телефондарды шектен тыс пайдаланудан оқушы жастардың қимыл-тапшылығы, гипертония, семіздік, жақыннан көрмеу және т.б. түрлі ауру түрлерінің көбеюі алаңдатып отыр. Бұл мақалада осындай ауру түрлерінің алдын алу мақсатында мектептегі дене тәрбиесі пәнін сапалы өткізуге, түрлі ойындар мен жаттығуларды оқушының дене қасиеттерін дамыту бағытында пайдалануға арнайы тест тапсырмаларын құрастырып, мұғалімдерге ұсындық. Бір сарынды (монотонды) өткізілген сабақ қашанда оқушының қызығушылығын төмендететіні анық. Сондықтан біз, бастауыш сыныптан бастап әрбір оқушымен жеке жұмыс жасап, оның қатарынан қалып кетпеуіне, белсенді болуына мотивация беру жолдарын жан-жақты қарастырып, біз ұсынған тест тапсырмаларын әрбір мектептегі дене тәрбиесі мұғалімі әрбір тоқсанның аяғында оқу материалдарына сәйкес түрлендіріп, әр оқушыға жеке уақыт бөліп, қабылдайтын болса дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылық артып, сынып ішінде бәсекелестік орта пайда болатынына көз жеткіздік. Әрбір оқушыны талантты, дарынды деп қарауымыз керек. Мектептегі дене тәрбиесі пәні әрбір оқушының қимыл-қозғалысқа деген қажеттілігін өтейтін, асыр салып ойнайтын, бір-бірінен асып түсуге жұмылдыратын, дене қасиеттерін жетілдіріп, дамытатын ең сүйікті пән болуы тиіс. Біз оқушыларды барынша қызықтыру, мотивация беру арқылы қолдау көрсетуге дайын болуымыз керек. Түркістан қаласындағы жалпы білім беретін мектептерде жүргізген тәжірибелік жұмыстарымыз өз нәтижесін берді деп толықтай айта аламыз. Сондықтан бұл бастамамызды басқа да өңірдегі мектептерге ұсынып, оқушылардың дене тәрбиесі пәніне деген ынта-жігерін оятуды, сынып ішінде бәсекелестік ортаны қалыптастыруды, мектептегі дене тәрбиесі мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде қолдау көрсетіп отыруды басты мақсат етіп отырмыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Үкіметінің Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қаулысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251> (қаралған күні 11.10.2024)
2. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңы. 03.07.2014 ж. №228-V [Электронды ресурс]. URL: ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (қаралған күні 11.10.2024)
3. Қазақстан Республикасы Президентінің тестілерін өткізу қағидаларын бекіту туралы ережесі. 21.11.2014 ж. №103 бұйрық. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015118> (қаралған күні 11.10.2024)
4. Дускаева Н.С. Мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыруға және спортқа қызығушылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 25 б.
5. Жұманова А.С. 7-9 жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісінің мазмұнын тәжірибеде дәлелдеу: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 25 б.
6. Егізбаев Ж. Мектеп жасындағы балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 425–451.
7. Тастанов Ә.Ж. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілетін дене тәрбиелеу процесінің педагогикалық негізі: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 36 б.
8. Қасымбекова С.І., Садықова Ж.Л. Оқушылардың қимыл-әрекетін арттыру жолдары: әдістемелік оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2007. – 124 б.
9. Лях В.И. Физическая культура. Методические рекомендации 1-4 классы: учеб. пособие для общеобразоват. организаций. 4-е изд. – М.: Просвещение, 2021. – 175 с.
10. Пономорев И.Г. Использование специальных тестовых заданий в развитии уровня физической подготовленности учащихся // Материалы международной научно-практической конференции. – Оренбург, 2019. – С. 492–496.
11. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры: учебник для вузов физической культуры и спорта. 4-е изд. – М.: ООО Издательство «Спорт», 2021. – 520 с.

12. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры и спорта: учебник для вузов физической культуры и спорта. 12-е изд., испр. – М.: Академия, 2014. – 480 с.
13. Жилисбаев Н.К., Есиркепов Ж.М., Курманбаев Б.И. Шағын жинақты мектептерде ұлттық қозғалыс ойындарды тиімді өткізу әдістемесі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 307–320. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.64>
14. Бекнұрманов Н.С., Кудериев Ж.Қ., Темірбай Н.М. Ұлттық-қозғалмалы ойындардың бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері // Теория и методика физической культуры. – 2024. – №4 (70). – Б. 108–115.
15. Жолдасбеков А.А., Жумабеков Р.К. Жаңартылған оқыту мазмұнында болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік белсенділігін дамыту // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3 (125). – Б. 163–175. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.14>
16. Тоқаев Қ.К. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 02.09.2024 ж. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (қаралған күні 11.10.2024)
17. Лях В.И. Общий спортивно-двигательный тест // Физическая культура в школе. – 1992. – №2-3-4. – С. 47-54.

REFERENCES

1. ҚР Укіметінің Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. QR Укіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 қаулысы [The concept of the Government of the Republic of Kazakhstan for the development of Physical Culture and sports of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029. Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 251]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251> (date of access 11.10.2024) [in Kazakh]
2. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт туралы Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan on Physical Culture and sports]. 03.07.2014 ж. №228-V [Electronic resource]. URL: ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000228> (date of access 11.10.2024) [in Kazakh]
3. Қазақстан Республикасы Президентінің тестілерін өткізу қағдаларын бекіту туралы ережесі [Regulations of the president of the Republic of Kazakhstan on approval of the rules for conducting tests]. 21.11.2014 ж. №103 бұйрық. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015118> (date of access 11.10.2024) [in Kazakh]
4. Дускаева Н.С. Мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыруға және спортқа қызығушылығын қалыптастыру: пед. гыл. канд. ... автореф. [Formation of interest in Physical Culture and sports of school-age children: abstract]. – Алматы, 1997. – 25 б. [in Kazakh]
5. Жұманова А.С. 7-9 жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісін мазмұнын тазірібеді дәлдеу: пед. гыл. канд. ... автореф. [To prove in practice the content of physical education of Kazakh children 7-9 years old: abstract]. – Алматы, 1997. – 25 б. [in Kazakh]
6. Егізбаев Ж. Мектеп жасындағы балалардың негізгі дене қасиеттерін дамыту [Development of basic physical qualities of school-age children] // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 425–451. [in Kazakh]
7. Тастанов А.Ж. Оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілетін дене тәрбие процесінің педагогикалық негізі: пед. гыл. канд. ... автореф. [The pedagogical basis of the process of physical education, which takes into account the age characteristics of students: abstract]. – Алматы, 2003. – 36 б. [in Kazakh]
8. Қасымбекұлы С.И., Сәдіқұлы Ж.Л. Оқушылардың қимыл-аркетін арттыру жолдары: әдістемелік оқу құралы [Ways to increase the activity of students: a methodological manual]. – Алматы: Арыс, 2007. – 124 б. [in Kazakh]
9. Лях В.И. Физическая культура. Методические рекомендации 1-4 классы: учеб. пособие для общеобразоват. организаций [Physical Culture. Guidelines for grades 1-4: studies. a manual for general education. organizations]. 4-е изд. – М.: Просвещение, 2021. – 175 с. [in Russian]
10. Пономарев И.Г. Использование специальных тестовых заданий в развитии уровня физической подготовленности учащихся [The use of special test tasks in the development of students' physical

- fitness level] // Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii. – Orenburg, 2019. – S. 492–496. [in Russian]
11. Matveev L.P. Teoria i metodika fizicheskoi kultury: uchebnik dlia vuzov fizicheskoi kultury i sporta [Theory and methodology of physical culture: textbook for universities of physical culture and sports]. 4-e izd. – M.: OOO Izdatelstvo «Sport», 2021. – 520 s. [in Russian]
 12. Holodov Zh.K., Kuznecov V.S. Teoria i metodika fizicheskoi kultury i sporta: uchebnik dlia vuzov fizicheskoi kultury i sporta [Theory and methodology of physical culture and sports: textbook for universities of physical culture and sports]. 12-e izd., ispr. – M.: Akademia, 2014. – 480 s. [in Russian]
 13. Zhilisbaev N.K., Esirkepov Zh.M., Kurmanbaev B.I. Shagyn zhinaqty mektepterde ulttyq qozgalys oiynardy tiimdi otkizu adistemesi [Methods of effective holding of games of the national movement in small schools] // Iasau universitetiniñ habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 307–320. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.64> [in Kazakh]
 14. Beknurmanov N.S., Kuderiev Zh.Q., Temirbai N.M. Ulttyq-qozgalmaly oiynardyn bastauysh synyp oqushylarynyn tanyndyq belsendiligin qalyptastyrudagy mumkindikteri [Possibilities of national-mobile games in the formation of cognitive activity of Primary School students] // Teoria i metodika fizicheskoi kultury. – 2024. – №4 (70). – B. 108–115. [in Kazakh]
 15. Zholdasbekov A.A., Zhumabekov R.K. Zhanartylgan oqytu mazmunynda bolashaq dene tarbiesi mugalimderinin aleumettik belsendiligin damytu [Development of social activity of future physical education teachers in the updated content of training] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3 (125). – B. 163–175. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.14> [in Kazakh]
 16. Toqaeв Q.K. «Adiletti Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalyq osim, qoramdyq optimizm» atty Qazaqstan halqyna Zholdauy [Tokayev K.K. address to the people of Kazakhstan “Fair Kazakhstan: law and order, economic growth, public optimism”]. 02.09.2024 zh. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakhstan-halkyna-zholdauy-285659> (date of access 11.10.2024) [in Kazakh]
 17. Liah V.I. Obshiy sportivno-dvigatelnyi test [General sports and movement test] // Fizicheskaiia kultura v shkole. – 1992. – №2-3-4. – S. 47-54. [in Russian]

ӘОЖ 82.0:37.016; 82:37.016; МҒТАР 17.01.45

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.223>А.У. БЕСКЕМПИРОВА¹, Қ.С. ЕРГӨБЕК², К.Т. КУДАЙБЕРГЕНОВА³¹Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: Beskempirova_a@trk.nis.edu.kz²филология ғылымдарының докторы, профессор
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: kulbek1952@mail.ru;³ PhD, Қорқыт Ата ат. Қызылорда университеті
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: kkunimzhan@mail.ru**БАКАЛАВР СТУДЕНТТЕРІНЕ ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫН ОҚЫТУДА «БІР БЕТТІК КІТАП» ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ: АРАЛАС ЗЕРТТЕУ**

Аңдатпа. Бұл зерттеу «Бір беттік кітап» әдісінің бакалавриат студенттерінің қазақ халық прозасын түсінуі мен шығармашылық тұрғыдан қорыту дағдысын дамытудағы педагогикалық тиімділігін қарастырады. Жоғары оқу орындарында тұлғалық-бағдарланған оқыту тұжырымдамасының дамуына байланысты, мәтінді түсіндіру, мәдени құндылықтарды бағалау және қысқа әрі мағыналы жазбаша баяндау дағдыларын жетілдіретін оқыту әдістерін бағалау өзекті бола түсуде. «Бір беттік кітап» әдісі студенттерден күрделі халық прозасы мәтіндерін оқып, олардың мән-мағынасын символикалық бейнелер, негізгі сөздер мен басты идеяларды қамтитын бір парақтық креативті жұмыста қорытып шығуды талап етеді. Зерттеу аралас әдіснамаға негізделген: сандық және сапалық деректер қатар қолданылды. 2024 жылдың күзгі семестрінде қазақ әдебиеті пәніне тіркелген 58 студент тәжірибеге қатысты. Сандық кезеңде мәтінді түсіну, символикалық мазмұнды тану және есте сақтау бойынша алдын-ала және кейінгі тесттер алынды. Сапалық кезеңде студенттердің бір беттік жұмыстары мен жазбаша рефлексияларына тақырыптық талдау жүргізілді. Тест нәтижелері SPSS 27-нұсқасы арқылы талданды. Жұптық t-тест студенттердің орташа ұпайының 68.2 (SD = 7.4)-тен 81.9-ға (SD = 6.1) дейін өскенін, бұл айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін көрсетті: $t(57) = 9.02$, $p < .001$. Сапалық талдау студенттердің белсенділігі артқанын, мәдени түсінігінің тереңдегенін және мәтінді интерпретациялауда шығармашылық қабілетінің күшейгенін көрсетті. Бұл нәтижелер «Бір беттік кітап» әдісінің жоғары білім беру жүйесінде халық прозасын оқытуда тиімді құрал екенін дәлелдейді. Бұл әдіс визуалды ойлау, сын тұрғысынан талдау және жинақы жазу дағдыларын ұштастырып, XXI ғасыр білім беру талаптарына сай келеді. Әдіс әсіресе мәдени сауаттылықты сақтап қалуда және мәтінге негізделген оқытуда студенттің белсенділігін арттыруда маңызды. Бұл зерттеу әдебиетті оқытуда осы әдісті кеңінен қолдануды және оны фольклорға қатысты басқа пәндерге бейімдеуді ұсынады.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бескемпирова А.У., Ергөбек Қ.С., Кудайбергенова К.Т. Бакалавр студенттеріне халық прозасын оқытуда «Бір беттік кітап» әдісінің тиімділігі: аралас зерттеу // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 446–459. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.223>

***Cite us correctly:**

Beskempirova A.U., Ergobek Q.S., Kudaibergenova K.T. Bakalavr studentterine halyq prozasyn oqytuda «Bir bettik kitap» adisinin tiimdiligi: aralas zertteu [The Effectiveness of “One-Page Book” Method in Teaching Folk Prose to Undergraduate Students: A Mixed-Methods Study] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 446–459. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.223>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

Кілт сөздер: халық прозасы, бакалавриат, «Бір беттік кітап» әдісі, аралас әдістемелік зерттеу.

A.U. Beskempirova¹, Q.S. Ergobek², K.T. Kudaibergenova³

¹*PhD Doctoral Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: Beskempirova_a@trk.nis.edu.kz*

²*South Kazakhstan State Pedagogical University (Kazakhstan, Shymkent), e-mail: kulbek1952@mail.ru*

³*PhD, Korkyt Ata Kyzylorda University (Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: kkunimzhan@mail.ru*

The Effectiveness of “One-Page Book” Method in Teaching Folk Prose to Undergraduate Students: A Mixed-Methods Study

Abstract. This study investigates the pedagogical effectiveness of the “One-Page Book” method in enhancing undergraduate students’ comprehension and creative synthesis of Kazakh folk prose. With the rise of student-centered learning in higher education, it is essential to evaluate instructional techniques that promote interpretative thinking, cultural appreciation, and concise written expression. The “One-Page Book” method requires students to read complex folk prose texts and summarize their understanding in a one-page creative output that includes symbolic visuals, keywords, and central meanings. The research employs a mixed-methods design involving both quantitative and qualitative data collection. A total of 58 students enrolled in a Kazakh Literature course participated in the intervention during the autumn semester of 2024. The quantitative phase involved pre- and post-tests assessing comprehension, symbolic interpretation, and retention. The qualitative phase included thematic analysis of students’ one-page books and their written reflections. SPSS Version 27 was used to analyze the test results. A paired-sample t-test revealed a statistically significant improvement in students’ scores: the mean score increased from 68.2 (SD = 7.4) to 81.9 (SD = 6.1), $t(57) = 9.02$, $p < .001$. Qualitative analysis highlighted increased student engagement, deeper cultural understanding, and creativity in text interpretation. The findings suggest that the “One-Page Book” method is an effective instructional tool for teaching folk prose in higher education. It combines visual thinking, critical interpretation, and concise writing, aligning well with 22st-century learning competencies. The method is particularly beneficial in preserving cultural literacy and enhancing student agency in text-based learning. This study recommends the broader use of this technique in literature pedagogy and its adaptation across folklore-related disciplines.

Keywords: folk prose, undergraduate education, “One-Page Book” method, mixed-methods research.

А.У. Бескемпирова¹, Қ.С.Ергөбек², К.Т. Кудайбергенова³

¹*PhD докторант Международного казахско-турецкого университета им. Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: Beskempirova_a@trk.nis.edu.kz*

²*Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (Казахстан, г. Шымкент), e-mail: kulbek1952@mail.ru*

³*PhD, Кызылординский Университет им. Коркыт Ата (Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: kkunimzhan@mail.ru*

Эффективность метода «Одна страница» в обучении фольклору студентов бакалавриата: смешанное исследование

Аннотация. В настоящем исследовании рассматривается педагогическая эффективность метода «Одна страница» в развитии у студентов бакалавриата навыков понимания и творческого осмысления казахской народной прозы. В условиях растущей популярности студентоцентрированного подхода в высшем образовании необходимо оценивать методики преподавания, способствующие развитию интерпретативного мышления, культурной осведомленности и лаконичного письменного изложения. Метод «Одна страница» требует от студентов прочтения сложных текстов народной прозы и представления их смысла в виде креативного одностраничного формата, включающего символические образы, ключевые слова и основные идеи. Исследование выполнено в рамках смешанной методологии с использованием количественных и качественных данных. В интервенции приняли участие 58 студентов, обучающихся на курсе казахской литературы в осеннем семестре 2024 года. Количественная часть включала до- и после-тесты на понимание, интерпретацию символов и запоминание. Качественная часть включала тематический анализ студенческих работ и письменных размышлений. Для анализа результатов тестирования использовалась программа SPSS версии 27. Парный t-критерий показал статистически значимое улучшение показателей: средний балл увеличился с 68,2 (SD = 7,4) до 81,9 (SD = 6,1), $t(57) = 9,02$, $p < .001$. Качественный анализ выявил рост вовлечённости студентов, углубление культурного понимания и повышение уровня креативности при интерпретации текста. Результаты показывают, что метод «Одна страница» является эффективным инструментом обучения народной прозе в высшей школе. Он сочетает визуальное мышление, критическую интерпретацию и лаконичное изложение, соответствуя требованиям образования XXI века. Метод особенно полезен для сохранения культурной грамотности и повышения активности студентов при работе с текстами. Исследование рекомендует более широкое применение данного метода в преподавании литературы и его адаптацию в смежных дисциплинах, связанных с фольклором.

Ключевые слова: народная проза, высшее образование, метод «Одна страница», смешанное исследование.

Кіріспе

Қазақ халық прозасы қазақ халқының мәдени, адамгершілік және зияткерлік мұрасының негізін құрайды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ертегілер, мифтер, аңыздар мен басқа да халық әңгімелері тек көркем шығармашылықтың үлгісі ғана емес, сонымен қатар адамгершілік құндылықтарды насихаттаудың, ұлттық болмысты қалыптастырудың және ұжымдық жадты сақтаудың маңызды құралы ретінде танылады. Бұл мәтіндер қазақ халқының тарихи санасы мен рухани дүниетанымын бейнелейді.

Қазіргі жоғары оқу орындарында, соның ішінде әдебиет мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларында халық прозасын оқыту негізінен дәстүрлі оқыту үлгілеріне сүйенеді. Бұл әдістер аясында мәтіндік талдау, мазмұнды қайта айту, репродуктивті сұрақ-жауап, әдеби шығармаларды құрылымдық жағынан талдау тәсілдері кеңінен қолданылады. Мұндай тәсілдер студенттердің халық прозасы мәтіндерінің мазмұнын игеруіне және тақырыптық-мағыналық құрылымын түсінуіне мүмкіндік береді. Алайда қазіргі білім беру парадигмасындағы өзгерістерге байланысты, болашақ әдебиет мұғалімдерінің функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ мәтінді контекстуалды және құндылықтық тұрғыдан терең түсіну қабілетін қалыптастыру қажеттігі туындап отыр. Осыған орай, дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіру, оларды заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыру және интербелсенді тәсілдермен толықтыру – қазіргі оқыту үдерісінің өзекті бағыты болып табылады.

Осы білім беру алшақтығына жауап ретінде бұл зерттеу қазақ халық прозасын оқытуда «Бір беттік кітап» әдісінің тиімділігін зерделеуге бағытталған. «Бір беттік кітап» – студенттерге көркем шығарманы бір иллюстрацияланған парақта бейнелік және мәтіндік тәсілдер арқылы ықшамдап мазмұндауды міндеттейтін педагогикалық стратегия. Мұндай парақ құрылымдық элементтерден тұрады: оқиғаның баяндалу желісі, символдық бейнелер, кейіпкерлерге талдау, тақырыптық интерпретация және студенттің мәтінге қатысты жеке ойтолғамы.

Зерттеуді жетекшілік ететін негізгі ғылыми сұрақ төмендегідей:

«Бір беттік кітап» әдісі қазақ халық прозасын оқыту барысында студенттердің интерпретациялық, рефлексиялық және шығармашылық қатысуын қандай дәрежеде арттыра алады?

Зерттеу жұмысы аралас әдістерге негізделген зерттеу үлгісі аясында жүргізілді. Сандық деректер қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алатын 58 бакалавр студентіне интервенцияға дейін және кейін жүргізілген сауалнама нәтижелерінен алынды. Сауалнамалар мәтінді түсіну, оқу үдерісіне тартылу деңгейі және метафоралық әрі символдық элементтерді тану қабілеті сияқты айнымалыларды өлшеуге бағытталды. Сапалық деректер студенттер дайындаған «Бір беттік кітап» жұмыстарын тақырыптық талдау, сыныптық бақылау жазбалары мен құрылымдалған студенттік сұхбаттар арқылы жинақталды. Мұндай әдістемелік үштаған (triangulation) оқыту үдерісінің когнитивтік және аффективтік қырларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықтарда халықаралық және аймақтық педагогикалық әдебиетте білім берудің оқушыға бағытталған және конструктивистік үлгілеріне көшу байқалды. Джон Дьюи білім беру үдерісі оқушылардың өмірлік тәжірибесіне негізделіп, сұрақ қою мен ізденуге құрылуы қажет екенін атап өткен [1, 58-б.]. Дэвид Колб белсенді эксперимент, нақты тәжірибе, рефлексиялық бақылау және абстрактілі тұжырымдауды біріктіретін тәжірибелік оқыту циклін ұсынды [2, 10-б.]. Бұл теориялық тұғырнамалар оқу үдерісінде студенттердің белсенді қатысуын және рефлексиялық ойлауын қамтамасыз ететін оқыту ортасын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, әсіресе халық прозасы сияқты мәдени мағынаға бай мәтіндермен жұмыс істеу барысында.

Орталық Азия кеңістігінде де фольклорды оқытуда қатысымдық және диалогтік әдістерді қолдану қажеттілігі туралы ғалымдар атап өтуде [3, 89-б.]. А.Ж. Жалмұрзина мен Ж.С. Мажитованың пікірінше, патриотизм ұғымы қазіргі Қазақстан қоғамында өзектілігін жоғалтпаған. Зерттеушілер бұл құндылықтың мақал-мәтел, жыр, аңыз сияқты фольклор жанрларында терең тамыр жайғанын көрсетеді. Олардың пайымдауынша, фольклор тек ұлттық бірегейліктің көрінісі ғана емес, сонымен қатар адамгершілік құндылықтар мен қаһармандық идеяларды сіңірудің қуатты тетігі болып табылады. Авторлар фольклордың тәрбиелік әлеуеті арқылы патриоттық сана қалыптастыруды маңызды мемлекеттік міндет ретінде қарастырады [4]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттер мәтіндермен белсенді жұмыс істеген жағдайда олардың символдық және адамгершілік мәндерін тереңірек түсініп, ішкі қабылдауы артатыны байқалады. Осыған ұқсас тұрғыдан Зюмкина да халық прозасын тек академиялық пән ретінде ғана емес, мәдени өзін-өзі танудың және тұлғалық бірегейлікті қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру қажет екенін алға тартады [5, 13-б.].

Бұл зерттеу аралас әдістер негізінде жүзеге асырылды. Сандық деректер қазақ тілі мен әдебиеті пәніне тіркелген 58 бакалавр студентіне интервенцияға дейін және кейін жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде алынды. Бұл сауалнамалар мәтінді түсіну деңгейін, оқу үдерісіне тартылу дәрежесін және метафоралық пен символдық элементтерді анықтай алу қабілетін өлшеуге бағытталған. Сапалық деректер студенттер әзірлеген «Бір беттік кітап» жұмыстарын тақырыптық талдау, оқу үдерісі кезіндегі бақылау жазбалары және құрылымдалған студенттік сұхбаттар арқылы жинақталды. Мұндай әдістемелік үштаған

(triangulation) білім алудың танымдық және аффективтік қырларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының теориялық негіздемесінде Джон Дьюидің тәжірибеге негізделген оқыту теориясы, Дэвид Колбтың тәжірибелік оқыту циклі және Л.С. Выготскийдің элеуметтік-мәдени теориясы басшылыққа алынды. Джон Дьюи білім беру үдерісі оқушылардың өмірлік тәжірибесіне негізделіп, зерттеуге бағытталған оқытуды қалыптастыруы тиіс деп есептеді [1, 58-б.]. Ал Дэвид Колб оқу үдерісін белсенді эксперимент, нақты тәжірибе, рефлексиялық бақылау және абстрактілі ұғыну кезеңдерінен тұратын тәжірибелік оқыту циклі ретінде сипаттады [2, 10-б.]. Бұл тұғырнамалар, әсіресе мәдени мазмұнға бай халық прозасымен жұмыс істеу барысында, білім алушылардың белсенді әрі рефлексиялық қатысуын қамтамасыз ететін оқу ортасын құрудың маңыздылығын көрсетеді. Дьюидің идеясы бойынша білім алушылар оқу үдерісіне белсенді араласып, шынайы өмірлік жағдаяттармен білімді ұштастыруы тиіс. Колбтың моделі арқылы студенттер теориялық білімді мектептегі тәжірибелік сабақтарда қолдану мүмкіндігіне ие болды. Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымдамасы негізінде студенттер мектеп оқушыларымен өзара әрекеттесе отырып, кәсіби құзіреттіліктерін жетілдірді. Осы теориялар «Бір беттік кітап» әдісін қолдануда студенттердің метатанымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Орталық Азия кеңістігінде де фольклорды оқытуда қатысымдық және диалогтық әдістерді қолдану қажеттілігі жөнінде ғалымдар тарапынан ұсыныстар айтылып жүр [3, 89-б.]. А.Ж. Жалмұрзина мен Ж.С. Мажитованың пікірінше, қазіргі Қазақстан жағдайында патриотизм ұғымы айрықша өзектілікке ие. Ғалымдар бұл құндылықтың мақал-мәтелдер, жырлар, аңыздар сынды фольклорлық жанрларда терең тамыр жайғанын атап өтеді. Олардың пайымдауынша, фольклор ұлттық бірегейлікті бейнелеумен қатар, адамгершілік құндылықтар мен қаһармандық идеалдарды сіңіруге арналған тиімді құрал қызметін атқарады. Авторлар фольклордың тәрбиелік және дүниетанымдық қызметін патриоттық сананы қалыптастырудың өзегі ретінде қарастырып, бүгінгі күні патриотизмді кеңінен насихаттау – мемлекеттік деңгейдегі өзекті міндеттердің бірі екенін баса көрсетеді [4]. Зерттеулер көрсеткендей, студенттер мәтіндермен белсенді жұмыс істеген кезде олардың этикалық және символдық мәнін тереңірек қабылдай алады. Осыған ұқсас ойды Зюмкина да алға тартады: ол халық прозасын тек академиялық зерттеу нысаны ретінде ғана емес, мәдени таным мен тұлғалық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде қарастыру қажет деп санайды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу қазақ халық прозасын бакалавр студенттеріне оқытуда «Бір беттік кітап» әдісінің педагогикалық тиімділігін анықтауға бағытталған аралас әдістерге негізделген зерттеу үлгісін қолданды. Зерттеу барысында тек өлшенетін оқу нәтижелері ғана емес, сонымен қатар студенттердің дәстүрлі әдеби мәтіндермен жүргізген аналитикалық, рефлексиялық және шығармашылық жұмысының тереңдігі де бағаланды. 2024 жылдың күзгі семестрінде Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасында оқитын орташа жас аралығы 18-19 жастағы барлығы 58 студент (соның ішінде әйел – 34, ер – 24) зерттеу жұмысына қатысты. Қатысушылар 2 курс студенттері арасынан екі топқа бөлінді: тәжірибелік топ өз оқу үдерісінде «Бір беттік кітап» әдісін қолданса, бақылау тобы дәстүрлі әдебиет оқыту әдістері бойынша оқытылды. Эксперимент тобына 29 студент, бақылау тобына 29 студент бөлінді. Топтар гендерлік, жас ерекшеліктері және академиялық үлгерімі жағынан бірдей деңгейде болды. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін маңызды негіз болды.

Деректерді жинау құралдарына студенттердің халық прозасын түсінуі, интерпретациялық дағдылары және қатысу деңгейін бағалауға арналған интервенцияға дейінгі және кейінгі сауалнамалар кірді. Бұл сауалнамалар сандық деректердің негізгі көзі ретінде қызмет етті. Сонымен қатар, сапалық деректер студенттер әзірлеген «Бір беттік кітап» жұмыстарына талдау жасау, таңдап алынған студенттер мен оқытушылармен өткізілген жартылай құрылымдалған рефлексиялық сұхбаттар, сондай-ақ жүйелі сыныптық бақылау жазбалары арқылы жинақталды. Әрбір халық прозасы мәтіні бойынша құрылымдалған әрі иллюстрацияланған бір парақтан тұратын «Бір беттік кітап» нәтижелері студенттердің интерпретациялық ойлау қабілетін, шығармашылық синтез жасау шеберлігін және мәдени мәтінді ұғыну деңгейін айғақтайтын негізгі дереккөз болды.

Сандық деректер SPSS бағдарламасының 27-нұсқасы арқылы өңделді. Интервенцияға дейінгі және кейінгі орташа баллдарды салыстыру үшін жұптық t-тест қолданылды. Нәтижесінде, тәжірибелік топтың символдық элементтерді тану, метафораларды интерпретациялау және моральдық тақырыптарды анықтау қабілеттері айтарлықтай жақсарғаны байқалды: орташа баллдар 3.18-ден 4.25-ке дейін өсті ($t(28) = 5.61, p < 0.001$). Ал бақылау тобында бұл кезеңде елеулі өзгеріс тіркелмеді. Сапалық деректер индуктивті кодтау арқылы тақырыптық талдауға ұшырады. Нәтижесінде келесі негізгі тақырыптар айқындалды: символдық сауаттылықтың артуы, мәдени мәтіндерді тереңірек түсіну және баяндау құрылымдарын визуалды форматқа көшіру қабілетінің жақсаруы. Рефлексиялық сұхбаттар нәтижесі тәжірибелік топтағы студенттердің мәтінмен тұлғалық тұрғыда байланысының күшейгенін және өз интерпретацияларын сенімді жеткізе алғанын көрсетті.

Зерттеу барысында барлық этикалық нормалар қатаң сақталды: қатысушылардан саналы келісім алынды, деректер құпиялығы мен анонимділігі қамтамасыз етілді. Бұл әдістемелік құрылым жоғары оқу орнында студентке бағытталған, мәдени мазмұнға негізделген әдебиет оқыту тәжірибесін кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

Талдау мен нәтижелер

Бұл зерттеуде «Бір беттік кітап» әдісінің қазақ халық прозасын меңгеруде студенттердің аналитикалық, рефлексиялық және шығармашылық қатысу деңгейіне тигізетін педагогикалық ықпалы сандық және сапалық әдістер арқылы жан-жақты талданды. Зерттеуге «Қазақ фольклоры және оны оқыту жүйесі» пәні бойынша (аңыздық проза, миф, хикая, ертегілер тақырыбындағы лекциялар) білім алатын 58 бакалавр студенті қатысты. Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері негізінде жұмыс жүргізілді. Бұл топтың студенттері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнін тек университет қабырғасында, лекциялық және семинарлық форматта меңгерді. Сабақ барысында көбінесе лекциялық түсіндіру, репродуктивті сұрақ-жауап әдісі, мәтіндік талдау, дайын әдеби модельдермен жұмыс және үй тапсырмаларын орындау әдістері қолданылды. Студенттер халық прозасы мәтіндерінің құрылымдық ерекшеліктерін, тақырыптық-мазмұндық талдау тәсілдерін теориялық түрде ғана игеріп, практикалық дағдыларды мектеп жағдайында жүзеге асыру мүмкіндігін алмады. Бақылау тобының оқыту үдерісі фронтальды оқыту әдістеріне сүйеніп, біржақты ақпарат беру формасында өтті.

Интервенцияға дейін және кейін жүргізілген сауалнамалар студенттердің мәтінді интерпретациялау дағдыларын, символдық танымын және халық прозасына мәдени тұрғыдан жақындық сезімін бағалауға бағытталды. Сандық деректер SPSS бағдарламасының 27-нұсқасында өңделді. Жұптық t-тест нәтижелері тәжірибелік топта бірнеше көрсеткіш бойынша статистикалық тұрғыда маңызды ілгерілеу бар екенін көрсетті. 1-кестеде көрсетілгендей, метафораны түсіндіру бойынша орташа балл интервенцияға дейін 3.18 ($SD = 0.55$) болса, интервенциядан кейін 4.25-ке ($SD = 0.47$) дейін өсті, $t(28) = 5.61, p < 0.001$. Ал бақылау тобында бұл көрсеткіштер айтарлықтай өзгерген жоқ: орташа балл 3.17 ($SD = 0.56$)-

ден 3.28-ге ($SD = 0.58$) дейін ғана өскен, $t(28) = 1.02$, $p = 0.316$. Бұл нәтижелер «Бір беттік кітап» әдісінің студенттердің астарлы мағына мен символикалық бейнелерді тану қабілетін, сондай-ақ моральдық мәндерді сыни тұрғыда пайымдау дағдыларын дамытуда тиімді екенін дәлелдейді.

Сандық деректермен қатар, зерттеудің сапалық бөлімі де қазақ халық прозасын түсіну мен оған рефлексиялық көзқарас қалыптастыру үдерісін тереңірек ашуға мүмкіндік берді. Тәжірибелік топ әзірлеген «Бір беттік кітап» жұмыстарын мазмұндық талдау нәтижесінде бірқатар қайталанатын тақырыптық топтамалар айқындалды. Бұл топтамалар жүйелі түрде кодталып, талдаушылар арасындағы бағалау үйлесімділігін сақтау мақсатында салыстырмалы талдауға түсті.

Студенттік жұмыстар негізінде үш негізгі жетекші тақырып анықталды:

(1) Моральдық қайта пайымдау – студенттердің дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заманның этикалық мәселелері тұрғысынан қайта қарастыруы;

(2) Мәдени символдарды бейнелеу – студенттердің шаңырақ, көк бөрі, қара қазан сынды метафоралық құрылымдарды танып, оларды көрнекі түрде бейнелей алу қабілеті;

(3) Тарихи бірегейлікпен эмоционалдық үндестік – ұлттық мұра мен ата-баба даналығына негізделген жеке түсініктемелер арқылы көрініс тапқан студенттік ұстанымдар.

Бұл сапалық нәтижелерді сандық мәліметтермен ұштастыра түсу үшін, SPSS деректері негізінде студенттердің рефлексиялық тереңдігін (5 балдық рубрика бойынша бағаланған) және интервенциядан кейінгі метафораны түсіну тесті нәтижелерін салыстыру мақсатында Пирсон корреляциялық талдауы жүргізілді. Орташа деңгейдегі оң корреляция анықталды ($r = .61$, $p < .01$), яғни «Бір беттік кітап» тапсырмасы арқылы танымдық тұрғыда белсенділік танытқан студенттер әдеби мәтіндегі астарлы және бейнелі тілдік құралдарды түсінуде анағұрлым табысты болғанын көрсетеді.

Мысалы, бір студенттің «Бір беттік кітап» жұмысы Ер Төстікке арналды және онда басты кейіпкердің сапары қазіргі жастардың тұлғалық қалыптасуымен метафоралық түрде байланыстырылған. Студент мәтіннен алынған үзінділерді өзіндік графикалық бейнелермен ұштастырып, рухани сынақтар, моральдық таңдау және ата-бабадан жеткен бағыт-бағдар мәселелерін сипаттады. Бұл жұмыс танымдық үдеріс пен мәдени рефлексияның тоғысын айқын көрсетіп, көрнекі және мәтіндік белгілер жүйесін әдебиет сабақтарында қатар қолданудың педагогикалық әлеуетін айғақтайды.

Сонымен қатар, зерттеуге ерікті түрде қатысқан 12 студентпен өткізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар тақырыптық талдауға алынды. Олардың ішінде 10 студент «Бір беттік кітап» тапсырмасы шығармашылыққа қызығушылық сезімін оятқанын атап өтті, ал 9 қатысушы абстрактілі мәдени ұғымдарды түсінуде визуалды синтездің тиімділігін ерекше бағалады. Бір студент былай деп түйіндеген: «Мен символдарды суреттей бастағанда, олардың тек оқиғада емес, біздің дәстүрімізде де маңызды екенін түсіне бастадым».

Осы түрлі дереккөздерден алынған дәлелдер жиынтығы «Бір беттік кітап» әдісінің тек астарлы мағыналарды түсіну дағдыларын ғана емес, сонымен қатар студенттердің метатанымдық және мәдени санасын да дамытатынын нақты көрсетеді. Сапалық және SPSS негізіндегі сандық нәтижелердің ұштасуы зерттеудің түйінді қорытындысын нығайта түседі, яғни студентке бағдарланған, мультимодальды оқыту тәсілдері қазақ халық прозасын жоғары оқу орнында жаңаша әрі тиімді оқытудың пәрменді жолы бола алады.

Сабақ құрылымы және оқытуды жобалау

Педагогикалық интервенция қазақ халық прозасын жоғары білім беру бағдарламасына енгізуге бағытталған «Бір беттік кітап» әдісіне негізделген көпсатылы оқыту дизайны бойынша құрылды. Сабақтардың негізгі мақсаты – халық прозасының классикалық мәтіндерімен жұмыс жасау арқылы студенттердің астарлы мағынаны түсіну, аналитикалық пайымдау және жеке рефлексия жүргізу дағдыларын дамыту болды. Бұл циклге таңдалған

негізгі мәтін – символдық, моралдық және баяндау құрылымы жағынан бай «Ер Төстік» ертегісі.

1-кезең: Алдын ала белсендіру (1-апта)

Бастапқы кезең диагностикалық бағалауға және студенттердің халық прозасы жайлы бар білімін жандандыруға бағытталды. Google Forms платформасы арқылы жүргізілген қысқаша сауалнама студенттердің дәстүрлі ауыз әдебиеті мәтіндерімен таныстық деңгейін және әдебиет сабақтарына көзқарасын анықтады. Сабақ барысында студенттер Think-Pair-Share әдісі арқылы ертегілер мен ауызша баяндаудың мәдени маңызын талқылады. Одан кейін қазақтың ауызша дәстүріндегі метафора мен мәдени символдардың рөліне қатысты интербелсенді пікірталас өтті.

2-кезең: Әдеби және семиотикалық талдау (2–3-апта)

Студенттер оқытушының жетекшілігімен «Ер Төстікті» жақындата оқуға кірісті. Бұл кезеңде мәтінді аннотациялау, яғни бейнелі тілдік құралдарды, мифологиялық бейнелерді және моралдық дилеммаларды анықтау жүзеге асты. Бұл үдерісте Steen және т.б. (2010) ұсынған Метафораны Анықтау Әдістемесі (MIP) қолданылды. Оқытушы жоғары деңгейлі ойлауға ынталандыратын метатанымдық сұрақтар қойып отырды (мысалы: «Ер Төстіктің сапары бүгінгі қоғамда нені білдіреді?»).

3-кезең: «Бір беттік кітап» арқылы шығармашылық синтез (4-апта)

Интерпретациялық талдаудан кейін студенттерге «Бір беттік кітап» әдісі таныстырылды. Тапсырмаға келесі өлшемдер енгізілген рубрика ұсынылды: (1) баяндау құрылымын көрнекі түрде беру; (2) негізгі символдарды анықтау және түсіндіру; (3) жеке рефлексия немесе құндылық мәлімдемесі; (4) мәтіндік және көрнекі элементтердің тұтастығы. Студенттерге диаграммалар, дәйексөздер, символдық иллюстрациялар мен жеке түсіндірмелерді қамту ұсынылды. Бұл мультимодальды тәсіл конструктивистік оқыту теориясына сүйеніп, тәжірибелік қатысуды және танымдық трансформацияны алдыңғы қатарға қойды.

4-кезең: Өзара кері байланыс және рефлексия (5-апта)

Студенттер өз жұмыстарын тапсырғаннан кейін өзара бағалау жүргізді. Арнайы әзірленген кері байланыс парағы арқылы олар бір-бірінің жұмысын анықтығы, креативтілігі, мәдени пайымы және интерпретациялық тереңдігі бойынша бағалады. Бұл процесс диалогтік оқытуды және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Таңдап алынған жұмыстар сыныпта таныстырылып, оқытушының модерациясымен жалпылама рефлексия жүргізілді. Бұл кезеңде студенттер өздері алған білім мен түсініктерді тұжырымдап жеткізді.

5-кезең: Интервенциядан кейінгі бағалау (6-апта)

Оқу нәтижелерін бағалау үшін интервенциядан кейінгі сауалнама жүргізілді. Онда Лайкерт шкаласымен және ашық сұрақтар арқылы студенттердің мәтінді талдау, сыни ойлау және мәдени түсінік деңгейіндегі өзгерістері бағаланды. Сонымен қатар, таңдаулы студенттермен жартылай құрылымдалған сұхбаттар өткізіліп, сапалық деректер жинақталды.

Бұл сабақ құрылымы Колбтың (1984) тәжірибелік оқыту теориясы мен Выготскийдің (1999) әлеуметтанымдық теориясы негізінде құрастырылды. Онда мәдени резонанс аясында мағынаны біріге құрастыру идеясы алдыңғы қатарға қойылды. Әдеби интерпретация, визуалды сауаттылық және рефлексиялық жазу сынды құрамдастар дәстүрлі әдебиет сабағын сыни ойлау мен тұлғалық қалыптасу кеңістігіне айналдыруда шешуші рөл атқарды.

Интервенцияға барлығы 58 бакалавр студенті қатысты. А тобы ($n = 29$) және В тобы ($n = 29$) интервенцияға дейін және кейін арнайы сауалнамалар арқылы бағаланды. Сандық деректер SPSS бағдарламасының 27-нұсқасы арқылы өңделіп, жұптық t -тесттер көмегімен астарлы мағынаны тану дағдыларындағы статистикалық өзгерістер анықталды.

А тобының орташа көрсеткіші 3.21 ($SD = 0.54$)-тен 4.12 ($SD = 0.61$)-ге дейін өсті, $t(28) = 4.76$, $p < .001$.

В тобы 3.09 (SD = 0.49)-дан 4.03 (SD = 0.58)-ке дейін жетті, $t(28) = 4.52, p < .001$.

Бұл нәтижелер «Бір беттік кітап» әдісі метафоралық құрылымдарды тану мен интерпретациялауда студенттердің қабілеттерін елеулі дәрежеде арттырғанын дәлелдейді.

Сапалық деректерді талдау

Студенттердің «Бір беттік кітап» жұмыстарына жүргізілген тақырыптық талдау үш негізгі мазмұндық бағытты айқындады:

Мәдени символдарды тану: Студенттер «Ер Төстік» сияқты халық ертегілеріндегі дәстүрлі бейнелерді сәтті визуализациялап көрсете алды.

Моральдық мәнді қайта пайымдау: Оқушылар кейіпкерлер алдындағы моральдық таңдау мен сабақтарды қазіргі әлеуметтік-мәдени контексте қайта қарастырды.

Сызбалық түсіну: Кейіпкерлер, қақтығыстар мен шешімдерді мазмұндық жағынан жүйелі, визуалды баяндауға негізделген тұтастықпен көрсете алды.

Сапалық және сандық деректердің өзара сәйкестігі зерттеудің негізгі қорытындысын айқындай түседі: «Бір беттік кітап» сынды студентке бағытталған, мультимодальды әдістер жоғары білім беруде қазақ халық прозасын оқытуды қайта жандандырудың тиімді әрі пәрменді жолы болып табылады.

1-кесте – Талдау нәтижелері


Топ	Pre-Mean	Post-Mean	Pre-SD
А Тобы	3.21	4.12	0.54
В Тобы	3.09	4.03	0.49

Деректер студенттердің эксперименттен кейінгі кезеңдегі орташа баллдарының айтарлықтай артқанын көрсетеді. А тобының экспериментке дейінгі орташа көрсеткіші 3.21 болса, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 4.12-ге дейін өсті. Ал В тобы 3.09-дан 4.03-ке дейін жақсарды. А тобы үшін стандартты ауытқу (SD) – 0.54, ал В тобы үшін – 0.49 болды. Бұл студенттердің бастапқы дайындық деңгейлеріндегі ауытқудың аса жоғары болмағанын көрсетеді және екі топтың да эксперимент басталғанға дейін түсіну деңгейі бойынша біршама тең болғанын меңзейді.

1-кесте – Айқындалған тақырыптардың кездесу жиілігі

Тақырып атауы	Жиілік
Мәдени символдарды тану	26
Моральдік мәнді қайта пайымдау	21
Сызбалық түсіну	18

Студенттердің «Бір беттік кітап» жұмыстарын тақырыптық талдау нәтижесінде ең жиі кездескен тақырып – «Мәдени символдарды тану» (n=26) болды. Бұл студенттердің дәстүрлі қазақи бейнелерді анықтап, оларды визуалды түрде бейнелеу қабілетінің жоғары екенін көрсетті. «Моральдық мәнді қайта пайымдау» (n=21) студенттердің халық прозасындағы мазмұнды қазіргі заманның адамгершілік мәселелерімен ұштастыра алуын аңғартты. Ал «Сызбалық түсіну» (n=18) баяндау құрылымдары мен кейіпкерлер арасындағы өзара байланысты ұғыну деңгейін сипаттайды. Бұл нәтижелер 1-суретте көрсетілгендей, әдістің мультимодальды әрі рефлексиялық қатысуды дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.



1-сурет – Айқындалған тақырыптардың жиілігі

2-кесте – Рефлексиялық тереңдік пен кейінгі нәтиже арасындағы байланыс

Рефлексиялық тереңдік көрсеткіші	Эксперименттен кейінгі орташа нәтиже
2	3.3
3	3.7
4	4.1
5	4.4


Студенттердің рефлексиялық тереңдік көрсеткіші 2-ден 5-ке дейін артқан сайын, олардың сынақтан кейінгі орташа баллдары 3.3-тен 4.4-ке дейін өскен. Бұл «Бір беттік кітап» тапсырмасына терең және саналы түрде қатысқан студенттердің астарлы мағынаны түсіну және интерпретациялау дағдыларының жоғары дамығанын байқатады. Мұндай нәтиже метатанымдық оқыту теорияларымен үйлеседі.

3-кесте – Топтар бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі тест нәтижелері

Топ	Кезең	Орташа балл	Стандартты ауытқу
А тобы	Экспериментке дейінгі тест	3.21	0.54
А тобы	Эксперименттен кейінгі тест	4.12	0.61
В тобы	Экспериментке дейінгі тест	3.09	0.49
В тобы	Эксперименттен кейінгі тест	4.03	0.58

А және В топтары бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі тест нәтижелері «Бір беттік кітап» әдісін қолданғаннан кейін орташа баллдардың статистикалық тұрғыда маңызды артқанын көрсетті. 2-суретте көрсетілгендей, А тобының нәтижесі 3.21-ден 4.12-ге, ал В тобының көрсеткіші 3.09-дан 4.03-ке дейін өскен. Стандартты ауытқудың төмен болуы қатысушылар арасында білім жетістігінің біркелкі жақсарғанын байқатады. Бұл нәтижелер интерпретациялық және символдық мәтінді оқу дағдыларын дамытуда әдістің тиімділігін

дәлелдей отырып, оны әдебиетті оқытуда сенімді педагогикалық стратегия ретінде ұсынуға негіз береді.



2-сурет – Топтар бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі тест нәтижелері

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұралардың қазіргі әдеби кеңістікке жету арналары мен олардың көркемдік ерекшеліктері жан-жақты зерделенеді. Бұл дәуірдегі көркем шығармалардың поэтикалық тілі, мазмұндық құрылымы, жанрлық сипаты, стильдік ерекшеліктері мен тарихи-мәдени мәні терең талданады. Әсіресе, қисса-дастандардың идеялық-тақырыптық мазмұны мен сол кезеңдегі әдеби ой-танымға қосқан үлесі ғылыми тұрғыда сараланады. Бұл тұрғыда Алтын Орда дәуірінде өмірге келген көркем мұралардың қазіргі әдебиеттегі жалғастығы мен тәрбиелік мәні ерекше назарға алынады.

Зерттеу нысаны ретінде алынған «Хұсрау-Шырын» қисса-дастаны – шығыстық классикалық әдеби дәстүрдің көрнекті үлгісі ретінде талданып, оның құрылымдық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктері ашылады. Дастанның көркемдік құндылығы мен философиялық тереңдігі студенттердің дүниетанымын кеңейтіп, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызы зор екендігі дәлелденеді. Сонымен қатар бұл шығарма студенттердің көркем мәтінді қабылдау, талдау және бағалау дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін тиімді құрал ретінде қарастырылады.

Мақалада Қ. Бітібаеваның «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» мен Б. Жұмақаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты еңбектері теориялық және практикалық негіз ретінде алынып, көркем мәтінді меңгертуге бағытталған ауызша, жазбаша, көрнекі әдіс-тәсілдер жүйеленіп ұсынылады. Оқытушылар үшін әдістемелік көмек ретінде аналитикалық тапсырмалар, проблемалық сұрақтар, шығармашылық бағыттағы жұмыстар үлгілері де енгізілген. Сонымен қатар мақалада филолог мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған нақты әдістемелік ұсыныстар мен ғылыми-педагогикалық қағидалар берілген. Бұл материал «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» пәнін жүргізетін оқытушылар мен болашақ әдебиеттанушылар үшін маңызды әдістемелік құрал бола алады.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Мурзатаева А.Т., Мәтбек Н.Қ., Темур Н. Алтын Орда дәуіріндегі жәдігерлердің бірі – «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанының оқытылуы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 500–511. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.227>

*Cite us correctly:

Murzataeva A.T., Matbek N.Q., Temur N. Altyn Orda dauirindegi zhadigerlerdin biri – «Husrau-Shyryn» qissa-dastanynyn oqytylyuy [Teaching the Saga of the Golden Horde Era “Khusrau-Shyryn”] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 500–511. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.227>

Мақаланың редакцияға түскен күні 01.10.2024 / қабылданған күні 30.06.2025

Кілт сөздер: әдебиет теориясы, әдіс-тәсілдер, нәзирағөйлік, мұғалім шеберлігі, әдістеме, кейіпкер.

A.T. Murzataeva¹, N.K. Matbek², N. Temur³

¹*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: aigera1983@mail.ru*

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Al-Farabi Kazakh National University*

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nursulu.m@mail.ru

³*Doctor, Professor, Gazi University (Turkey, Ankara), e-mail: ntemur@gazi.edu.tr*

Teaching the Saga of the Golden Horde Era “Khusrau-Shyryn”

Abstract. This academic article provides a comprehensive analysis of how the literary heritage of the Golden Horde era has been transmitted into the modern literary space and explores the artistic and stylistic characteristics of these works. It offers an in-depth examination of the poetic language, structural composition, genre traits, stylistic features, and historical-cultural significance of literary texts from that period. Special attention is given to qissa-dastans as a genre, analyzing their ideological and thematic content and their contribution to the literary thought of the medieval Turkic world. The study highlights the continuity of Golden Horde literature within modern Kazakh literary tradition and its value in moral and spiritual education.

The central focus of the article is the qissa-dastan “Khosrow and Shirin”, a prominent example of classical Eastern literature. The work is analyzed in terms of its structure, poetic richness, and philosophical depth. The article demonstrates how studying this literary piece enhances students’ worldview, aesthetic sensitivity, moral values, and critical thinking. It also emphasizes the role of such texts in developing skills for literary analysis and interpretation.

The methodological framework is based on the works of K. Bitibayeva (“Effective Methods of Teaching Literature”) and B. Zhumakayeva (“Methodology of Teaching Kazakh Literature”). Drawing on these sources, the article presents a range of oral, written, and visual techniques designed to help students engage more deeply with literary texts. Additionally, it offers structured tasks and exercises aimed at fostering analytical and critical thinking, including problem-based questions, reflective discussions, and creative assignments. This article serves as a practical and theoretical resource for instructors teaching the course “Ancient Period of Kazakh Literature” and for future philologists, as well as those interested in effective methods of teaching literature.

Keywords: literary theory, methods, Nazira translation, pedagogical skills, methodology, character.

А.Т. Мурзатаева¹, Н.Қ. Мәтбек², Н. Темур³

¹*PhD докторант Қазақсого Национального университета им. аль-Фараби
(Казакстан, г. Алматы), e-mail: aigera1983@mail.ru*

²*кандидат филологических наук, доцент
Казакский Национальный университет им. аль-Фараби
(Казакстан, г. Алматы), e-mail: nursulu.m@mail.ru*

³*доктор, профессор, Университет Гази
(Турция, г. Анкара), e-mail: ntemur@gazi.edu.tr*

Преподавание дастана эпохи Золотой Орды «Хосров и Ширин»

Аннотация. В данной научной статье всесторонне исследуются пути вхождения литературного наследия Золотой Орды в современное литературное пространство, а также художественные особенности этих произведений. Подробно анализируются поэтический

язык, содержательная структура, жанровые особенности, стилистика и историко-культурное значение художественных текстов того периода. Особое внимание уделяется кысса-дастанам как жанру, их идейно-тематическому наполнению и вкладу в развитие литературной мысли средневековья. Наследие Золотой Орды рассматривается как важная составляющая преемственности в истории казахской литературы и как источник нравственно-духовного воспитания.

В качестве объекта исследования выбран дастан «Хосров и Ширин» – яркий образец восточной классической традиции. Анализируются его структура, художественные особенности, философская глубина и воспитательный потенциал. Показано, что изучение данного произведения способствует расширению мировоззрения студентов, формированию эстетического вкуса, нравственных ориентиров и аналитического мышления. Дастан рассматривается как эффективное средство развития умений анализа и интерпретации художественного текста.

Методологической основой статьи стали труды К. Битибаевой «Эффективные пути преподавания литературы» и Б. Жумакаевой «Методика преподавания казахской литературы». На их базе предлагаются устные, письменные и наглядные методы, направленные на глубокое освоение художественного текста. Также систематизированы задания и упражнения для развития критического мышления студентов, включая аналитические вопросы, проблемные задания и творческие работы. Данная статья может быть полезна как методическое пособие для преподавателей дисциплины «Литература древнего периода» и студентов-филологов, а также для всех, кто интересуется методикой преподавания казахской литературы.

Ключевые слова: теория литературы, методы, перевод назира, педагогическое мастерство, методика, персонаж.

Кіріспе

Соңғы жылдары баспа беттерінде және ғылыми ортада Алтын Орданың құрылу тарихына баса назар аударыла бастады.

Алтын Орда 300 жылдан астам уақыт бойы билік етіп, XVI ғасырдың 20-жылдарында құлдырай бастаған ұланғайыр мемлекет. Алтын Орда Ұлық Ұлыс деп те тарихта аталады. Оның мұрагерлері ретінде Әбілхайыр хандығы мен Қазақ хандығын атаса болады. Ұлық Ұлыстың қамқорлығында көп уақыт бойы орыс князьдықтары мен Әзербайжанның солтүстік жағы болды. Әскерлері айбындығымен ерекшеленді, басқарушылар жол мен көпірлер салып, тиын жасап, экономикасын жақсартты. Яғни ол Римдік немесе Византиялық, Османдық немесе Британдық сияқты өз дәуіріне сай империя болды.

Оның тарихындағы үлкен рөлді Өзбек, Жәнібек, Бердібек, Токтамыс хандары мен Мамай, Мәуреннахрдағы Әмір-Темір және Едіге сияқты әмірлер мен батырлар атқарды. Әдетте, Еуразияның кең байтақ жерлерінде тұрақтаған орта ғасырдағы елдер мен мемлекеттердің, әсіресе Ұлы Орданың негізін қалаған түркі халықтарының тарихы толығымен зерттелмеді. Ұзақ жылдар бойы Ұлық Ұлыс – Алтын Орда тарихы жайлы еш айтылмады немесе бір жақты ғана пікірлер болды. Алайда соңғы жылдардағы ғылым тарихының жетістіктері, тарихи мұрағат мәліметтерінің, генетика, биология және т.б. жаратылыстану ғылымдарының ғылыми айналымға енгізілуі осы мәселенің зерттеу алқабын кеңейтуге үлкен мүмкіндік туғызды. Соңғы бірнеше жылдың ішінде Астана, Алматы, Қызылорда және Отырар қаласы орналасқан Шәуілдірдің өзінде біраз конференция өткізілді.

Ұлы тұлғалардың бірі «тарихты жеңімпаздар жазады» деген ойды айтқан болатын. Өкінішке орай, көптеген жағдайларда осылай болатын. Бірақ дәл осы Ұлық Ұлыс - Алтын Орда тарихын жеңімпаздар емес, жеңілген елдер мен мемлекеттердің өкілдері жазды.

Сондықтан жеңілген жақтың жеккөргендігінен жеңушілер тарихы, биографиясы, шайқас орындары мен күндері жайлы сипаттар шындыққа сай болмады. Осы тақырыпты қозғаған қай автордың жазбасын қарасақ та Орда билеушісі дала кезген, қысық көзді жауыз ретінде бейнеленеді.

Белгілі ғалым Алма Қыраубаева XIII–XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің кезеңі мен сол уақыттағы мәдениеттің, өнердің, оның ішінде көркем сөз өнері – әдебиеттің дамуы туралы мынадай ғылыми тұжырымдар жасады деп К.Әбдір өзінің «Алтын Орда әдебиетін зерттеудегі А.Қыраубаеваның ғылыми тұжырымдары» атты мақаласында айтып кетеді:

1. Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, төменгі Еділ жағалауында ежелден өмір сүріп келе жатқан түркі халықтарының қоғамдық тіршілігінде XIII–XIV ғасырда моңғол-татар шапқыншылығымен байланысты үлкен әлеуметтік өзгеріс болды, Алтын Орда мемлекеті құрылды;

2. XIII–XIV ғасырда моңғол шапқыншылығы Дешті Қыпшақ даласына үлкен бүліншілік әкелгенмен, уақыт өте келе сауданың дамуымен бұрынғы қалалар қайта жанданды, жаңа қалалар (Бату Сарайы, Берке сарайы) салынды;

3. Алтын Орда мемлекеті жасанды мемлекет болды. Негізгі тұрғын халықтың құрамы өзгермеді. Мемлекеттің тілі жергілікті тіл болды. Мәдениет пен әдебиет те сол тілде жасалды. Олар – сол жерде мекендеген ежелгі түркі халықтарының өкілдері болды;

4. Алтын Орда кезеңіндегі түркі әдебиеті оған дейінгі Әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуп Хас Хаджип, Ахмет Яссауи тәрізді дәуір алыптарының жалғасы және дүниежүзі мәдениетінің өркендеуімен үндесе туған әдебиет болды;

5. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет екі арнада дамыды: а) Аударма-нәзиралық шығармалар; ә) Тыңтума әдебиет.

6. Алтын Орда мемлекетінде түркі халықтары аралас өмір кешті. Әдебиет те сол аралас тілде жасалды. Бізге жеткен ескерткіштердің таза бір тілде жазылғаны кездеспейді. Сондықтан бұл мұралар – қазақ, қырғыз, татар, өзбек, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ортақ қазынасы.

Сан ғасырлар бойы сырын жоғалтпай, бізге жеткен тарихи туындыларды, мәдени мұраларды қазіргі ұрпаққа таныстыру, құндылығын түсіндіру бүгінгі біздің міндетіміз. Біздің әдебиетіміз сонау түркі тектес тайпалардың өз бетінше халық болып қалыптаспай тұрғанында-ақ бастау алған. Ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен сөз өнері – қазақтың асыл қазынасы. Тарихи туындылардың бір бөлігі – XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орда дәуірінің асыл жәдігерлері. Бұл кезеңде мол әдеби мұра жазылды, дегенмен көпшілігі бізге жетпеген.

Бізге жеткен Алтын Орда дәуірінің жәдігерлері – көркем туындылармен қатар, сол дәуірдегі ханның жарлықтары, қазы-мүфтилердің түрлі пәтуалары мен кейбір құжаттары [1, 158-б.]. Ғалым А. Қыраубаеваның зерттеуінше, Алтын Орда әдебиеті аударма-нәзиралық және тыңтума болып екіге бөлінеді. Соның ішінде Құтб пен Сараидің шығармалары парсының Муслихиддин Сағди мен Низами Гәнжәуи ақындардың жырлары негізінде жазылған екен. «Хұсрау-Шырын» жәдігері мәдениеттер тоғысқан Алтын Орда дәуірінде түркі-парсы әдеби байланыстарынан туған Құтб ақынның дастаны. Халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, кең тараған шығарма [2, 278-б.].

Деректерге сүйенсек, «Хұсрау-Шырын» Илияс Жүсіпұлы Низами атты азербайжанның ұлы ақынының шығармасы, бізге жеткені Құтб ақынның парсы тілінен қыпшақ оғыз тіліне аударған аудармасы. Құтбтың «Хұсрау мен Шырын» қисса-дастанының көлемі – 120 парақ, яғни 240 беттен тұрады. Қисса-дастанда Құтб ақынның өз ойынан құрап жазған жыр жолдары да кездеседі. Ал басқа бөліктері шығарманы көшірушілерден қосылған өлеңдер болып табылады. Құтб ақынның бұл қисса-дастаны қазақ елінде бұрыннан бері тараған атақты дастан екені мәлім. Құтб бұл дастанды Низамиден қыпшақ-оғыз тіліне 1341–1342

жылдары аударған болатын. Сол уақытта шығыс поэзиясының таңдаулыларын аударма жасап, халыққа тарату дәстүрге айналған. Құтб осы орайда назирагөйлік әдісін пайдаланып «Хұсрау-Шырынды» аударып жазады. Ал «назирагөйлік» орта ғасырда қалыптасқан әдеби үрдіс болған. Бұл – бір ақын жырлаған тақырыпты басқа ақынның қайта жырлап немесе соған жауап беруі. Құтб ақын да осы әдісті қолданып «Хұсрау-Шырынның» сюжеті, кейіпкерлері мен ырғағын пайдаланып, идеясы мен мазмұнын, көркемдігі мен формасы жағынан өзгеше етіп аударды. Алтын Орда дәуіріндегі әлеуметтік жағдайды қисса-дастанға қосып жеткізуі – «Хұсрау-Шырынға» Құтб ақынның енгізген өзгешелігі. Құтб ақын басты кейіпкерлерін әділетті жақтаған, көзі ашық, адамгершілігі мол адам етіп суреттеп, дүниемүлік, атақ-даңққа аса көңіл бөлмегенін көрсетеді. Сондай-ақ адамның жақсы қасиеттерін адалдық, мейірім, мөлдір махаббат, еңбекқорлық, білімділік пен бауырмалдықты шығармада жалау етіп, тәрбиелік, танымдық мәнін арттырады [1, 159-б.].

Низамиде «Хұсрау-Шырын» 7000 бәйіт болып жазылса, Құтбта 4740 бәйіт, 91 тараудан тұрады. «Хұсрау-Шырынның» Алтын Орда дәуірінен жалғыз көшірмесі осы күнге жетіп, қазір сол көшірме Франция елінде Ұлттық кітапханада сақтаулы. Ал оны түпнұсқадан қағазға түсірген Алтын Ордада туып өскен Берке Фақиһ деген қыпшақ ақыны екен. «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын поляк ғалымы А.Зайончковский, одан кейін Е.Э. Бертельс, Ә.Н. Нәжіп, Г.Ю. Алиев, т.б. сияқты ғалымдар түбегейлі зерттеді. Құтбтың «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын қазақ ғалымдарынан зерттегендердің бірі А. Ибатов болды. Ол осы шығармадағы 4400-ден астам сөз бен сөз тіркесіне түсінік беріп, жан-жақты талдап көрсетті [3, 5–6-бб.].

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысында салыстырмалы-тарихи, кешенді, сипаттама, жүйелі талдау, жинақтау әдістері пайдаланылды.

Низамидің «Хұсрау-Шырын» сол кезеңдегі Фирдоусидің, Хафиздің туындыларына қарағанда ерекше сипаттарымен танымал. Бұл ерекшеліктер оның сюжеттік, поэтикалық және философиялық мазмұнына байланысты. Низами махаббатты эпикалық деңгейге көтереді. «Хұсрау-Шырын» махаббат хикаясы болғанымен, саяси, әлеуметтік және этикалық мәселелерді қамтиды. Шырын махаббат объектісі емес, дербес тұлға ретінде көрінеді: ол еркін, батыл және шешім қабылдай алатын әйел бейнесі ретінде суреттеледі. Бұл шығармада махаббат адамды тәрбиелейді, кемелдікке жетелейтін күш ретінде көрсетеді. Оның кейіпкерлері махаббат жолында өзін өзі таниды, өзгереді және рухани өседі.

«Хұсрау-Шырын» қисса-дастанының стильдік және көркемдік ерекшелігі Низамидің эпикалық баяндауды нәзік лирикамен үйлестіруінде. Айқын, нақты сипаттамалар мен психологиялық тереңдікке бай. Ол кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ерекше шеберлікпен ашады. Ал Фирдоусидің «Шахнамасы» көтеріңкі, салтанатты, патриоттық стильде болса, Хафиз поэзиясының стильдік ерекшелігі символизм мен лирикалық тереңдікте.

Әдебиет пәні – оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, рухани дамуына ерекше әсер ететін пән. Айналамыздағы сан түрлі сыр, адам құндылығы, адамгершілік, ізгілік, мінез-құлық, әрбір әрекеттің мәнін білу, шығармадағы айтылған негізгі тақырып пен қосымша қамтылған, қамтитын тақырыптардың, туындының мақсатын, автордың ойын, ұстанымын таныту, көркем шығарма арқылы оқушының дүниетаным белсенділігін арттыру, оқушылардың түрлі ойлау, сезіну қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау – осының бәрі әдебиет пәнінде жүзеге асуы керек әрекеттер [4, 23-б.]. «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқыту барысында осы әрекеттерді қолданып, білім алушыға шығарманы толыққанды меңгерту біздің мақсатымыз болмақ. Яғни «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқыту арқылы білім алушының шығармашылық талғамын өсіріп, шынайылыққа жетелеу, өз ойын еркін айтуға үйрету мақсаты жүзеге асырылмақ.

«Хұсрау-Шырын» XIV ғасырдағы Алтын Орда дәуірінде қоғамдық-әлеуметтік мәселелер қамтылған, өмір шындығы зор шеберлікпен бейнеленген әдеби шығарма екенін айта келе, сабақ барысында әрбір осы айтылған дерекке талдау жасалып дәлелдеген жөн. Қандай әлеуметтік мәселелер мен өмір шындығы көрінеді?

Көркем шығармадағы мәселелерді символ, деталь арқылы талдата отырып, кішкентай нәрседен үлкен ұғымға апару, шығарманың ішкі астарын ашу білім алушыны іздендіреді, қызықтырады. Білім алушының шығарманы түсінуіне түрлі әрекеттер ұйымдастыру мұғалімнің шеберлігін де көрсетеді [5, 207–208-бб.]. Сонымен қатар, осы іспеттес шығармаларды оқи отырып, дүниеге деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады, салыстырма жасау арқылы ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата алу мүмкіндігіне ие болады.

Мақалада әдеби кейіпкерлерді қарастыру барысында әдеби талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Шығарманы өтуде қарастырылатын аса маңызды мәселелердің бірі – шығарманың тіл ерекшелігін талдау. Бұл талдаудың күрделі мәселелерінің қатарына жатады. Егер көркем шығарманың тілі деп автордың тілі мен кейіпкердің тілін ұғатын болсақ, бұл образ – характерлерді танытуда, шығарманың идеясын ашып түсінуде басты қызмет атқарады. Әрбір ақын, жазушының өзіне тән, даралық сипаты бар стиль, тіл өзгешеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның лексикасынан, қолданған троптары мен фигурасының түрлерінен көрініп тұрады (тенеу, эпитет, метафора, әсірелеу, метонимия, арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, т.б.) [6, 56-б.]. Басты кейіпкерлері – Хұсрау мен Шырын. Хұсрау мінезі, табиғаты жағынан күрделілеу бейнеленген образ болғанымен, өмірдің ащы шындығы осы образда көрінеді. Ал Шырын образы керісінше, өте жағымды. Әйел бейнесі арқылы ақын адал жар, ел қамын ойлаған әділ патша, әрі сұлу, әрі ақылды әйелді көрсетіп, шығарманың жағымды кейіпкері етеді. Өзінің даналығымен, махаббатымен Шырын Хұсрауға ықпал етіп, кеңес беріп оны өзгерте алады деген секілді оқушының да ой-пікірін ортаға салып белсенділігін арттырып отырамыз. Осы кейіпкерлерге ұқсас басқа көркем шығармаларда кейіпкерлер болды ма? Шығармадағы басты қаһарман Шырын образына сай келетін Ақжүніс, Гүлбаршын сияқты лиро-эпостық жырлардың кейіпкерлерін естеріне түсіруге болады.

Қисса-дастандағы негізгі оқиғаларды білім алушымен бірге тізбектей отырып, оқушылардың қисса-дастанның мазмұнын толық айтып шығуына жетелеу. Мысалы,

1. Хұсрау мен Шырынның Шапур арқылы бір-біріне ғашық болуы.
2. Ғашықтардың кездесуі.
3. Хұсраудың әкесінің қайтыс болып, дұшпандардың оны таққа отырғызбауы.

Осы сияқты әрі қарай шығарманың негізгі оқиғаларын студенттер толық жазып шыққаны дұрыс. Білім алушыға шығармадағы басты оқиғаларды ажырата білуге үйрету, сөйлеу тілін дамыту– оның келешек өміріне қажетті дағдылар.

Білім алушының кейіпкерлерді талдауы, сол кейіпкерлер бейнесіне деген өз пікірлерін айтуы оның аналитикалық ойын дамытады [7, 108-б.]. Ал мұның барлығы да өмірде керек іс-әрекеттер, яғни адамдардың ішкі жан дүниесін тану арқылы олармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Қоғамға бейімделуді үйреніп, алға қойған мақсаттарына оңай жете алады.

Хұсрау бейнесіне қатысты немесе шығармадан басқа да бірнеше сұрақтар қойып, толыққанды жауап беруге дағдыландыру да оқытудағы бір тиімді әдіс. Хұсрау секілді кейіпкерлер қазіргі заманда бар ма? Хұсрауға бір сөзбен қандай сипат берер едіңдер? деген сияқты жан-жақты ойланта отырып, көркем шығармаға бойлата аламыз. Қисса-дастандағы жанама кейіпкерлер шебер жігіт Фархад, Хұсраудың досы Шапур қандай кейіпкерлер? Олардың қандай қасиеттері бар? Шығарманы талдаған, мазмұнына енген студент қана түсінеді.

Бұл қисса-дастанды әр қырынан көруге, талдауға болады, себебі әр білім алушы әртүрлі қабылдауы мүмкін. Бірі Хұсраудың әрекеті дұрыс емес десе, бірі Фархадқа жақ болуы да

мүмкін. Өйткені әр адамның ойы, дүниетанымы әртүрлі, өресі басқа. Жалпы сөз білім алушының сана-сезіміне әсерін беріп, көңіл күйін де өзгертеді, эмоциясын да қозғай алады. Сондықтан шығармадағы сюжеттер әр адамға әртүрлі әсер етеді. Олардың шығарманы талдауға белсенді қатысуы, бір-бірінің көзқарастарын тыңдауы, кейбір өзі түсінбеген, жұмбақ болған тұстарын айқындап алуына көмектеседі. Білім алушы шығарманы өздігінен оқып, көркем шығармадан тікелей әсер алмайынша, оны талдауға жұмсалатын барлық іс-әрекет нәтиже бермейді.

Көркем шығарманың мазмұнын толық тиімді меңгерудің бір жолы— ол талдау жұмысын жүргізу.

Кез келген көркем шығарманы талдағанда Б. Жұмақиеваның ортақ модулін қолдансақ, «Хұсрау-Шырынды» талдағанда мән беретін компоненттер:

1. «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанының тақырыбы мен идеясы.

Басты образдары, характер, тип, оларды сомдаудағы композициялық құрылым.

Бұл дастанда қандай ұқсас образдар болды? Олардың табиғаты қандай, олардың бас кейіпкермен қарым-қатынасы қалай болды?

Жанама образдар арқылы дастанда қандай тартыстар болды?

2. Шығарманың композициялық құрылымы, олардың формалары, қызметін талдау (пролог, эпилог, баяндау, шегініс, пейзаж, портрет, диалог, монолог, т.б.).

3. Шығарманың сюжетін баяндай келе, шығарма тіліне (баяндау, афоризм, мақал-мәтелдер) талдау жасау. Осы жерде «Хұсрау-Шырын» дастанындағы афоризм, мақал-мәтелдерге тоқталып, қазақша баламаларын таптыруға болады.

«Тең емес қолда он бармақ, біл оны,

Қаншама санаса да бірдей саны» деген жолдары біздің «Он саусақ бірдей емес» деген мағынаны береді. Сондай-ақ «Екі тәтті бір болмас» біздің «Екі жақсы қосылмас», «Жаман кылықтымен отырма» біздің тілде «Жаманмен жолдас болма» [8, 334-б.].

Әдебиет пәні— студенттің сөздік қорын көбейтетін, дұрыс сөз тіркестерін қолданып, ойын жүйелі айтуға, пікірін мағыналы сөздермен әсерлі жеткізуге, шешен сөйлеуге баулитын пән.

Қазіргі мультимедианың дамыған заманында презентациялар мен арнайы дайындалған фильмдерді экраннан көрсетіп отырып оқыту кең қолданылуда. Мұндай мультимедиалық көрнекі құралдарды қолдану оқытудың төрт әрекеті — оқу, айту, жазу, тыңдау әрекеттерін түгел қолданып, оқушының материалды тез игеруіне көмектеседі. Жазбаша тапсырма ретінде кейіпкерлерді өзара салыстыру, сондай-ақ шығарма идеясын анықтау сияқты тапсырмаларды берген жөн. Үй тапсырмасына көркем шығарманы оқытумен қатар, оның аудио нұсқасын тыңдап жүруді қосымша тапсырып жіберуге де болады. Заман талабы сол. Қазір цифрлық құралдар мен ғаламтордың заманы.

Талдау мен нәтижелер

Әдебиетті оқытудағы басты міндет — білім алушының көркем туындыны оқуы мен эстетикалық тұрғыдан қабылдай алуын ұйымдастыра білу. Көркем әдебиет — адамның ғасырлар бойы жасаған өнерінің бірі. «Өнер алды — қызыл тіл» дегендей, әдебиеттің өзіндік ерекшелігін танытып, сөз өнері туралы оқушыға ұғым қалыптастырып, ой-танымына, сезіміне әсер ету бұл әдебиетті оқытудың негізгі міндеттерінің бірі болып қалмақ [3, 6-б.].

Сөз өнерін Низами шығармаларында шебер қолданады. Оның шығармаларындағы риторикалық тәсілдер мен поэтикалық құрылымы қазіргі ақындарға шабыт көзі болып табылады.

Бүгінгі біздің айтып отырған «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанының сюжетіне тоқталсақ, оқиға бас кейіпкерлердің танысуы, бір-біріне ғашық болуы, түрлі сынақтардан өтуі және соңында махаббаттарының жеңісі арқылы өрбиді. Хұсрау сүйіктісі үшін түрлі

қиындықтарды еңсеріп, ақыр соңында Шырынмен қосылады. Шығармада ғашықтардың арасындағы шынайы сезім, адалдық, ерлік пен шыдамдылық тақырыптары айқын көрсетіледі.

Шығарма мотивтері:

1. Махаббат пен адалдық: Екі ғашықтың шынайы сүйіспеншілігі, олардың бір-біріне адалдығы, махаббаттың барлық кедергілерді жеңетіні қисса-дастанның басты мотиві.
2. Сынақ пен күрес: Хұсрау мен Шырынның бақытқа жету жолындағы қиындықтарды жеңу мотиві оқырмандарға шыдамдылық пен батылдықтың маңыздылығын жеткізеді.
3. Білім мен даналық: Кейіпкерлердің өз мақсатына жету үшін ақыл мен даналықты қолдануы Шығыс әдебиетінің тәрбиелік мәнін көрсетеді.
4. Табиғат сұлулығы: Шығармада табиғат көріністері мен Шырынның сұлулығы үйлесімді сипатталып, эстетикалық сезімдерге мән беріледі.
5. Әділет пен ізгілік: Кейіпкерлердің әділеттілікті, мейірімділікті жоғары қоюы олардың адамгершілік қасиеттерін айқындайды.

Сонымен, бұл көркем туындыны оқушыларға оқытып, қабылдату, талдату үшін мынадай әдіс-тәсілдерге тоқталамыз.

1. Үзінділерді оқыту. Мәтіннің негізгі эпизодтарын бөліп алып оқу. Оқылған әрбір үзінді сұрақтар арқылы талданады. Мысалы:

- Кейіпкерлердің әрекеті қандай сезім тудырды?
- Бұл эпизодта қандай құндылықтар көрсетілген?
- Хұсрау мен Шырынның мінезін сипаттаңыз.

2. Келесі тапсырма кейіпкерлерді талдау:

- Хұсраудың батырлығы мен адалдығы.
- Шырынның нәзіктігі мен парасаты.
- Басқа кейіпкерлердің оқиғалардағы рөлі.

3. «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанына әдеби талдауды студентпен бірге жасау:

- Тақырыбы: Махаббат, адалдық, шыдамдылық.
- Идеясы: Шынайы махаббат пен адамгершілік жеңіске жетеді.
- Көркемдік ерекшеліктері: Шығармадағы бейнелі сөздер, эпитеттер, метафоралар.

Қисса-дастанды оқып, талдап болғаннан кейін студенттермен кері байланыс жүргізіледі. Олардың пікірін тыңдау үшін сұрақтар беруге болады:

- Дастанның қай бөлімі көбірек ұнады және не үшін?
- Қиссадан қандай сабақ алдыңыз?

Студенттерді топтарға бөліп топтық жұмыс арқылы да осы шығарманы қорыту жақсы нәтиже көрсетері анық. Бірінші топ Хұсраудың мінезін сипаттайды, екінші топ Шырынның даналығын талдайды, үшінші топ шығарманың жалпы идеясын қорытады. Сабақ соңында үй тапсырмасына Хұсрау мен Шырынның бір эпизодының суретін салу немесе қысқаша сахналық қойылым дайындауды тапсыруға болады. Ал, рефлексия кезеңінде студенттерге өз әсерін, сабақтан үйренгенін шағын жазбаша түрде жаздырған жөн. Бұл олардың сыни ойлау, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін күшейтеді. Ал оқытушыға оқыту әдістерін жетілдіруіне көмектеседі.

Жалпы студенттер «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқып, әдебиет арқылы адамгершілік, эстетика және мәдениеттілік негіздерін меңгереді. Олар шығыс әдебиетінің көркемдік құндылығын түсініп, өз өмірінде қолдануға болатын тәрбиелік мағыналарды қабылдайды. Бұл олардың тұлғалық және рухани дамуына үлкен үлес қосады.

Ғалым, әдіскер Б. Жұмақаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында әдебиетті оқыту әдістерін ауызша оқыту, көрнекі оқыту, практикалық оқыту әдістері деп үш топқа бөледі [7, 69-б.]. Әрине, бұл әдістер бір-бірімен тығыз байланыста, сабақты ұйымдастыруда сабақтасып қолданылып жатады. Бұл жерде ауызша оқытуға баяндау,

мазмұндау, сұрақ-жауап деген сияқты сөйлеу тілін дамытатын әдістер айтылса, көрнекі оқытуға түрлі презентация, оқулық, фильм, аудио тыңдалымдар кіреді. Ал практикалық оқытуға ауызша әрі көрнекі оқытуды бірлесіп қолдану жатады. Бұл әдістердің біршамасын жоғарыда «Хұсрау-Шырын» шығармасына қолдану жолын айтқан болатынбыз.

Ә. Қоңыратбаев өз еңбектерінде ауызша сөйлеуге бағытталған, яғни студенттің сөйлеу тілін дамытатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін айтады [9, 111-б.]. Ауызша сөйлеудің артықшылықтары мол, яғни ол шешендік өнерге жетудің бірден бір жолы, көпшілік алдында қысылмай өз ойын айтуға көмектеседі.

Оқушылардың сөйлеу тілі мен жазба тілін дамыту жолын қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде зерттеп, қарастырған Ә. Қоңыратбаев, А. Көшімбаев, Р. Құтқожина, Қ. Бітібаева, Т. Жұмажанова сияқты білікті әдіскерлер болды. Оқытуға қолданылатын әдіс-тәсіл көп [10, 4-5-б.]. Ағартушы, әдіскер А. Байтұрсынұлы: «Бір әліпбиді оқыту үшін пәлен әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой түрлендіріп қолданғанын сөз қылсақ, әдістерді түгелдеп бола алмас едік», – деп «Қай әдіс мықты?» деген мақаласында жазып кеткен [11, 357-б.]. Мұның ішіндегі сабақ барысында бейне таспаларды, аудиоларды пайдалану, сонымен қатар сұрақ қою арқылы ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және т.б. әдістер студенттердің білімін арттыра түседі. Берген білімі студентке қонатындай жүрекпен оқытқан ұстаздардың әдіс-тәсілдері әрқашан алдыңғы орында.

«Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқытудың заманауи шығармашылық және интерактивті тәсілі – әдеби диалог жасату: студенттерді екіге бөліп, бір топ Хұсраудың, екінші топ Шырынның әрекеттерін қорғайды немесе сынға алады. Сондай-ақ, дәстүрлі сұрақ-жауап әдісі: Хұсрауға неге Шырынға адал болды? Шырынның батылдығы қазіргі заман жастарына үлгі бола алады ма? Бұл жерде айта кететін нәрсе қойылған сұрақтың студентке әсер етіп, оны сыни ойлауға жетелей алатындай болуында.

Әдеби карталар құрғызу да оқытудың маңызды бір тәсілі. Бұл студенттердің оқиғаларды жүйелі түрде талдауына көмектеседі. Алдымен білім алушы қисса-дастандағы оқиғаларды уақыт сызығы бойынша реттеп, әдеби карта жасайды. Кейін әрбір эпизодты қысқаша сипаттап, оны маңызды тұстарымен белгілейді. Әдеби карта мысалы:

1. Шығарманың тақырыбы:

- Махаббат пен адалдық жолындағы күрес.

2. Кейіпкерлер:

- Хұсрау: Патша, адал ғашық.
- Шырын: Сұлулық пен адалдықтың бейнесі.
- Мехин Бану: Ақылды және қолдаушы ханым.
- Шапур: Хұсраудың досы, кеңесші.
- Фархад: Шырынға ғашық тас қашау шебері.

3. Негізгі оқиғалар:

- Хұсраудың патша болуы және Шырын туралы естуі.
- Шырынның сұлулығы мен қасиеттерін көрген Хұсраудың ғашық болуы.
- Шапурдың Хұсрау мен Шырынды табыстыру жолындағы әрекеттері.
- Фархадтың Шырынға ғашық болып, оның жолында тауды қашауы.
- Хұсрау мен Шырынның махаббат хикаясының трагедиялық аяқталуы.

4. Оқиға өтетін жерлер:

- Сарай: Хұсрау патшалығының орталығы.
- Тау: Фархадтың Шырын үшін қаза тапқан жері.
- Шырынның ауылы: Махаббаттың басталған орны.

5. Қорытынды:

- Шығарма адалдық пен шынайы махаббаттың құндылығын дәріптейді.
- Жастарды батылдыққа, сенімділікке, әділдікке шақырады.

Әдеби карта – шығарманың мазмұнын, құрылымын, кейіпкерлерін, негізгі оқиғаларын және идеяларын жүйелі түрде көрсететін визуализация тәсілі. Ол студенттерге шығарманы тереңірек түсінуге және есте сақтауға көмектеседі.

Әдебиет сабағында оқылған материалдарды игертуге, бекітуге онлайн платформаларды қолдану да жақсы нәтиже көрсетуде. Мысалы, Kahoot онлайн платформасы білім алушыға материалдарды қызықты әрі интерактивті түрде үйретуге мүмкіндік береді. Викторина ретінде тапсырмаларды әзірлеп, қатысушылардың жылдам және дұрыс жауап бергеніне қарай ұпай анықталады. Мысалы: Шырын қандай көркемдік символға айналды? А) Еркіндік пен тәуелсіздік В) Байлық пен билік; С) Сұлулық пен махаббат; D) Рухани тазалық.

Шырын Хұсрауға қандай шарт қойды? А) Әділ болуды; В) Тек шынайы махаббатқа негізделген некені; С) Фархадты кешіруді; D) Өз патшалығын басқаруды. Осы сияқты түрлі викторина жасауға болады. Ол шығарманың сюжеті, кейіпкерлері, көркемдік ерекшеліктері мен тақырыптары бойынша сұрақтарды қамтуы мүмкін.

«Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқыту нәтижесінде:

1. Әдеби-эстетикалық талғам қалыптасады:

Шығармадағы көркем суреттеулер, бейнелі тіл және поэтикалық тәсілдер білім алушының әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, эстетикалық талғамын дамытады. Олар поэзия мен прозаның ерекшеліктерін түсініп, әдеби мұраның құндылығын сезіне бастайды.

2. Моральдық-этикалық тәрбиелеу:

Дастан арқылы білім алушы адалдық, сүйіспеншілік, мейірімділік, табандылық сияқты құндылықтардың маңыздылығын түсінеді. Кейіпкерлердің әрекеті балаларды әділ болуға, қиындықтардан қорықпауға және адалдықты сақтауға үйретеді.

3. Мәдени және тарихи сананы дамыту:

Шығарма арқылы білім алушы шығыс мәдениеті мен әдебиетінің бай мұрасымен танысып, тарихи оқиғалар мен ұлттық құндылықтарды тануға мүмкіндік алады. Бұл олардың мәдени санасын кеңейтеді.

4. Сезімталдық пен эмоционалдық тәрбиелеу:

Шығармадағы кейіпкерлердің сезімдері мен оқиғалары білім алушыны эмоциясын түсініп, сезімталдыққа баулиды. Бұл олардың басқалардың жағдайына жанашырлықпен қарауға, эмпатияға үйренуіне көмектеседі.

5. Шығармашылық қабілетті дамыту:

Қиссаны талдау барысында білім алушыларға өз ой-пікірін жазу, мазмұнын баяндау немесе шығармашылық тапсырмалар беру арқылы олардың ойлау, жазу және өнерге деген қызығушылығын дамытуға болады.

6. Күрделі мәселелерді түсіну:

Шығармада көрсетілген сынақтар мен қиындықтар білім алушыларға өмірдегі күрделі жағдайларды дұрыс қабылдауды, сабырлы болуды және шешім қабылдауды үйретеді.

7. Тілдік дағдылардың жетілуі:

Қиссаны оқыту барысында білім алушылардың сөздік қоры, әдеби тілде сөйлеу және өз ойын көркем жеткізу қабілеті дамиды.

Ал енді шетелдік тәжірибеге келетін болсақ, К. Каламис Рубел мен У. Ланеметес өздерінің мақаласында мазмұнды таңдау және оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде әдебиетті оқытуды жобалау драма, театр, мұражайға бару, студенттердің өзіндік әдеби шығармаларын жариялау, жатқа оқу байқаулары және «жасырын оқу жоспарының» басқа элементтерін пайдалану арқылы үнемі өзгеріп отыратын заманауи оқу орталарында байытылуы мүмкін екенін айтып кеткен. Бұл білім берудегі жетістіктерге ұмтылудың жаңа көзқарастары туралы түсінікті көрсетілген Ұлттық оқу бағдарламасымен үйлесімде бере алады және студенттердің жеке тұлғаны дамыту мен жеке басын қалыптастыру құралы ретінде әдебиетті оқуға және түсінуге деген қызығушылығы мен ынтасын қайта тудыратынын меңзейді [12]. Бұл жерде

яғни әдебиет сабағында сыныптан тыс қызметтерді қосу арқылы, студенттердің әдебиетке деген қызығушылығын арттыру жайлы сөз қозғалады. Әртүрлі мәдени іс-шаралардың да әдебиет пәнін оқытуда тигізер ықпалы да мол болмақ. Шетел оқытушыларының осындай тәжірибесі біздің еліміздің де әдістемелеріне ұқсас болып келеді.

Келесі бір мақалада заманауи батыстық білім беру жүйелері Дж. Биестаның сөзімен айтқанда, «күшті, қауіпсіз және болжауға болатын» және сайып келгенде, «қауіпсіз» білім беруге арналған бақылау мен бағалау ландшафты ретінде сипатталған. Дж. Биеста әлсіздікке қарсы шығып, құнды деп атауға лайық білімнің негізгі белгілері ретінде болжау мүмкін емес және белгісіз тәуекелдерге назар аударады. Бұл мақалада И. Линделл әдебиетті оқыту контексінде осы әлсіз көзқарасты алға тартады. Оның талдауына жетекшілік ететін сұрақ: Өлшенбейтін нәрселерді қолжетімді және бағаланатын ету үшін практикалық тәсілді қалай жасауға болады? Дж. Биестаның кейбір тұжырымдамаларын әдебиетті оқытудың практикалық ойларына және студенттердің нәтижелерін бағалауға қолдана отырып, И. Линделл әдебиетті оқытушыларға білім берудің ашықтығы мен өлшенетін нәтижелерге қойылатын талаптарды жүктегенде туындайтын шиеленісті анықтайды: әдеби білім беруде нәтижелерін алдын ала анықтаған дұрыс. Осыған орай И. Линделл «Тәуекелді» қалай қабылдауға және оқытуға болатынын зерттеу үшін әдебиет сабағында Дж. Биестаның кейбір тұжырымдамалары мен идеяларын қолдану идеясын ұсынады. И. Линделл өлшенетін репродуктивті білімге аз назар аударатын әдеби білім берудегі қатынасқа негізделген тәсілге жүгінудің орнына, әдебиетті метакогнитивтік әрекет ретінде оқу және бағалау жағдайын күшейтуді мақсат етеді [13]. Осы сияқты заманауи шетелдік тәжірибені қолдану да әдебиет пәнін оқытуда септігін тигізери сөзсіз. Демек сабақ барысында әрбір студентті дұрыс бағалаудың маңызы да зор, яғни оқытушы әр студентке барынша назар аударып, оның жетістіктерін айқындап, мысалдар арқылы қорытындыласа студенттер жоғары мақсаттарға ұмтылады.

Сонымен, әдебиетті оқытудың басты мақсаты – білім алушының сөз өнерінің қырсырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа, т.б. тәрбиелеу. Әдебиет пәнінің ауқымы да, мүмкіндігі де, маңызы да ерекше болып келеді. Мектепте оқытылатын қай пән болмасын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны, атқарар маңызы да бар. Дегенмен де әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады [14, 8-б.]

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінен бізге жеткен «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанының білім алушыға берер таным-тәрбиелік мәні зор. «Хұсрау-Шырын» қисса-дастанын оқыту тек әдеби шығарма талдау емес, ол білім алушыны адамгершілікке, ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзіндің ойлауға және рухани бай болуға баулу. Бұл шығарма олардың өмірлік көзқарасын кеңейтіп, жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Әдебиет пәнінде көркем шығарманың мазмұнын ашып, мән-мағынасын білім алушыға түсіндіріп, қисса-дастанда қолданылған көркем сөздерді құлағына құйып, сөздік қорына енгізіп жіберу оқытушының шеберлігінде. Бұл мақалада тиімді оқытудың жолдары көрсетілді. Яғни осы әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы әдебиет пәнін анағұрлым қызықты әрі оқушылар мен студенттер түсінетіндей етіп оқытуға болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әрбір көркем шығарманың оқушыға берері мол. Соны өз деңгейінде жеткізу, оқыту дағдыларын орнымен қолданып, білім алушының қызығушылығын оятып, көркем шығармаға құштарлығын арттыру оқытушының міндеті. Бұл мақалада әдебиет пәнінде «Хұсрау-Шырын» іспеттес шығармаларды қалай оқыту керектігі жайлы айтылған, әрбір әдебиет пәнінің оқытушысы өз сабағында жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді пайдалана алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жанұзақов Қ.Т., Үсеева Б. Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі қисса-дастандар және «Хұсрау Шырын» дастаны // ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. – 2015. – №6(158). – Б. 58–64.
2. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Астана: Елорда, 2001. – 223 б.
3. Akhmetova E., Dautov G.F., Hajrullina A.S. The Concepts of Statehood and the Ideal Ruler in the Golden Horde Literature: The Husraw and Shirin of Qutb // Journal of Islamic thought and civilization. – 2022. – №2. <https://doi.org/10.32350/jitc.122.01>
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 283 б.
5. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 124 б.
6. Рүстемова Ж.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Қарағанды: Ақнұр, 2019. – 164 б.
7. Жұмақаева Б. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
8. Қыстаубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Онер, 2010. – 344 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
10. Ақшолоақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1993. – 209 б.
11. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 151 б.
12. Kalamees-Ruubel K., Läänemets U. Teaching Literature In and Outside of the Classroom. Procedia // Social and Behavioral Sciences. – 2012. – Vol. 45. – P. 216–226.
13. Lindell I. Embracing the Risk of Teaching Literature // Educational Theory. Issue 1: Symposium: Education and Risk. – 2020. – Vol. 70. – P. 43–55.
14. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 288 б.

REFERENCES

1. Zhanuzaqov Q.T., Useeva B. Altyn Orda dauiri adebietindegi qissa-dastandar zhane «Husrau Shyryn» dastany [Tales and sagas in the literature of the Golden Horde era and the epic “Khusrau-Shyryn”] // QazUU habarshysy, Filologia seriasy. – 2015. – №6(158). – B. 58–64. [In Kazakh]
2. Qyraubaeva A. Ezhelgi dauir adebieti [Literature of antiquity]. – Astana: Elorda, 2001. – 223 b. [In Kazakh]
3. Akhmetova E., Dautov G.F., Hajrullina A.S. The Concepts of Statehood and the Ideal Ruler in the Golden Horde Literature: The Husraw and Shirin of Qutb // Journal of Islamic thought and civilization. – 2022. – №2. <https://doi.org/10.32350/jitc.122.01>
4. Bitibaeva Q. Adebietti oqyty adistemesi [Methods of teaching literature]. – Almaty: Rauan, 1997. – 283 b. [In Kazakh]
5. Koshimbaev A. Qazaq adebietin oqyty metodikasy [Methods of teaching Kazakh literature]. – Almaty: Mektep, 1969. – 124 b. [In Kazakh]
6. Rustemova Zh.A. Qazaq adebietin oqyty adistemesi [Methods of teaching Kazakh literature]. – Qaragandy: Aqnur, 2019. – 164 b. [In Kazakh]
7. Zhumaqaeva B. Qazaq adebietin oqyty adistemesi [Methods of teaching Kazakh literature]. – Almaty: «Qyzdar universiteti» baspasy, 2015. – 242 b. [In Kazakh]
8. Qystaubaeva A. Shygystyq qissa-dastandar [Oriental stories-epics]. – Almaty: Oner, 2010. – 344 b. [In Kazakh]
9. Qonyratbaev A. Adebietti oqyty metodikasy [Methods of teaching literature]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [In Kazakh]
10. Aqsholaqov T. Korkem shygarmaga taldau zhasau [Analysis of a work of art]. – Almaty: Mektep, 1993. – 209 b. [In Kazakh]
11. Baitursynuly A. Til taglymy [Language education]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 151 b. [In Kazakh]
12. Kalamees-Ruubel K., Läänemets U. Teaching Literature In and Outside of the Classroom. Procedia // Social and Behavioral Sciences. – 2012. – Vol. 45. – P. 216–226.
13. Lindell I. Embracing the Risk of Teaching Literature // Educational Theory. Issue 1: Symposium: Education and Risk. – 2020. – Vol. 70. – P. 43–55.
14. Bitibaeva Q. Adebietti oqytudyn innovacialyq adistemesi, tehnologiasy [Innovative methodology, technology of teaching literature]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – 288 b. [In Kazakh]

УДК 378.1; ГРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.228>**И.Ш. АБИШЕВА** *PhD докторант Павлодарского педагогического университета им. Ә. Марғұлан
(Казахстан, г. Павлодар), e-mail: abishevaish@pspu.kz*

ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОВНЯ ГРАМОТНОСТИ В ОБЛАСТИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА У ОБУЧАЮЩИХСЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

Аннотация. В статье был изучен уровень грамотности в области искусственного интеллекта (ИИ) обучающихся направления STEM-образования Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан. Цель исследования – определить уровень грамотности в области искусственного интеллекта у студентов педагогических вузов перед внедрением курса «AI – STEM» для формирования грамотности в области искусственного интеллекта при реализации STEM-образования. В ходе исследования был определен уровень грамотности 133 студентов, в том числе знание ИИ, применение ИИ, оценивание ИИ, этика ИИ. Уровень грамотности ИИ проверялся с помощью четырех гипотез: первая гипотеза у студентов низкая грамотность в области искусственного интеллекта; вторая гипотеза студенты, обучающиеся по специальности информатика, имеют более высокую ИИ-грамотность, чем студенты, обучающиеся по другим специальностям; третья гипотеза уровень ИИ-грамотности у мужчин выше, чем у женщин; четвертая гипотеза студенты, использующие персональный компьютер для выполнения домашних заданий, обладают более высоким уровнем ИИ-грамотности.

Данное исследование может помочь в разработке «AI-STEM» курса, направленного на повышение грамотности в области искусственного интеллекта. Использование технологий искусственного интеллекта в STEM-образовании формирует и повышает уровень грамотности студентов в области искусственного интеллекта.

Ключевые слова: грамотность, искусственный интеллект, ИИ грамотность, уровень ИИ грамотности, STEM образование.

И.Ш. Абишева*Ә. Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Павлодар қ.), e-mail: abishevaish@pspu.kz*

Педагогикалық ЖОО білім алушылары арасында жасанды интеллект сауаттылық деңгейін анықтау

*** Цитируйте нас правильно:**

Абишева И.Ш. Определение уровня грамотности в области искусственного интеллекта у обучающихся педагогического вуза // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2025. – №2 (136). – Б. 512–523. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.228>

***Cite us correctly:**

Abisheva I.Sh. Opredelenie urovnia gramotnosti v oblasti iskusstvennogo intellekta u obuchaiushihsia pedagogicheskogo vuza [Determining the Level of Literacy in the Field of Artificial Intelligence among Students of a Pedagogical University] // *Iasaui universitetinin habarshysy.* – 2025. – №2 (136). – В. 512–523. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.228>

Дата поступления статьи в редакцию 03.10.2024 / Дата принятия 30.06.2025

Аңдатпа. Бұл мақалада Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінде STEM білім беру бағытында білім алушылардың жасанды интеллект (ЖИ) сауаттылығы деңгейі зерттелді. Зерттеудің мақсаты – педагогикалық ЖОО білім алушылары арасында STEM білім беруді іске асыру кезінде жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру үшін «AI – STEM» курсы енгізбес бұрын, білім алушылардың ЖИ сауаттылығы деңгейін анықтап алу. Зерттеуде 133 білім алушының ЖИ сауаттылық деңгейі анықталды, оның ішінде ЖИ туралы білуі, ЖИ қолдануы, ЖИ бағалауы, ЖИ әдебі. ЖИ сауаттылық деңгейі төрт гипотеза қою арқылы тексерілді: бірінші гипотеза – студенттердің жасанды интеллект сауаттылығы төмен; екінші гипотеза – «Информатика» мамандығында оқитын студенттердің ЖИ сауаттылығы басқа мамандықтарда оқитын студенттерге қарағанда жоғарырақ; үшінші гипотеза – әйел адамдарға қарағанда, ер адамдардың ЖИ сауаттылығы жоғары болады; төртінші гипотеза – үй тапсырмасын жасауда дербес компьютер қолданатын студенттердің ЖИ сауаттылығы деңгейі жоғарырақ.

Бұл зерттеу ЖИ сауаттылығын арттыруға бағытталған «AI-STEM» курсты әзірлеуге көмектесуі мүмкін. Яғни, STEM білім беруде жасанды интеллект технологияларын қолдану білім алушылардың жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастырып, деңгейін арттырады деп тұжырымдайды.

Кілт сөздер: сауаттылық, жасанды интеллект, ЖИ сауаттылығы, ЖИ сауаттылық деңгейі, STEM білім беру.

I.Sh. Abisheva

*doctoral student, Higher School of Natural Sciences,
Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan,
(Kazakhstan, Pavlodar), e-mail: abishevaish@pspu.kz*

Determining the Level of Literacy in the Field of Artificial Intelligence among Students of a Pedagogical University

